

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

**С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БІРЛЕСКЕН
ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

**С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНА**

КІТАПХАНА ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

ПАВЛОДАР, 2011

УДК 02 (031)

ББК 78,3я2

С 11

Шығаруға жауапты:

Шахметова Ш.Б.

Редакция алқасы

Жиенбаева М.Ә., Шахметова Ш.Б., Құдайбергенова Г.Ә.,
Жанкаринова С.А., Байжанова Б.Б., Ермакова Т.Б., Иванова Г.Е.,
Исакаева М.Ж., Гончарова М.Л., Сүлеева Ғ.З., Омарова Б.М.,
Казанцева А.А., Жүнісова К.Э., Жылқыбекова А.А., Батталова Қ.Б.,
Шайкенова Н.Г., Қажыбаева Ж.К.

С 11 С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана: кітапхана
энциклопедиясы = Областная библиотека им. С. Торайғырова: би-
блиотечная энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 258 б. – қазақша,
орысша.

ISBN 9965-08-602-8

ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және С. Торайғыров атындағы облыстық
кітапхананың 115 жылдығына орай басылған «С. Торайғыров атындағы кітапхана»
атты кітапхана энциклопедиясында екі тілде кітапхананың тарихы фактілерде,
оқиғаларда және адмадарында көрсетілген. Кітапханашыларға, мәдениет меке-
мелерінің қызметкерлеріне, өлкетанушыларға, оқушылар мен студенттерге, оқыр-
мандардың кең тобына арналған.

УДК 02 (031)

ББК 78,3я2

ISBN 9965-08-602-8

© С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана, 2011

Құрастырушыдан

Кітапхана энциклопедиясының шығарылымы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың 115 жылдығына арналған. Павлодар Ертіс Өңірі – бұл мәдениеті жоғары әлеуетті аймақ, онда 275 көпшілік кітапхана, екі кәсіби театрлар, әр бағдардағы ондаған мұражайлар, көптеген тарихи ескерткіштер мен сәулеттер бар. Осы қатарда С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана ерекше орын алады. Кітапхана тарихында біздің елдің жеңіл емес тарихы байқалады: уездік қала өмірі, бірінші әлемдік соғыс, революция, азаматтық соғыс, коллективтендіру, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, тоқырау жылдары, қайта құру, Тәуелсіз Қазақстанды құру. Өзінің ұзақ тарихында, облыстық кітапхана кітап қазынасына айналды. Кітапхана авторлар құрамы, тақырып мазмұны, басылып шығу жылдары бойынша бірегей кітап жинағын құрды. Жергілікті және өлкетану басылымдары ерекше тиянақтылықпен жиналады. Кітапхананың әмбебап қоры 700 мың данадан астам. Онда қазақ классиктерінің шығармалары, қоғамдық-саяси әдебиет, философия, тарих, тілтану, әдебиеттану, өнер бойынша және өлкетану тақырыбындағы әдебиеттер толық көрсетілген.

Әр кітапхананың өз келбеті мен стилі бар. Біздің кітапхананың ерекшелігі жаңа технологияларда ғана емес, оның ғасырлық тарихы мен бай дәстүрінде. Шығармашыл, пікірлес ұжым қалыптасқан. Кітапхана әр уақытта тұрақты ізденісте.

Бұл басылымда екі тілде кітапхананың тарихы фактілерде, оқиғаларда және адамдарында көрсетілген. Материалдар алфавит бойынша топталған. Қосымша аппаратына оқиғалар хронологиялық көрсеткіші, есімдер көрсеткіші және қысқарту сөздігі енді. Кітапханашыларға, мәдениет мекемелерінің қызметкерлеріне, өлкетанушыларға, оқушылар мен студенттерге, оқырмандардың кең тобына арналған.

ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНА ТАРИХЫНАН

Павлодар облыстық кітапхананың тарихы XIX ғасырдың соңынан басталады, ол кезде Павлодар уездік орталығы болып Семей губерниясының құрамында болған. Павлодардың дамуына А.И. Деров, А.С. Сорокин, Нияз Айтыкин көпестер өз үлестерін қосты. Ең алғашқы қаладағы мәдени мекеме 1892 жылы ашылған қоғамдық кітапхана еді. Кітапхана 1-ші гильдиялық көпес Артем Иванович Деров пен басқа да жергілікті меценаттардың қаржысына салынды. Қорды толықтыру мен жабдықтау қаржысы қайырымдылық кештерінен жиналды.

Кітапхананы № 3 Мещанскі тұйық көшесіндегі (қазіргі М. Есенәлиев көшесі) «Дворяндық жиналыс» ғимаратына орналастырды. Ашылу кезінде кітапхана қызметінің ережелері жазылған устав қабылданды. Онда «халыққа кітапхананың ішінде оқуға рұқсат етілмейтіндігі, тек кітаптарды үйге алып пайдалануға болатындығы» жазылған. Әдебиеттер дүйсенбіден бейсенбіге дейін сағат 14.00-ден 18.00-ге дейін берілді. Жазылу кезінде «кітапханаға таныс, сенімді тұлғамен» алмастыруға болатын 3 сом кепілдік салынған. Оған қоса кітап пайдаланғаны үшін 60 тиын көлемінде төлем ақы алған. Тегін пайдалануға қала басқармасы куәлігі бойынша үш кластық училищенің кедей түлектері ғана құқылы болған.

1896 жылдан бастап кітапхана уездік аталды және осы күн облыстық кітапхананың жасын анықтауға, әрі мерейтойларын мерекелеуге негіз болды.

Уездік кітапхана қоры 5475 дана кітап пен журналдан құралды. Қалалық бюджет тапшылығынан кітапхананың жаңа кітаптарға деген сұранысын қамтамасыз ете алмады. Бірақ «оқу-тәрбие жұмысы» бойынша мақала шығындарына, жыл сайын мерзімді басылымдарға 100 сом бөлінді.

1925 жылдың басында Павлодар уездінде 92 мәдени ошақ жұмыс істеді, оның ішінде: уездік орталық кітапхана; Екібастұз, Баянауыл, Песчан болысы Федоровка поселкесінде, Володар болысы Вознесенка поселкесінде, Алексеевка және Ертіс ауданында 6 аудандық кітапхана; 64 оқу үйі, 1 кино-театр, 3 клуб, 16 халықтық үй, 1 театр бар.

Сол жылдың соңында ликбез пункттері, қызыл бұрыштар, жылжымалы кітапханалар және басқаларды қосқанда мәдени – саяси – ағарту мекемелері 300-ге тарта болды. Оқу үйлерін ұйымдастыру кең тарап, олардың саны 114-ке дейін өсті. Оқу үйі стационарлы, көшпелі және жартылай көшпелі болып бөлінді. Болыстық оқу үйі уездік кітапханадан алынатын 30-40 данадан жылжымалы жинақтарды кең қолданды. Уездік кітапхананың ұсынысы бойынша келесі жылжымалы кітапхананы толықтыруға әр басылымға пікір жинады.

Павлодарда уездіктен басқа Жұмысшы клубы, Су жолын бақылаушылар клубы мен Теміржолшылар клубы жанында кітапханалар жұмыс жасады. 1925 жылы айтылған кітапханалар уездікпен бірігіп, бірлескен кітапхана құрды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Павлодар облыстық кітапханасы бірнеше рет көшіп (1938 ж. Павлодар облысының құрылуына байланысты статус берілді), қаһаған қыстың аязында жылусыз да қалды. Соған қарамастан кітапханаға жұмсалған асқан күштің нәтижесінде, қорды сақтап, толықтырып отырды, кітап тасу жолымен үйлерге барып қызмет көрсету жақсарды, кадр 4 қызметкерден құралды. Халықты майдандағы және тылдағы оқиғалармен таныстыруға, алғаш рет кітапханашыларға көмек болатын газет кесінділерінен папкалар әзірленіп, журнал мақалаларының картотекасы дайындалды.

1937-ден-1947 жылға дейін уездік, одан кейін облыстық кітапхананы Т. Байділдин, В.П. Ветрова, Иванова, Коваленко, Рыжко, Фатфуллина басқарды. 1947 жылы И.Д. Бурилов директор болып тағайындалуымен, соғыстан кейінгі жылдары жұмыстың мазмұны түбірімен өзгерді. XX ғасырдың I онжылдығында салынған бұрынғы көпес Тумашевтың үйі 1948 жылы кітапханаға берілді. Керемет сәулет ескерткіші болған, бұл I қабатты ескі үйде облыстағы басты кітапхана елу жылдай орнықты. Қазіргі таңда облыстық кітапхананың балалар бөлімі орналасқан.

1951 жылы ОБФК-на В.И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапхананың абоненті болды және 11 кітап алды. Бірінші рет аудандық және қалалық кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін арнайы жоспар құрастырылып, әр қайсысына 7 аталым әдістемелік материалдар жіберілді, қалалық, ведомстволық, мектептік және партиялық кітапханалар үшін семинар өткізілді. Ермак мәдени – ағарту училищесі (Аксу қ.) ашылғанға дейін кітапхана жанынан Павлодар аймағында ауылдық кітапханашылар даярлайтын кітапханалық оқушылық курсы ұйымдастырылды.

Жылжымалы кітапхана жұмысы үшін бірінші рет ГАЗ-51 автомобилі алынды және Рахимбабин Слям «автомобиль-кітапхана меңгерушісі» міндетіне бекітіліп, көп жылдар қызмет етті.

1957-ден – 1985 жылға дейін облыстық кітапхананы И.И. Айзенберг, С.Ф. Кирисова, Л.З. Шаманина, Л.С. Лямзина, Л.М. Грезина басқарды. Кітапхана осы отыз жылға жуық тарихында өлкенің шежіресі Павлодар аймағында үлкен индустрияның қалыптасуы мен дамуынан тыс қалмады.

Тың игерушілерге Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен посылкамен кітаптар жіберді, бір бөлігі кітапханаға сыйға тартты. Кітапхана кітап

сыйлау дәстүрінің арқасында білімнің әр саласындағы сирек кездесетін кітаптармен толықты.

Өлкенің қарқынды өзгеру кезеңінде облыстық кітапхана мен зиялы қауым өкілдері арасында тығыз байланыс орнаған. 1955 жылы Сергей Музалевский басшылығымен журналистер П. Васильев атындағы әдеби-бірлестік шығармашылық одақ құрды, алғашқы мәжілісі облыстық кітапханада өтті.

1959 жылдан бастап кеңестік жазушы Н.А. Островский атындағы облыстық кітапхана «ауданы бойынша мүлдем жарамсыз» ғимаратта болды. Мәдениет Министрлігі үшін дайындалған ақпаратта: «Абонементке адамдар жиналғанда каталогпен оқырмандардың жұмыс істеуіне мүмкіндік жоқ. Оқу залында отыратын орын жетпеуінен оқырмандар тұрып оқиды, кейбіреуі кетіп қалуға мәжбүр болады», – деп бірнеше рет айтылды.

Басты кітапхана – ғимараттың жұмыс жасауға қолайсыздығына қарамастан, өзінің негізгі міндеттерін жүзеге асырып отырды. Ең алдымен көбейген кітапханалар жүйесінің әдістемелік орталығы ретінде болды. 1963 жылы 4 қызметкерден тұратын әдістемелік бөлімді кеңейту шаралары қолданылды. Одан басқа кәсіподақ, қалық және мектептік кітапханаларды жақсы білетін тәжірибелі, білікті 6 қызметкерден тұратын штаттан тыс әдіскерлер тобы құрылды.

Терең кәсіптік шеберлік шындауға, тәжірибе бөлісуге ғылыми-практикалық конференциялардың маңызы зор болды. 1965 жылы өткен бірінші облыстық конференцияның тақырыбы оқуды басқару мәселесін көтерді. Одан әрі конференциялар 1,5-2 жыл мерзімінде өтіп тұрды.

70 – жылдары кітапхана дамуының бір кезеңі орталықтандыру болды. Оны жүзеге асыру үшін 1975 жылы 24 маусымда Павлодар облыстық халықтық депутаттар Кеңесінің сессиясында арнайы жоспар бекітілді. 1980 жылы облыста жоспарды жүзеге асыру барысында 514 көпшілік кітапхана біріккен 14 орталықтандырылған кітапхана жүйесі құрылды.

Облыстық кітапхана тығыз жағдайда тұрса да, орталықтандыру кезінде өз оқырмандарын ұмытқан жоқ. 70-ші жылдары мұнда көп жылдар бойы халық мойындаған халықтық мәдени университет ашылды. 1976 жылы кітапхана халықтық мәдени университет ұйымдастырғаны үшін КСРО мәдениет Министрлігі дипломымен марапатталды.

Облыстық кітапхана жергілікті әскери бөлімді мәдени қамқорлыққа алды. 70-ші жылдардың соңында кітапхананың Қарулы Күштермен мәдени байланысы басталып, үзілмей әлі де жалғасуда. 1981 жылы облыстық кітапхана бастамасы мәдениет қызметкерлері кәсіподағының Орталық

Комитеті «Құрмет грамотасымен», қаланың әскери бөлімдері бірнеше рет кітапхананы патриоттық тәрбие беру үшін Құрмет грамоталарымен, дипломдарымен марапаттады.

1988 жылы «Қайта құру жағдайында облыстық кітапхана ісін дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында өткен ғылыми-практикалық конференция облыстың мәдени өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары В.А. Шершнева, Қаз. ССР мәдениет Министрлігі кітапхана істері жөніндегі бөлім бастығы И.Д. Мукасева, «Библиотекарь» журналының корреспонденті Л.Х. Иртуганова, облыстық кітапхананың директоры М.Ә. Жиенбаева және т.б. баяндама жасады.

1988 жылы Павлодар облысының кітапханалары Қазақ ССР мәдениет Министрлігі бұйрығына сай біріктіру бойынша эксперимент сатысына енді. Бұрын жеке болған жасөспірімдер мен балалар кітапханасы облыстық әмбебап кітапханасы құрамына кірді. Абонементте жасөспірімдерге қызмет көрсететін кафедра ұйымдастырылды, балалар бөліміне – бұрынғы облыстық әмбебап кітапхананың бас корпусы берілді.

1996 жылы 100 жылдық мерейтойына байланысты бас корпус саяси ағарту үйінің үлкен ғимаратына көшірілді. Сол жылы облыстық кітапхана қазақтың танымал ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың есімімен аталды.

Қазіргі кезде Павлодар облыстық біріккен әмбебап ғылыми кітапхана – барлық жастағы оқырмандарға қызмет көрсететін, аймақтағы ақпаратты, ағартушы, мәдени, компьютерлермен жабдықталған мекеме. Кітап қоры – 700,0 мың қағазды және электронды ақпаратты таратады. Кітапхана жыл сайын 32,0 мың оқырманға қызмет көрсетеді. Кітап беру саны – 1 млн. дана. Аймақта мәдени және зиялы орта қалыптастыру үшін және жауапты міндетті атқаратын білімді де, білгір 55 маман қызмет істейді. 1998 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» мемлекеттік наградасымен марапатталған М.Ә. Жиенбаева 1985 жылдан бастап кітапханаға басшылық етеді.

Облыстық кітапхана Республикада бірінші болып грант алу үшін өтініш беріп, жоба жасауда жұмыс жүргізді. Бұл жұмыс өте нәтижелі болды. 1997-1999 жылдар аралығында кітапхана «Сорос Қазақстан» және «Ашық қоғам «Институты қорының: «Интернет. Электронды пошта», «Аймақтағы үлгілік кітапхана», «Жанашыр» атты гранттарының жеңімпазы атанды. Грант кітапхананың компьютерлік паркін локалді торапқа біріктіруге, пайдаланушылардың Интернетке енуін жүзеге асыруға, электронды каталогқа және Web-сайтқа жұмсалды. «Пушкин кітапханасы» мегажобасына қатысып, Ресей баспасынан шыққан ең жақсы әдебиеттермен, сондай-ақ электронды баспалармен қорды толықтырды.

Кітапхана ісі «Кітапхана және өлкетану», «Экология жизнь», «Жанашыр», «Открытая библиотека», «Библиотека – новые технологии», «Библиотека – центр культуры и досуга», «Шаңырақ» бағдарламаларына бағытталған. Бағдарламаның жүзеге асуына кітапхананың әр бөлімі өз үлестерін қосады. Кітапхананың шығармашылық бастауы «Қазақ тілі» қоғамы, экология және биоресурс басқармасы, ұлттық-мәдени орталықтар, Қ. Сәтбаев атындағы республикалық қордың филиалы, салауатты өмір сүру Орталығы және басқа да әр түрлі ресми және қоғамдық ұйымдардың серіктестерінің қолдауына ие.

БАҚ-ның қызметкерлерімен, И. Байзақов, П. Васильев атындағы әдеби-бірлестік өкілдерімен кітапхана көп жылдар бойы достық қарым-қатынаста.

Кітапхана – Павлодар өмірінің мәдени орталығы. Қала тұрғындарын ретроспективті және жаңа түсімдерге жасалған кітап көрмелері, «Му English», «Наш очаг», «Фиалочка», «Өлкетану», «СӨС» клубтарындағы қарым-қатынас, «Визит» музыкалық қонақжайындағы танымдық кештер, тіл мен әдебиет мәселелерін көтеретін «Тіл өнері» халық университетінде өтетін пікір-сайыс пен лекциялар қызықтырады. Бейнелеу мен қолданбалы өнер туындыларының тұсау кесері өтетін «Айна» галереясынан керемет әсер алады. «Әділет» әлеуметтік-құқықтық ақпарат орталығы құқықтық деректер қорына енуді ұйымдастырады.

1998 жылы кітапхана Қазақстан Кітапханалар қауымдастығына, 2002 жылы Қазақстан кітапханалар Ақпараттық Консорциумға мүше болды. 2003 жылы Қазақстан кітапханалар астанасы байқау қорытындысы бойынша Павлодарда облыстық кітапханалар негізінде «Жаңа ақпараттық қоғамның жаңа кітапханасы. Үлгілік ауыл кітапханасы» атты республикалық конференциясы өтті. Алғашқы рет Қазақстанда үлгілік ауылдық кітапхана (Шарбақты ауданы, Орловка ауылы) тұсау кесер рәсімі өтті.

2000-шы жылдары облыстық кітапхана кітапханаларды ақпараттандыру саласындағы аймақтық саясатты құруға, аймақтық мақсатты бағдарламаларды даярлауға белсенді қатысады.

2004 жылы республикада алғашқы рет С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана әзірлеген, 2004-2006 жылдарға арналған «Ауыл кітапханасы» облыстық бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама мақсаты – ауыл тұрғындарын ақпаратпен, біліммен, мәдени құндылықтармен қамтамасыз ету, ауылдық кітапханаларды ақпаратты, білім, мәдени орталық ретінде дамыту. Жүзеге асыру жылдары 57 ауылдық кітапхана ашылды. Барлық орталық аудандық, қалалық және үлгілік ауылдық кітапханалар компьютерленген. Олар Интернетке шығады, өзіндік деректер қорын құрады,

қорды электронды басылымдармен толықтырады, құжаттарды электронды тасымалдауды жүзеге асырады.

ОӘҒК өткізілетін облыстық семинарлар жаңа технологияларды игеру мәселелеріне және өзекті тақырыптарға байланысты болды: «Павлодар аймағының ақпараттық кеңістігінде кітапханалық сайт», «База данных библиотек области как фактор эффективной реализации информационных технологий на современном этапе», «Облыс кітапханалары: міндеттері және болашақта даму бағыты».

2006 ж. қараша айында Павлодар қ. өткен «Кітапханалар-қоғамның даму және еліміздің бәсекелестігі ресурстық орталығы» республикалық семинарында «Ауыл кітапханасы 2004-2006 жж.» облыстық бағдарламасы жүзеге асыру қорытындылауда ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Е.Қ. Ертісбаев еліміздің кітапханалар қауымдастығы алдында алғашқы рет сөз сөйледі, өз сөзінде «Ауыл кітапханасы» бағдарламасын қабылдау және іске асыру маңызын ерекше атап өтті, бұл бағдарлама Қазақстан кітапханалар саласын жаңартудағы республикалық бағдарламаның пилоттық жобасы болатына ерекше тоқталды.

2006 жылы кітапхана оқырмандары «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылған «Тілтаным» Ресурстық орталығында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін өзінше үйренуге және жетілдіруге мүмкіндік алды.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана 2007 жылы ҚР Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімовтың баратын аймақтың ірі өнеркәсіптермен қатары объектілері тізіміне енді. Оның кітапханаға келуі, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсетіп, жетекші ақпарат орталығы ретінде жұртшылық пен жергілікті басқару билік өкілдері арасында абыройын арттырды. Премьер кітапхана қызметімен танысты, оған облыстағы үлгілік кітапханалардың интерактивтік картасы және «Тілтаным» ресурстық орталығы көрсетілді.

2007 жылы С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Павлодар аймағының ақпараттық кеңістігіндегі кітапханалық сайты» атты облыстық семинары өтті, онда ҚР ҰАК серіктес мекеме ретінде қатысты. Бұл семинар қоғам және кітапханалар арасында үлкен мәртебеге ие болды және кітапханалық практикаға жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және автоматтандыру бойынша көмек беру саласында ҚР ҰАК мен біздің кітапхананың шығармашылық бірлестігінің үлгісі болды.

Облыстық кітапханада, аудандық кітапханаларда электронды үкіметке қоғамдық еркін қол жеткізетін пунктер орнатылды. Кітапхана оқыр-

мандары мемлекеттік басқару органдарынан ақпараттық қызметтік алуға, заң мәтінімен, нормативті-құқық актілерімен танысуға мүмкіндік алды.

Облыстық кітапхананың жаңғыру процестерін Павлодар облысы әкімі Б.Ә. Сағынтаев қолдады. Облыс әкімі кітапхананың базасында аймақтың ақпараттық ресурстық орталығын құру міндетін қойды.

2007-2010 жж. «Павлодар облысының кітапхана саласын үлгілендіру» облыстық бағдарламасы жүзеге асты, оның қорытындысы. 59 үлгілік ауылдық кітапхана, 286 ПК. 2008 ж. қаңтар айында ОБӘҒК сайтының екінші деңгейдегі доменмен жаңа түрі жіберілді – www.pavlodarlibrary.kz.

2010-2011 жылдары облыс кітапханаларының өмірінде елеулі орын алған бірнеше маңызды оқиғалар болды. 2010 жылы «Павлодар облысының кітапханалары: дамудың инновациялық моделі» облыстық семинары ҚР ҰАК қатысуымен өтті, онда кітапханалар қызметінің қорытындысы жасалып 2011 жылғы басты бағыты айқындалды.

2011 жылы Жол картасымен Ак. Сәтбаев көшесі, 104 үй бойынша кітапхана фасады жөнделді, ғимараты жаңартылды,

2011 жылы Қарағанды облысының кітапханашылары біздің ауылдық үлгілік кітапханаларының озық тәжірибелерімен танысу мақсатында қарағандылық делегация облысымыздың Павлодар, Ақтоғай аудандарының, Екібастұз, Ақсу айылдық аймақтарының кітапханаларының, облыстық кітапхананың қазіргі деңгейге сәйкес кітапханалар қызметімен танысты.

ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл тойын мерекелеу аясында Астана қ. ҚР ҰАК «Павлодар облысының кітапханалары: дамудың инновациялық моделі» атты Павлодар облысы кітапханаларының Күні өтті, оған ҚР мәдениет Министрлігі, республиканың облыстық кітапханаларының жетекші мамандары, сонымен қатар Астананың барлық жүйедегі және ведомстволық кітапханалар қызметкерлері қатысты. Республикалық кітапханалық қоғамы бірегей облыстық кітапхана жобасы – Павлодар Ертіс өңірінің электронды әдеби картасының тұсау кесерін жасады, онда Павлодар өңірінің жазушылар мен ақындардың өмірі мен шығармашылығы туралы толық ақпарат берілген. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында шығарылған «Жүсіпбек Аймауытов» библиографиялық көрсеткішінің тұсау кесері, «Павлодар облысы кітапханаларының ақпараттық кеңістігі» атты тренинг өткізілді.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана жұмысында жеткен нәтижелері алға жылжуға, жаңа міндеттер мен перспективалар қоюға мүмкіндік береді.

А

«Album – Альбом» – Облыстық кітапхана қорынан альбомдардың кітап көрмесі: архитектураға, бейнелеу өнеріне, сәулет өнеріне, сәндік-қолтаңдамалы өнеріне; орыс және шетел өнеріне, Қазақстан өнеріне, сондай-ақ әлем музейлеріне, әлемдік өнеріне арналған. Көрме павлодарлықтардың қызығушылығын тудырды, 1999 ж., 2003 ж., 2010 ж. өткізілді. Басылымдардың жалпы саны – 500 данадай.

Art Club – Шетел әдебиетін сүйшілер үшін апталық пікірсайыстық тақырыптық клуб. Шетел бөлімінде 2011 жылы ұйымдастырылған. Сабактарда барлық қатысушыларға өз лебізін толық жеткізуге жағдай жасалған. Клубқа қатысушылар шығармашылықпен жемісті айналысады, олар сурет салады, ән салады, өлең оқиды, өздерін қолөнерінде сынап көреді.

Абонемент – облыстық кітапхананың негізі қаланғаннан, кітапхананың жеке құрылымы болып саналады, оқырманның әдебиетке деген сұранысын үйге оқуға беру арқылы қанағаттандыруға арналған. Бөлімнің негізгі мақсаты: белсенді ақпараттық қызмет көрсету, оқуға тарту және оқырмандарға дифференциалды баспа басылымдарымен қызмет көрсету. Оқырмандар саны 5 мың. Абонемент қорын 100 мың данадан артық кітаптар құрайды:

тарих, философия, жаратылыстану, медицина, денешынықтыру және спорт, әдебиеттану бойынша және көркем әдебиеттер. Оқырмандар назарына 24 журналдар атауы қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған. Бөлімде жасөспірімдер кафедрасы жұмыс істейді (Жасөспірімдер кафедрасы-қараңыз). Қызығушылық бойынша клубтар құрылды: «Айтолқын» клубы қыздар үшін, «Өлкетану» жасөспірімдер үшін және Пікірсайыс клубы (сәйкес айдарлардан қараңыз).

Автожорық – 2008 жылғы 17-25 маусымында Қазақстан кітапханашыларының қатысуымен «Астанаға – кітапханалық отшашу» атты автожорығы өтті. Астананың 10-жылдығына арналды. Ұйымдастырушылар: ҚР мәдениет және ақпарат Министрлігі, ҚР ҰАК және ҚР Кітапханалық ассоциациясы. 24 маусымда автожорық Павлодарға келді. Облыстық кітапханада автожорыққа қатысушылармен кездесу өтті. Оларды дәстүрлі шашумен, арнаумен және Павлодар облысының жас кітапханашылары, жас оқырмандары қарсы алды. Облыс кітапханашылары алдында ҚР ҰАК директоры Р.А. Бердіғалиева, Павлодар мәдениет департаментінің директоры А.М. Қанафина сөз сөйледі. «Павлодар облысының кітапханашылары Астана мерейтойына» атты облыстық семинарында ҚРКА президенті, ҚР ҰАК бас директоры Р.А. Бердіғалиева «Ғалами ойла,

жергілікті іс жаса»атты баяндама жасады, ҚР ҰАК маманы «ҚазҰЭК» жобасымен, облыстық кітапхана «Тілтаным», «Павлодар Ертіс Өңірінің электронды кітапханасы», «Мәдени мұра», «Бірге өмір сүру өнері» жобаларымен таныстырды.

Автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО) – Бағдарламалық-ақпараттық құрал, ол адамның компьютермен байланысын қамтамасыз етеді, ақпарат енгізуге және монитордың экранына, принтер, дыбыс картасы, динамика немесе басқа құралдары арқылы шығаруға мүмкіндік жасайды. Облыстық кітапханада әр жұмыс орны автоматтандырылған, 17 АЖО Ғаламторына кеңжол арнасы арқылы мүмкіндік бар. Кітапхананы пайдаланушылар үшін 31 АЖО ұйымдастырылған, олар ЭК, тілге үйрену құралдарына қолжеткізеді. 2010 ж. барлық пайдаланушыларға WiFi технологиясы негізінде Ғаламторына кеңжол арнасы өткізгіштерінсіз қолжеткізу енгізілді (Қараңыз «WiFi» өткізгіштерінсіз қолжеткізуді).

Автореферат – Ғылыми еңбектің қысқаша нұсқасы, автор дайындаған және шығармамен алдан-ала танысу үшін басылады (мысалы, автореферат диссертациясы). Саясаттану, тарих, социология, педагогика, психология, математика, заң бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар оқу залының қорына

енген. Облыстық кітапхана авторефераттар диссертацияларын негізгі ұстаушы болып саналады. Кітапхана қорында барлығы 20,0 мың дана бар. «Авторефераттар» ДБ 13,0 мың б.ж. енген (Қараңыз «Авторефераттар» ДБ, Авторефераттар қоры, «Автореферат»).

«Авторефераттар» – диссертациялардың авторефераттар ДБ 2001 ж. бастап көрсетілген. 13,0 мың аса жазу қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен тұрады.

Адам құқығы бойынша сандық кітапхана – ҚР Президент жанындағы адамдар құқығы бойынша комиссия сандық кітапханасы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне тегін пайдалануға мүмкіндік береді.

Облыстық кітапхана Адамдар құқығы бойынша сандық кітапхана 2006 жылдың 1 қазаннан бастап жұмыс істейді. Сандық кітапхананың электронды ресурстары қазақ және орыс тілдерінен құралған. Сандық кітапхананың мақсаты: мемлекетпен шығарылатын қоғамдық ақпараттарға ашық қол жеткізу мүмкіндіктерін ашу.

Интернет мекен-жайы: <http://hrc.nabrk.kz>.

Ағымдағы толықтыру картотекасы – Кітапхана тапсырыс жасаған құжаттардың тізімінен тұратын картотека. Қорды толықтыратын құжаттардың келіп түсуін бақылау

үшін жүргізіледі. Кітапхананың кітап қорын толықтыру бөлімі құрады.

Айзенберг Израиль Ионович – 1956-1957 жж. облыстық кітапхананың директоры болған.

«Айна» көркемсурет галереясы – Жас суретшілерді, фотосуретшілерді қолдау және оқырмандарды рухани мәдениетке тарту мақсатында 1999 жылы «Кітапхана – мәдени және демалыс өткізу орталығы» жобасы аясында құрылды. Галереяда Е. Фридлин, А. Ерашов, В. Шишкин, Ж. Амантаева, З. Асылғазина, Е. Завсигалованың алғашқы дербес көрмелері өтті, ал павлодарлықтар Е. Ниязов, Б. Краснянский, А. Шар, Г. Сергеев, В. Высоцкий сияқты және т.б. павлодарлық фотографтардың шығармашылықтарымен танысты.

Айналымдылық – Қараңыз «Қордың айналымы».

«Айтолқын» – Қыздарға арналған клуб 2007 ж. абонемент бөлімі ұйымдастырды. Клубтың мақсаты: әйелдерді оқуға белсенді тарту, семинарлар, тренингтер өткізу, дәрігерлермен және психологтермен кездесулер. Клубта 2-ші қалалық емхананың, 5-ші поликлиниканың, СӨС қалыптастыру Орталығының, қауіптер медицинасы Орталығының, дағдарыс Орталығының мамандары сөз сөйледі. Клуб отырыстары әр түрлі тақырыптарға арналды, олар: «Қазіргі таңдаға әйел: өзін іздеу», «Сұлулық және денсаулық»,

«Жаксы терінің құпиясы», «Бірге болу өнері» т.б.

Айырбастау – резервтік қор – Кітапханалар арасындағы кітап алмасуын іске асырады, ескірген және жоғалған баслымдардың орнын толықтырады, қайталанатын және саладан тыс әдебиеттерді тегін беруді ұйымдастырып, қайта ашылған кітапханалардың алғашқы қорын ұйымдастыруға көмек жасайды. АРҚ толықтырудың қайнар көзі болып, облыстық кітапхана қорында, Павлодар аймақтары кітапханаларында қайта таңдауды жасау процесінде табылған құжаттар болып саналады.

Академик Сәтбаев көшесі – Павлодардағы ең көне көше. 1927 жылдан 2002 ж. дейін Дзержинский көшесі деп аталды. Қаланың ескі бөлігінің бас жол магистралінің бірі. Әлемге әйгілі, Қаз. ССР ҒА алғашқы Президенті, Павлодар облысының тумасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964) құрметіне аталған. Көше бойында ҚР Ұлттық банкі, облыстық әкімшілік және мәслихат, С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана, «Эврика» кітап дүкені, «Қазақстан» қонақ үйі, «Нұртау» қонақжай кешені, Орталық әмбебап дүкені, АҚ «Экспресс», «Центр-кредит» банкі, «Жас ұрпақ» жастар үйі және т.б. орналасқан (Э.Д. Соколкиннің «Біздің қала көшелері» кітабынан).

АКАЖ – 1992 жылы ҚР Ұлттық кітапхана халықаралық MARC стандартына және жазуды құру ержесіне сәйкес Автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін дайындады (АКАЖ – бірінші кезеңі). Бұл бағдарлама тек қана библиографиялық ДБ құру процесін қамтыды. 1994 жылдан облыстық кітапхана бұл бағдарлама бойынша ЭК құруға кірісті.

Акция – Қандай да болса мақсатқа жету үшін жасалатын іс-әрекет. Кітапханалық салада оқуды насихаттау және қолдау мақсатында әр түрлі акциялар пайдалынады. Қазақстанда кітапты пайдаланудың және қолдаудың әйгілі құралының бірі «Бір ел – бір кітап» акциясы (Қараңыз «Бір ел – бір кітап» акциясы).

Ақпарат Күні – Оқырмандарға ақпарат берудің белсенді формасы. Ақпараттық және библиографиялық жұмыс жүйесінің кешенді шарасы, кітапханаға түскен жаңа әдебиеттер туралы ақпарат береді, кітап көрмелері ұйымдастырылады, ақпараттық библиографиялық шолулар жасалады. Қатысушыларға кітаптар, мерзімді басылымдар, электронды басылымдар бойынша шолулар дайындалады. Ғаламтор ресурстар, виртуалды көрмелер және сәйкес тақырып бойынша сайтқа экскурсиялар ұсынылады.

Ақпараттық ресурстар – Нақты ақпаратты алу үшін ұйымдасты-

рылған мәліметтер жиынтығы. Облыстық кітапхананың ақпараттық ресурстары кітаптар, мерзімді басылымдар, электронды ресурстар ретінде оқшауланған және қашықтықтан қол жетімді болып ұсынылған.

Ақпараттық сағат – Көпшілік шараның түрі. Мақсаты – жаңа түсімге немесе белгілі бір тақырып бойынша қысқаша ақпарат беру.

Ақпараттық тізім – Кітапхана қорына жаңа түсім туралы хабарлау мақсатымен жарыққа шығады. Жаңа түсімдер туралы ақпарат барлық ғылым салалары бойынша, тақырыптық бағыттарда беріледі. Мысалы, ұйымдастырушылары өзектілігімен оқырмандар қызығушылығының артуына сай келесі тізімдер даярланды: «Халықты әлеуметтік қорғау», «Балалар құқығын қорғау», «Әлеуметтік серіктестік» және т.б.

Ақпараттық-библиографиялық аппарат (АБА) – Облыстық кітапхананың оқырмандарына қажет ақпараттарды алуға көмек көрсететін дәстүрлі және электронды анықтамалық-библиографиялық басылымдар, кітапханалық каталогтар мен картотекалар жүйесі.

Ақпараттық-библиографиялық бөлім – Облыстық кітапхананың құрылымдық бөлімі. XX ғасырдың 50-жылдары құрылған. Кітапхана оқырмандарына анықтама-библиографиялық және ақпарат-

тық-библиографиялық қызметтерді орындайды, анықтама-библиографиялық аппаратты, мақалалардың жүйелік картотекасын, «Қазақстаника» біріккен картотекасын және т.б. құрастырады, өлкетану тақырыбына арналған библиографиялық құралдардың басым көпшілігін құрастырады («Баспагерлік қызмет» қара); облыстағы библиографиялық қызметті оңтайландыру мақсатымен бағыттаушы және әдістемелік жұмысты орындайды.

Оқырмандардың көпшілік, жеке, және топтық ақпараттандырылуын орындайды, библиографиялық білімді насихаттайды.

Негізі қызметінің түрі – кітапхананың электронды каталогын қалыптастыру. «Мақалалар» деректер базасын, толық мәтінді «Ертістің Павлодар өңірі» базасын қалыптастырады.

2003 жылы бөлім жананда «Әділет» әлеуметтік құқықтық орталығы құрылды. («Әділет» әлеуметтік құқықтық орталығы қара).

Ақпараттық-библиографиялық жұмыс – Қараңыз «Ақпараттық-библиографиялық бөлім».

Ақпараттық-библиографиялық қор – С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың анықтама-библиографиялық аппаратының бөлігі, оған негізгі және директивті сипаттағы материалдар кіреді, анықтамалықтар, және библиогра-

фиялық құралдар (карточкалық каталогтар мен картотекалардан басқа), орындалған анықтамалар қоры.

Ақылы қызметтер – Қосымша қызмет көрсету, кітапхананы тегін пайдалану. Ақылы қызмет ҚР НПА рұқсатымен беріледі. Ақылы қызмет көрсетудің құралдарын кітапхананың дамуына және кітапханалық қызмет көрсетуге жұмсалады: материалды-техникалық базасы бекітуге, инвентарь, заттың баспаға дайындығы, әлеуметтік-мәдени шараларға, байланыс құрылысын төлеуге, кітапхана бөлімдерінің еңбектерін төлеуге пайдаланылады.

«Алма» клубы – Қараңыз «Наш очаг» клубы.

Алфавиттік каталог (АК) – Кітапханалық каталог, онда б.ж. жеке авторлардың фамилиялары, ұжым авторларының атымен немесе құжаттар атымен алфавит бойынша қойылады. Облыстық кітапханада АК XX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап жүргізіледі. Каталогтар залында орналасқан. АК орыс тілінде 1938 ж., қазақ тілінде 1970 ж. жүргізілуде. Авторефераттардың алфавиттік каталогі 1995 ж. жүргізіледі.

Алфавиттік-пәндік көрсеткіш (АПК) – Жүйелі каталогтің көмекші аппараты, жүйелі каталогтегі басылымдар мен басқа да құжаттардың мазмұнын ашатын пәндік

айдарлардың алфавиттік тізбегі жіктеу индексіне сәйкес көрсетілген.

АПК оқырмандардың жүйелі каталогімен қатар құрылды. 2003 ж. АПК электронды каталогіне құрылды, ол тұрақты толықтырылды.

Американдық мәдениет орталығы (АМО) – Американдық орталықтар және бұрыштар – бұл кішкентай кітапханалар, американдық үлгі бойынша құрылған және олардың міндеті өз оқырмандарына және барлық тілек білдерушілерге АҚШ туралы ақпаратты ұсыну, соның арқасында елдер арасында қарым-қатынасты жақсартуға ықпал жасау. Кітапхана оқырмандарына АҚШ әдебиеті, мәдениеті, саясаты, тарихы туралы ақпаратты дайындауда және пайдалануда қажетті көмек көрсету мақсатында, облыстық кітапханада АМО 2008 ж. бастап жұмыс істей бастады. АҚШ Мемдепартаментінің «Американдық Орталықтары және Бұрыштары» бағдарламасына қатысқандықтан кітапхана Орталықты – оқытушыларға, студенттерге және оқушыларға АҚШ елі бойынша кітап қорын, онда 1000 данадан астам кітаптар саналады, СД фильм коллекциясын, журналдар коллекциясын ұсынуға мүмкіндік жасады. АҚШ елшілігі компьютерлер, ноутбук, цифрлі камералар, телевизор, кітап көрмесін дайындау және шаралар өткізу үшін қажетті құралдарды алуға қаражат бөлді. АМО жанында оқушылар үшін

«My English» клубы, «Film Club», «Game Club», «Nev Club», «Sport Club», «Amerikan culture Club» клубтары студенттер және лицей, колледж оқушылары үшін жұмыс істейді. Бұл клубтардың қызметіне, кездесу кештерін өткізуге Әлем Корпусының Волонтерлері белсенді қатысады. Орталықта өткізілген шаралар туралы ақпарат кітапхана және АҚШ Елшілігінің сайттарында көрсетіледі.

«Ана тілі» Облыстық бағдарлама – 2002 ж. облыс әкімшілігінің шешімімен бекітілді. Бағдарлама міндеті: мемлекеттік тілді насихаттау, тілді пайдалануда және дамытуда ақпаратпен қамтамасыз ету, қазақ көркем сөз өнерін, жергілікті ақын және жазушылар шығармашылығын насихаттау, шығармашылық қатынасты жүзеге асыру үшін жағдай жасау, жаңа есімдерді ашу. Бағдарлама аясында «Тіл өнері» халық университеті, аудармашылар мектебі, шешендік өнер мектебі жұмыс істейді (Қараныз сәйкес ұғымды).

Аналитикалық ақпарат – Ақпарат әдістемелік жұмыстағы ажырамас элемент, сараптама мен бақылаудың, жаңашылдықты таратудың құралы, ол уақытындапайда болған қиындықтар мен кемшіліктерді аңғаруға және алдын алуға көмектеседі, әдістемелік орталықтардың және барлық деңгейдегі кітапханалардың байланыс құралы, тәжірибе алмасуға сәйкес болып

ды. Кітапханалық маркетинг және әдістемелік жұмыс бөлімі жыл сайын 100-ден астам сараптамалық анықтама мен ақпараттар дайындайды. Көпшілік кітапханалардың жұмысын сараптау нәтижесінде алынған тәжірибелік Павлодар облысы мәдениет басқармасымен, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен, ҚР ҰАК-мен, ҚР ҰК-мен және басқа да жоғарылауазымды органдармен пайдаланылады. Төмендегі мәселелер бойынша материалдар даярланды: облыстағы кітапханалар жұмысының айлық көрсеткіштері, ауыл кітапханаларының кадрлық құрылымы туралы, облыс кітапханаларының техникалық қамтылуы, кітапхана қызметінің 2011-2015 жж. арналған стратегиялық жоспарлануы облыс ОКЖ-ның кітапханалық қызмет жағдайы және т.б.

Аннотациялау – Ақпаратты қайта өңдеудің аналитикалық-синтетикалық процесі, оның мақсаты құжаттың қорытылған сипаттамасын алу, оның логикалық жүйесін және мазмұнының елеулі жағын ашу. Кітапхананың ақпараттық-библиографиялық бөлімі жұмысында пайдаланады.

Анықтама-библиографиялық апарат (АБА) – Дәстүрлі және лектронды библиографиялық басылымдардың, облыстық кітапханадағы оқырмандарға қызмет көрсеткенде қажетті ақпаратты іздестіру кезінде каталогтар мен карто-

текалардың, жиынтығы. Кітапханадағы АБА алфавиттік және жүйелік каталогтарымен, «Қазақстаника» жиынтық картотекасы, «Павлодар Ертіс Өңірі» өлкетану картотекасы, ЭК және т.б. көрсетілген.

Артықбаев Талғат Қайроллаұлы – 1990 ж.т. Облыстық кітапханада 2011 жылдан жұмыс істейді. «Шетел тілі: 2 шетелдік тіл» мамандығы бойынша ПМПИ-н (2011) бітірген. 2011 ж. – шетел тілдер әдебиеттері бөлімінің кітапханашысы, Американдық мәдени орталығының үйлестірушісі.

Аттестациялау – Қараңыз «Кітапхана қызметкерлерін аттестациялау», «Мекемені аттестациялау».

Аудармашылар мектебі – «Тіл өнері» халық университеті жанында құрылған. Қала мектептеріндегі қазақ тілі және әдебиет мұғалімдерін, мемлекеттік мекемелердегі мемлекеттік тіл аудармашыларын біріктіреді. Мектеп міндеттері: мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыру, іс қағаздарын жүргізуде қазақ тілін ендіру. Сабақтар айына бір рет өткізіледі. Облыстағы тіл білімінде, іс қағаздарын жүргізуде жаңалықтары бойынша айсайын ақпарат күндері өткізіледі.

«Ауыл кітапханасы» – Облыстық бағдарлама. 2004 ж. 23 сәуірден № 35/4 облыстық мәслихат шешімімен бекітілді. Бағдарлама мақсаты – ауылдық кітапханалардың

ақпараттық, мәдениет, ағартушылық орталық ретінде дамуы, ауыл тұрғындарына ақпаратқа, білімге, мәдени құндылықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ету. Бағдарламаның тұсау кесері 2004 ж. қазан айында ҚР Үкіметінің Вице-премьері Б. Әйтімованың, Павлодар облысы әкімі Қ.А. Нұрпейісовтың, республика облыстарының әкім орынбасарларының, ҚР мәдениет департаменттерінің бастықтарының қатысуымен өтті. Бұл бағдарламаның жалпы қаржы көлемі – 252 млн. теңге. Қаржы ауыл кітапханаларын дамытуға, кітап қорын толықтыруға, кітапханаларды автоматтандыруға арналған. «Ауыл кітапханасы» бағдарламасы облыс кітапханаларының алдағы уақытта дамуына импульс берді. Бағдарлама аясында әр ауданда Ғаламторына шыға алатын, меншікті ДБ құратын, электронды басылымдар қорын қалыптастыратын, құжаттарды электронды түрде жеткізетін моделді ауылдық кітапхана айқындалды. Бағдарлама аясында 57 ауылдық кітапхана ашылды. Ауылда кітапхана жүйесін оңтайландыру кезінде күйреген кітапханалар қайтадан қалпына келтіріле бастады, қала мен ауыл арасындағы ақпараттық теңсіздікті жою басталды. Бағдарлама ауылдық кітапханаларға жаңа технологияларды енгізуге бірсыпыра ықпал жасады. «Ауыл кітапханасы» облыстық бағдарламаны жүзеге асыру кезінде 78 ком-

пьютерлер алынды. Облыстың ОКЖ РАБИС бағдарламасы орналастырылды. Бағдарламаны жүзеге асыру жылдары кітап қоры 421,0 мың данаға, соның ішінде мемлекеттік тілде 165,2 мың данаға толықтырылды. Бұл бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесі бойынша Павлодарда 2006 жылғы қазан айында Кітапханалар-елдің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық дамуының ресурстық орталығы» атты республикалық семинар өтті, оған ҚР мәдениет және ақпарат министрі Е.Қ. Ертісбаев қатысты (Қараңыз Ертісбаев Ермұхамет Қабиденұлы). Бағдарлама республика кітапханаларын жаңғыртуға пилоттық жоба болды.

Ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімі – Облыстық кітапхана құрылымының бөлімшесі. 1978 ж. кітапхананың ауыл шаруашылық әдебиеттер секторының базасында құрылған. Қорда 18,0 мың дана кітаптар, 50 атау мерзімді басылымдар бар. Жыл сайын 2,0 мың оқырмандарға қызмет көрсетеді. Бөлім «Экология және өмір» бағдарламасы аясында «Наш очаг», «Фиалочка» клубтарының, «Жасыл планета» эколекторийдің жұмысын жүргізеді. Ай сайын қала кәсіптік лицейлердің оқушыларына кәсіптік сағаттары өткізіледі. Бөлім ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу институтымен, Красноармейка агро-техникалық колледжімен, Павлодар облысы Ертіс экология

департаментімен, облыстық ауыл шаруашылық басқармасымен, Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығымен тығыз байланыста. «Мақалалар» ДБ жүргізеді, Павлодар өңірінің ауыл шаруашылығы туралы кітаптарды сандық форматқа көшірумен айналысады.

Ахметов Сағидолла Жансағынұлы – 1949 ж.т. Облыстық кітапханада 2003 жылдан жұмыс істейді. Павлодар құрылыс-монтажды техникумды (1971) бітірді. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында, «Богатырь» разрезінде, «Водоканал» ЖШС істеген, рационализатор, халық шаруашылығынң жетістіктері көрмесінің дипломдары бар. иеет грамоты ВДНХ-дипломы. 2009 ж. – әкімшілік-шаруашылық қызметі бойынша директор орынбасары. Академик Сәтбаев, 104 және Луначарский, 9/2 көшелерінде орналасқан облыстық кітапхана ғимараттары жұмысын ұйымдастыруда еңбек атқарады. Қауіпсіздік техникасын сақтауына, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне, төтенше жағдайларға жауап береді. Жылу беру, энергия, су құралдары жұмыстарын бақылайды. Құрмет грамоталар, алғыс хаттармен марапатталған.

Ахтамберова Ақжамі Мұқанқызы – 1976 ж.т. Облыстық кітапханада 2001 жылдан жұмыс істейді. Б. Ахметов атындағы Павлодар

педагогикалық колледжін (2004). 2001 ж. оқырмандарды тіркеу және есептеу секторының кітапханашысы. Ойдағыдай «Оқырмандарды тіркеу» және «Іздеу-Тапсырыс» модульі менгерді. «Оқырмандар» ДБ жүргізеді. Кітапханада оқырмандарға қызмет көрсету ережесін түсіндіреді, оқырмандарды кітапхана бөлімдеріне бағыттайды, тәрбиеге, оқырмандардың оқу дағдысына қалыптастырады, мәдениет тәліміне себептес болады.

Ахметова Латифа Әбдірахманқызы – 1953 ж.т. Облыстық кітапханада 1997-2011 жж. жұмыс істеді. Окончила Абай атындағы Семей кітапханалық техникум (1980). 1982-1985 жж. Майқайын балалар кітапханасының кітапханашысы, 1985-1997 жж. Майқайын балалар кітапханасының меңгерушісі. 1997-2002 жж. әдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімінің кітапханашысы, 2002 ж. толықтыру бөлімінің бас кітапханашысы. Кітапхананың қорын толықтыру жұмысына қатысты. Жаңа кітаптардың әмбебап кітапханасының бөлімдерінің инвентарлық кітабына жазып алды. Мерзімді басылымдар картотекасын, ағымдағы толықтыру картотекасын ұйымдастырды және жүргізді. Құрмет грамоталар, аудандық маслихатының, кәсіподағының, мәдениет бөлімінің алғыс хаттармен марапатталған.

«Ашық қоғам» институты – Қараңыз «Сорос-Қазақстан» қоры.

Ә

Әдеби кеш – кітапханаларда жиі қолданылатын көпшілік шаралар түрінің бірі. Кеш оқырманның жазушының (ақынның) өмірі мен шығармашылығы, оны қоршаған әдеби ортасы туралы терең танысуға мүмкіндік алады, жазушының жеке өмірі, оның шығармаларының маңызы туралы әсерлі ойда болады.

Әдеби – музыкалық қонақжай – «Визит» әдеби – музыкалық қонақжай» қараңыз.

Әдебиеттерді есептен шығару – Негізгі қаражаттағы пайдалануға жарамайтын, есептен шығару үшін ресімделетін құжат. Әр актіде қандайда болса бір себептер бойынша есептен шығарылатын құжаттар тіркеледі, олар: ескірген, көнерген, көп дана, оқырмандар жоғалтқан кітаптар. Облыстық кітапхананың бөлімдері жыл сайын әдебиетті есептен шығарумен айналасады.

Әдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімі – Кітапханадағы қорды алфавиттік, жүйелі және ЭК енгізеді, жаңа түскен құжаттарды тез арада жүйелеп, облыс кітапханаларға құжаттарды өңдеу және каталогтарды жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік көмектер көрсетіп тұрады.

«Әділет» әлеуметтік-құқықтық ақпаратты орталығы – 2003 жылдан жұмыс істейді. «Әділет» әлеу-

меттік-құқықтық ақпарат орталығының ақпаратты-құқықтық оқырман қажеттілігін қанағаттандыру, құқықтық мәдениетін тәрбиелеу, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жасалған құқықтық ресми құжаттар қорының негізінде қоғамдық және мемлекеттік құрылымдар, тұрғындар сұраныстарын орындау мақсаты болып табылады.

Орталықтың бағыты – қажетті құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету, қолданушыларға тегін заңдық көмек алу мүмкіндігін жасау. Заңнама және нормативті-құқықтық ақпаратпен толық жұмыс істеу, қолданушылар қажеттілігін қамтамасыз ету үшін толық мәтінді, Қазақстанның барлық заңнамасына қазақ және орыс тілдерінде кіруге болатын, «Параграф», «Заң» электронды құқықтық мәліметтер базасы орталықта бар. Қолайлы іздеу жүйесі, көлемді заңдық құжаттар, «Параграф» және «Заң» МБ жедел жаңартылуы оқырмандардарға тиімді қызмет көрсетуге көмектеседі.

Әдістемелік бөлім (кітапханалық маркетинг және әдістемелік жұмыс бөлімі) – Әдістемелік жұмыс – облыстық кітапхананың негізгі қызметі. Бірінші рет 1951 ж. арнайы жоспар әдістемелік көмек көрсету үшін аудандық және қалалық кітапханаларға құрылды, 7 әдістемелік материалдар жіберілді, қалалық мекемеде, оқушылар

мен партиялық кітапханаларда семинар өткізілді. Ғылыми-тәжірибелік конференция тәжірибенің жалғасуына себепші болды және кәсіптік шеберлікке тереңдетілді. Облыстық конференция бірінші тақырыбы 1965 жылы оқу басқаруымен өткізілді. 1998 ж. ғылыми-әдістемелік бөлімі қайта ұйымдастырылды кітапханалық маркетинг және әдістемелік жұмыс бөліміне, облыстық кітапханаларға координациялық және әдістемелік орталық болды. Облыстағы кітапханалық жұмыстың даму бағдарламасы болашақ және қысқамерзімді тарату мен жетілдіруді бөлім атқарады, кітапханалық тәжірибе мен саясатты көрсету үшін құжаттарды қалыптастыруға қатысу. Бөлімдердің қатысуымен «Ауыл кітапханасы» атты бағдарламасы жетілдірілді, негізгі мақсат: ауыл кітапханасын ақпараттық, мәдени, білімді орталық жағынан дамыту, ауыл тұрғындарына ақпаратқа, білімге, мәдени мұраларға жол ашу. Бөлімнің көмегімен аудандық және модельдік ауыл кітапханаларында сайттар ұйымдастырылды.

Әдістемелік жұмыс – Кітапханалық қызметтің түрі, кітапханалық жұмыстың нәтижесін көтеруге көрсетілген, тәжірибенің көрсету мен жалғастыру, инновация, ғылыми зерттеулердің нәтижесін пайдалану. Облыстық кітапхана – әдістемелік орта мен кітап-

ханалық аймақтық саясаттың қалыптастырудың инициаторы, кітапханадағы тәжірибелік жұмыстың жаңа технологиясын енгізудің координаторлық қызмет көрсетеді, облыстағы кітапхананың ақпараттық қызмет жәрдем жасау, жыл сайын облыстағы кітапхана негізгі қызметінде қатысу, кітапхана ресурсына талдау жасау, консультациялық-әдістемелік көмек көрсету, кітапханашылардың біліктілігін арттыру.

Әдістемелік құрал – Кітапханада көпшілік шараларды өткізуге көмекші құрал. КМ және ӘЖБ жыл сайын әртүрлі әдістемелік ұсыныстар шығарады.

Әйелдер романының салоны – Әйелдер романын сүюшілердің алғашқы кездесуі 2005 жылы Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық бағдарламасының аясында болды. (Кітап мерекесі). Махаббат туралы әдебиетті сүюшілердің кездесулер үнемі кездесулерге айналды, «Визит» әдеби мейманханасында өткізілді. Бағдарламада: махаббат прозасы бастаушыларымен танысу, танымал жазушылардың өмірлік фактілері, слайд-шоу, бейнетұсаукесерлер, «Барлығы әйелдер үшін және әйелдер жайлы» тақырыбы бойынша кітап көрмелері, кинофильмдер қарауы, сұрақ-жауаптар, байқаулар, ойындар.

«Әлемдік кино» киноклубы – (Қараңыз «Movie Clab»).

«Әлемдік көркем мәдениеті» бейнелекторий – Өнер бөлімінде 2002 жылдан істей бастады, студенттер мен оқушылардың белсенді білімін дамытады, өнер әлемін танып, қоғамдағы өз орындарын білуге көмектеседі.

Әлжанова Бекзат Сәбитқызы – 1953 ж.т. Облыстық кітапханада 1980-2005 жж. жұмыс істеген. Новосібір мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1980), Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1984) бітірген. 1974-1977 жж. – Новосібір облысының Суздаль ауылдық кітапханасының кітапханашысы, 1977-1979 жж. – Қашыр ОАК аға библиографы, 1980-1985 жж. – библиограф, 1985-1987 жж. – әдістемелік бөлімінің меңгерушісі. 1987-2005 жж. – кітапханалық жұмыс бойынша директор орынбасары, 2005 жылдан бастап С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің кітапханасында ғылыми-әдістемелік бөлімнің меңгерушісі.

Әміренова Эльмира Жұмабекқызы – 1973 ж.т. Облыстық кітапханада 1996-2008 жж. жұмыс істеген. ПМПИ-ң филология факультетін (1995) бітірген. 1995-1996 жж. – Шарбақты ауданы Чигириновка орта мектебінде мұғалім, 1996-2004 жж. – облыстық кітапхананың абонемент бөлімінің кітапханашысы, 2004-2005 жж. – әдіскер, 2005-2008 жж. – КМ және ӘЖ

бөлімінің меңгерушісі. 2008 ж. басқа саладағы жұмысқа ауысты.

Әндер картотекасы – Мерзімді басылымдарда, жинақтарда берілген әндердің библиографиялық сипаттамасынан тұратын картотека. Библиографиялық жазбалар алфавиттік ретпен орналасқан. Картотека 1990 жылдан бастап жүргізіледі және 2000 жуық карточка енгізілген. Автор, атауы бойынша музыкалық шығармалардың сипаттамасы жинақталған, қазақ тіліндегі әндер жеке берілген. Кітапхананың өнер бөлімі жүргізеді.

Б

«Бабалар сөзі» кітап сериясы – «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы жобаларының бірі, 100 томдық басылым (қараңыз «Мәдени мұра бағдарламасы»). Жоба мақсаты – ғылыми және оқырман қауымына қазақ ауыз әдебиетін жүйелі-толық және түпдеректерінің дәл түрінде көрсету.

Бағдарлама – Бағдарламаның кешенді мақсаты – таңдалған бағыт бойынша ұйымдық жұмыстың жүйелік келісі. Кітапхананың шығармашылық жүгінде әртүрлі көп бағдарламалар бар олар: «Жанашыр», «Тіл өнері», «Шаңырақ», «Кітапхана және өлкетану», «Экология и жизнь», «Библиотека – центр культуры и досуга», «Открытая библиотека» және т.б. Бағдарлама бой-

ынша өткізілетін шаралар әртүрлі әлеуметтік және кәсіби оқырмандар тобын біріктіреді: олар мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, зейнеткерлер, оқытушылар, студенттер мен оқушылар, жұмыссыздар т.б.

Байғабылова Айсұлу Ертайқызы – 1967 ж.т. Облыстық кітапханада 1990 жылдан жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1989), әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1995) бітірген. 1989-1990 жж. – Ақсу қ. орталық кітапханасының, Екібастұз ауданының Ақкөл ауылының кітапханашысы, 1990-1996 жж. – жасөспірім секторының кітапханашысы, 1996 ж. – облыстық кітапхананың абонемент бөлімінде кітапханашы, аға кітапханашысы. Жасөспірімдерге кітапхана қызметінің көрсету жұмысын ұйымдастырады. Жасөспірім жастағы оқырмандарға «Өлкетану» және «Әділет» орталығының аясындағы дебаттық клубтарының жұмысын атқарады. Іс-шаралар өткізуге қатысады. Бөлім қорының ретроконверсиясымен, өлкетану басылымдарын сандық форматқа көшірумен айналысады.

Байжанова Баршагүл Балтағұлқызы – 1967 ж.т. Облыстық кітапханада 2005 жылдан жұмыс істейді. Омбы кітапханалық техникум (1987), АММИ кітапхана

факультетін (1993), ИнЕУ «Педагог-психолог» мамандығы (2004). 1987-1996 жж. – Ертіс АОК балалармен жұмыс істеу әдіскері. 1996-2003 жж. – Ертіс АОК балалармен жұмыс істеу директорының орынбасары. 2003-2005 жж. – Ертіс АОК әдістеме-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі. 2005-2008 жж. – КМ және ӘЖБ сектор меңгерушісі, 2008 жылдан – бөлімнің меңгерушісі. Кітапхана ісін дамыту мәселелері бойынша республикалық, облыстық конференцияларға, семинарларға қатысты. Инновациялық ағарту технологиялар негізінде біліктілікті көтеру мақсатында, Омск қ. «Аймақтық инновациялық орталығында» дәріс алды. ҚР ҰАК, облыстық кітапхананың грамоталармен және алғыс хаттарымен марапатталған.

«Балалар әдебиеті» – ДБ 2009 ж. жеке бөлінді. Облыстық кітапхананың балалар бөліміне түскен барлық кітаптар туралы мағлұмат береді. 20,0 мыңнан аса б.ж. қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде енгізілген.

Балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығы – Бірінші рет 1943 ж. Мәскеуде балалар жазушысы Лев Кассильдің бастамасымен өткізілді. Содан бастап Қазақстанда жыл сайын бұл мерекені атап өтеді. Кітапхананың балалар бөлімінде «Книжкины именины» өткізу дәстүрге айналған: ол театрланған

көріністер, интеллектуалды ойындар, кездесулер, шоулар, конкурстар, викториналар, әңгімелер, оған жүзден аса ұлдар мен қыздар қатысады.

Байділдин Т. – 1937-1938 жж. облыстық кітапхананың директоры болған.

Балалар бөлімі – 1988 жылдан облыстық кітапхананың құрылымының бірі. (Қараңыз «Кітапханаларды біріктіру»). 1988 жылға дейін С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапханасы болды. Құрылған жылы – 1959 ж. 1961 - 1996 жылдары кітапхана Куйбышев көшесі, 77 (қазіргі С. Торайғыров көш.) тұрғын үйінде орналасты. 1996 ж. балалар бөлімі Луначарский 9/2 көшесі бойында орналасты. Кітапханада кішкентайлар үшін абонемент және орта және ересектер үшін абонемент, оқу залы және кітап сақтау бөлімі бар. Балалар бөлімінде 95,0 мың кітаптар және 89 атаулы мерзімді басылымдар қорын 6,0 мыңнан астам жас оқырмандар, олардың ата-аналары пайдаланады. Балар әдебиеті алфавиттік, жүйелі және электронды каталогтарда, «Қазақстан» өлкетану мақалалар картотекасында, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған суреттелген картотекада көрсетілген. Балалар үшін қаланың белгілі адамдарымен кездесулер, театрланған қойылымдар, таңертеңгіліктер, ток-шоулар, брейн-рингтер өткізіледі. Жазғы демалас кезінде жыл сайын

жазғы оқу бағдарламасын жүзеге асырады.

Балалар кітабі – Қараңыз «Балалар кітабі».

Балалар оқуы – Оқу баланы тұлға ретінде дамуға ықпал жасайды. Балалардың оқуы балалар бөлімі жұмысының басты міндеті. Бұл мәселені кітапханашылар отбасымен, тәрбиешілермен, мұғалімдермен бірлесіп шешуді жөн санайды. Балалар бөлімінің серіктері «Рауан», жасөспірім орталығы, облыстық балалар қоры, «Сарыарқа самалы» және «Звезда Прииртышья» облыстық газеттері.

Өткізілетін шаралар балалар кітабін жылжытуға және жас кезінен жақсы кітап оқуды дағдыға айналдыруға ықпал жасайды. Бұған «Отбасы сенімді орта» бағдарламасы ықпал жасайды, оның аясында балалар мекемелерінде жылжымалы оқу залдары ұйымдастырылады. Кітапханада журналистермен кездесу өтеді, облыстық газеттерде «Балаларға арналған бет» айдары бар.

«Балаларға арналған мақалалар» ДБ – 2004 жылдан қазақ және орыс тілінде балалар бөлімі жүргізеді.

«Балаларға арналған электронды ресурстар» – 2001 ж. электронды ресурстар және аудиовизуалдық материалдардың ДБ жеке бөлінді. Балалар бөліміне түскен CD, DVD, аудио және бейне материалдардың б.ж. құрайды.

Басок Фарида Михайловна – 1953 ж.т. Облыстық кітапханада 2001 жылдан жұмыс істейді. ППИ филология факультеті (1976), Абай атындағы Семей кітапханалық техникум (1983). 1976-1978 жж. – Ертіс ауданы Грабов орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі, 1978-1986 жж. – С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапханасы абонент бөлімінің кітапханашысы, 1986-1994 жж. – Чайковский атындағы Павлодар музыкалық колледжінің кітапханашысы, 2001 ж. – облыстық кітапхананың балалар бөлімінің кітапханашысы. Құрмет грамоталар, алғыс хаттармен марапатталған.

Баспа қызметі – Баспагерлік қызмет кітапхана жұмысындағы маңызды бағыт және көпжоспарлы сипатқа ие. Облыстық кітапхананың баспагерлік қызметтегі репертуарына анықтамалық басылымдар иеленеді: «С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапхана – 100 жыл», (1996 ж.), «С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана» ақпар-кітапшасы, (2003 ж.), облыстық кітапхананың 110 жылдығына «С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана» сілтеме қайта басылып шықты (2006 ж.), «В объективе – библиотекари», «Из коллекции областной библиотеки им. С. Торайғырова. Каталог редкой книги», «Призвание – библиотека» басылымдары (кітапхана тарихы және оның

директорларының өмірбаяндары) және т.б. Ең кең тараған баспагерлік қызметтің түрі – библиографиялық және ақпараттық материалдар. Бұл тұлғалардың көрсеткіштері, ғалымдар, көрнекті мәдениет, өнер қайраткерлері еңбектерінің библиографиясы, библиографиялық көрсеткіштер: «Павлодар облысының ғалымдары», «Ертістің Павлодар өңіріндегі ақын-жыраулары», «Павлодар облысының суретшілері», жекелеген көрсеткіштер, ақындар А. Шамкенов, Ж. Аймауытов, ғалым Е. Бекмахановқа, әдебиеттанушы, музыкатанушы Н.Г. Шаферге, журналист Ю. Поминовке және т.б. арналған жадынамалар. Облыстық кітапхана кең көлемде өлкетану материалдарын, есте қалатын күндер күнтізбелерін, өлкетану, тарих, өлке мәдениеті туралы библиографиялық көрсеткіштерді шығарады. 1966 ж. «Что читать о Павлодарской области» атты ұсыныстық көрсеткіш, «Писатели Павлодарского Прииртышья» биобиблиографиялық көрсеткіш, «Золотые звезды павлодарцев» танымал жерлестер туралы жадынамалары шығарыла бастады. 1967 ж. «Павлодар облысында аталып өтілетін және еске алынатын күндер күнтізбесі» шыға бастады 1985 жылы күнтізбе алғаш рет қазақ тілінде жарыққа шықты. Баспа түріндегі өлкетану саласында жарық көрген басылымдар әлі де сұранысқа ие. Олар: «Писатели Павлодарского Приирты-

шья», «Иса Байзаков», «К.И. Сатпаев», «Майра Шамсутдинова», «Ими гордится земля Павлодарская», «Павлодар өңірінің ақын-жыраулары», «Жүсіпбек Аймауытов», «Крестьянские (фермерские) хозяйства Павлодарской области» және т.б. Қорларды құру мен қор мазмұнына, кітапханалық қызмет көрсетуге, оқырмандармен жұмысқа, қор сақтау мәселесіне, кітапханалық маркетинг пен менеджментке, кітапхана үрдістерін автоматтандыруға арналған әдістемелік материалдар жасалған. «Павлодар облысы кітапханалық мекемелерінің қызметіне сараптама» жыл сайын жарыққа баспа және электронды нұсқада шығады, облыстағы кітапханалардың қызметін көрсетеді, сараптайды (қосымша статистикалық кестелері және диаграммалары бар). «Жазушылар – мерейтой иелері» және «Қазақстан жазушылары – балаларға» сериясына әдістемелік нұсқаулар шығарылады. Кітапхана ұйымдастырған кітап көрмелерінің каталогтары жасалады: «Жеңіс Нұры – Свет Победы», «Album», «Азат елдің Ата заңы», «Қазақстан және ЕҚЫҰ – Казахстан и ОБСЕ» және т.б. 2011 ж. «Ертістің Павлодар Өңірі» атты кітап көрмесінің каталогы жарыққа шықты. «Кітапханашыға көмек жаңа әдебиет» хабаршысы – өздігінен кәсіби білім алуды жоғарылату үшін арналған басылым. Қазіргі заманғы иннова-

циялық технологияларды енгізу қалыптастыру, сақтау, өңдеу және оқырмандарға ұсынуға мүмкіндік беретін кітапхана қызметіндегі кез-келген түрдегі басылымды шығару жолын жеңілдетті. Осындай басылымдардың бірі «Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» электронды басылым, ол «Бір ел-бір кітап» акциясы шеңберінде жарық көрді, 2006 жылы жарыққа шыққан «Ауыл кітапханасы» мультимедиялық басылымды атауға болады.

Батталова Қайырманат Батталқызы – 1951 ж.т. Облыстық кітапханада 1975 жылдан жұмыс істейді. Әл-фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (1975) бітірген. 1975-1979 жж. – библиограф, 1979-1986 жж. – техникалық және ауылшаруашылық әдебиеттер секторының меңгерушісі, 1986-1989 жж. – абонемент бөлімінің меңгерушісі, 1993-1999 жж. – АББ меңгерушісі, 1999-2010 жж. – әдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімінің меңгерушісі, 2010 ж. – әдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімінің кітапханашысы. Облыстық семинар-тренингтарға белсенді қатысты, РАБИС бағдарламасын облыс кітапханашыларының игеруге әдістмелік көмек көрсетті. Каталогизатор Мектебін ашуға ат салысты, бөлім жанында кітапханашылар үшін стажировкалар өткізді. ЭК

қазақ және орыс тілдерінде тақырыптық рубрикаторың қурастырды, библиографиялық жазба және электрондық каталогының жолының толықтыру бойынша инструкция құруына қатысты. Кәсіби біліктілікті жоғарлату институтында стажировка өтті (Москва қ., 1986). Жоғары жаңа ақпараттық технология бойынша өткен республикалық, облыстық семинарларына, кеңестеріне қатысты. ҚР мәдениет министрілігінің, қалалық маслихат, облыстық мәдениет басқармасының құрмет грамоталар, алғыс хаттармен марапатталған, 2008 ж. ҚР ҰАК сайтында «Кто есть кто в библиотеках Казахстана» ДБ енгізілді.

«Бау-бақша» – Ақпараттық бет. Бағабандарға көмекші әдебиеттердің библиографиялық тізім. Мерзімділігі – тоқсанына 1 рет. Шығарушы – ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімі.

Баязитова Арайлым Рысқұлқызы – 1982 ж.т. Облыстық кітапханада 2010 жылдан жұмыс істейді. Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжінің кітапхана бөлімін (2010). ПМУ кітапхана факультетінде сырттай оқиды. 2010 ж. – облыстық кітапханасының толықтыру бөлімінің кітапханашысы. Мемлекеттік тапсырыс бойынша түскен кітаптарды аудандық кітапханаларға үлестірумен айналысады. «Мерзімді басылымдар» ДБ жүргізеді.

Бейсенова Гауһар Ұрсайқызы – 1959 ж.т. Облыстық кітапханада 2000 жылдан жұмыс істейді. Жылдық кітапханашылар оқушылық курсы (1978), Абай атындағы Семей кітапханалық техникум (1983). 1978-1981 жж. – Краснокутск (Ақтоғай) АОК кітапханашысы, 1981-1994 жж. – әдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімінің редакторы, аға редакторы, 1994-1998 жж. – бөлім меңгерушісі, 1998-1999 жж. – Абай орта мектебінің кітапханашысы, 1999-2000 жж. – Успен аудан әкімшілігінің бас маманы. 2000 ж. – әдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімінің кітапханашысы. «Балалар әдебиеті» ДБ жүргізеді. Құрмет грамоталар, алғыс хаттармен марапатталған.

Белова Александра Александровна – 1986 ж.т. Облыстық кітапханада 2008 жылдан жұмыс істейді. ПМПИ (2008). 2008 ж. – облыстық кітапхананың библиографы. ДБ толықтырады, ТДБ «Павлодар Ертіс Өңірі», өлкетану басылымдарының сандық көшірмесін жасайды, апта сайын «Мониторинг публикаций в СМИ по вопросам культуры» ақпарат тізімін құрайды. Кітапханалық сабақтар, экскурсияларды жүргізеді, ақпараттық және мамандық күндерін өткізуге қатысады.

Библиогид – Кітапхана шараларына айсайын жасалатын анонс. Қысқалығымен және бірізділігімен ақпараттың тығыздық дең-

гейімен ерекшеленеді. 2002 жылдан бастап шығады.

Библиография Күні – Ақпараттық-библиографиялық бөлім жұмысының КББ берудің кешенді формасы. Кітапханада негізгі көңіл библиографиялық ақпаратқа, библиографиялық құралдарына бөлінеді.

Библиографиялық анықтама – Бір сұранысқа жауап, библиографиялық ақпараттан тұрады. Жыл сайын 10000 аса ауызша және жазбаша анықтамалар орындалады.

Анықтамалар телефон, кітапхана сайтындағы «Кітапханашыдан сұра» айдары бойынша орындалады. Өлке тарихына қызығушылықтың туына байланысты анықтамалардың үлкен бөлігі өлкетану бойынша.

Библиографиялық ДБ – Құжаттардың деректер базасы, библиографиялық жазудан тұрады.

Кітапхананы пайдаланушылар үшін «Кітаптар», «Мақалалар», «Авторефераттар», «Электронды ресурстар» және т.б. библиографиялық ДБ көрсетілген. Барлық ДБ-12.

Библиографиялық жадынама – Брошюра немесе парақша, кейбір қызметінде (өндірісшінің, оқушының және т.б.) орындау үшін қысқа қажетті мағлұматтар бар.

Жадынамалар Павлодар аймағының мәдениет, ғылым, әдебиет саласындағы белгілі қайраткерлерінің мерейтойларына дайындалады. «Көп ішінде бір кемел.

(Ж.М. Әбділдиннің 70-жылдығына), «Қазақтың абзал ақыны Қабдікәрім Ыдырысов», «Ермахан Бекмаханов», «В.В. Радлов – тюрколог, лингвист, этнограф және археолог»; жергілікті жазушылар және ақындар Сәбит Дөнентаевқа, Жүсіпбек Аймауытовқа, Аманжол Шамкеновке, Дм. Приймакқа, Юрий Поминовке, Ольга Григорьеваға, Сергей Шевченкоға және басқаларға арналған.

Библиографиялық жазу – Библиографиялық дерек, құжат түрінде бекітілген, каталогтер, картотекалар, тізімдер, анықтамалар т.б. үшін арналған. Кітапхананың ЭК 300,0 мың жуық б.ж. бар.

Библиографиялық көрсеткіш – Библиографиялық құрал күрделі құрылымнан тұрады. Мақсаттық және оқырмандық бағыттағы, есеп объектісі (кітаптар, мерзімді басылымдар және т.б.), материалдың тақырып көлемі, библиографиялық жазуды орналастыру тәсілі, алынған әдебиеттердің шығу уақыты деп бөлінеді.

Кітапхана қызметінің бағытының бірі ДБ негізінде библиографиялық және биобиблиографиялық көрсеткіштерді қалыптастыру. Ең белгілі және пайдаланатын библиографиялық көрсеткіштер: «Павлодар облысында аталып және еске алатын күндер» күнтізбесі», «Павлодар облысының ғалымдары», «Павлодар Ертіс Өңірінің ақын және жыраулары», «Павлодар об-

лысының суретшілері», жеке тұлғаларға арналған «Дархан даланың данышпан ұлы» (М.Ж. Көпеевтің), «Жүсіпбек Аймауытов» т.б.

Библиографиялық өнім – Библиографиялық құралдардың жиынтығы, белгіленген уақытта құралған (басылып шыққан) немесе белгілі массивтен тұратын. Облыстық кітапхананың библиографиялық өнімдері тұрпаты, түрі және тақырыбы бойынша әр түрлі. Өнімді дайындауда өлке туралы білімді насихаттауға ерекше көңіл бөлінеді. Әр жылдары тақырыптық, библиографиялық көрсеткіштері шығарылды: «Павлодар Ертіс Өңірі әдебиетте және өнерде», «Павлодар облысының ғалымдары», «Павлодар Өңірінің ақын-жыраулары», «Павлодар облысының суретшілері», «Дархан даланың данышпан ұлы» (М.Ж. Көпеевтің 150-жылдығына), «Ата заң – алтын дінгегіміз» (ҚР Конституциясына – 15 жыл), «Бәсекеге жарамдылық – тұрақтылық пен дамудың негізгі факторы. Павлодар облысының экономикасы: аймақтық, әлемдік экономикаға қосқан үлесі», «Павлодар облысының шаруашылық және фермерлік шаруашылығы», «Жүсіпбек Аймауытов», «Кластерлік экономика», «Қазақстанның агроөндіріс кешені: проблемалары мен болашағы», «Павлодар облысының табиғат ортасын қорғау» т.б.

Библиографиялық сұраныс – Библиографиялық қызметке пайда-

ланушының ауызша, жазбаша немесе электронды түрде өтініші, библиографиялық ақпаратқа қажеттілігін көрсетеді (Қараңыз «Библиографиялық анықтама»).

Библиографиялық шолу – Құжаттар туралы ауызша әңгіме. Әртүрлі типтегі кітапханаларда әдебиетті ауызша насихаттау тұрпатында кең пайдаланылады. Айырмашылықтары: кітапханаға белгілі уақыт аралығында түскен жаңа түсімдер бойынша шолу, оқырмандарды жаңа кітаптар немесе журналдармен таныстырады, қандайда бір тақырыпқа, мәселеге арналған әдебиеттерге тақырыптық шолу. Облыстық кітапханада жыл бойы 200 астам тақырыптық шолулар өткізіледі. Облыстық радионың «Жер және адамдар» хабарлар циклі үшін аймақтың атақты тумаларына арналған 20 библиографиялық шолулары өтті.

«Ближний круг» тобы – 2008 жылы атақты павлодарлық фотосуретші Е.Р. Ниязовтың арқасында құрылған жас фотографтардың шығармашылық бірлестігі. 2009 жылы шілде айында топтың дебюттік көрмесі «Айна» галереясында болды. 2010 жылы қыркүйек айында Е. Ниязовтың шәкірттері тағы өз өнерлерін көрсетті.

Топ жұмысының негізгі бағыты авторлық фотография таңдалған.

Бондаренко Наталья Ивановна – 1962 ж.т. Облыстық кітапханада

1984-2005 жж. жұмыс істеген. Көкшетау кітапханалық техникумын, АММИ кітапханалық факультетін (1989) бітірген. 1984-1993 жж. – әдіскер. 1993-2005 жж. – КМ және ӘЖБ меңгерушісі. «Региональная программа поддержки развития библиотек Павлодарской области. 2002-2005 гг.», «Ауыл кітапханасы 2004-2006 жж.», «Professional» облыс бағдарламаларының құрастырушыларының бірі. ҚР кітапханашыларының 2-ші съезінің делегаты (1998). Облыстық кітапхананың 100-жылдығына орай «Лучший работник библиотечного дела» дипломымен, ҚРКА грамотасымен (2003 ж) марапатталды. 2005 ж. – Павлодар облысының ҒТК директоры.

Бурилов Иосиф Дмитриевич – 1947-1956 жж. облыстық кітапхана директоры болды. Бір уақытта ол кітап толықтырушы, библиограф және бұқара алдында сөз сөйлеген. И.Д. Буриловтің кітапхана директоры қызметіне келуімен, ішкі жұмысқа үлкен көңіл аударылды. Кітап сақтау бөлімі, оқу залы, сонымен қатар, кітап өңдеуге жауапты бөлім бөліп шығарылды. 1948 жылы кітапханаға ғимарат бөлінді, Луначарский көшесіндегі, XIX ғасырдың аяғында салынған, көпес Томашевтің бұрынғы үйі болатын. Кітапхана ғимараты табысты жұмыс істеуге қолайсыз болды, сондықтан И.Д. Бурилов 1954 жылдан күрделі жұмысқа бөлінген қаржыдан оқу

залын салуды бастады. 1955 жылы оқырмандарды жаңа оқу залында, жаңа стеллаждармен, үстелдер және орындықтармен қарсы алды. Кітапхана штаты 7 адамнан тұрды: директор, кітап толықтыру және өңдеу бөлімінің меңгерушісі, жылжымалы кітапхана меңгерушісі, аға кітапханашы, оқу залының кітапханашысы, абонементтің 2 кітапханашысы. 1951 жылы кітапхана жанында ауылдық кітапханашыларын дайындау бойынша жылдық кітапханашы оқушыларының курсы ашылды, ол Ермак мәдениет-ағарту училищесі ашылғанға дейін облыста кітапханалық кадрларды дайындайтын жалғыз орын болды. Осы жылы бастамасы бойынша И.Д. Буриловтың бастамасы бойынша оқырмандар арнайы әдебиетке сұранысын қанағаттандыру мақсатында облыстық кітапхана. Москвада В.И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханада, Ленинградта Салтыкова-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханада абонемент ашты. Осы жылдары облыстық кітапханада алғашқы рет аудандық және ауылдық кітапханаларға әдістемелік көмектің жоспарын құрды, В.И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхана өкілінің қатысуымен облыстық семинар өткізілді. Осы жылдары кітапхананың берік фундаменті салынды, ол қазіргі таңда республикада ең жақсыларының бірі деп саналады.

Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқығы күні – Жыл сайын 23 сәуірде аталады. 1969 ж. ЮНЕСКО Бас конференциясы жариялады. Әлемдік кітап күнін тойлау облыстық кітапхана үшін «визит карточкасы» болды. Мейрамға қаланың ірі кітап магазиндері және павлодарлық кітапбаспалар фирмалары үнемі қатысады. Мейрамда Әлемдік кітап күніне арналған «Кітап-Raritet», «Павлодар кітабы» көрмелері қызығушылық туғызады. Оқырмандар үшін кітап көрмелері, ең жақсы шығарма сайысы, оқырман конференциясы, экспресс-викториналар, дөңгелек үстелде өткізіледі.

Бұқаралық жұмыс – Жиынтық түрлері және ауызша әдісі және көрнекі насихаттың таңба шығармасы және басқа құжаттар оқырман мен ауыл арасында. Облыстық кітапхананың бүкіл бөлімі бұқаралық жұмыспен айналысады.

Бұланбаева Гүлжан Мұхаметжанқызы – 1970 ж.т. Облыстық кітапханада 1996 жылдан жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1989) бітірді. 1989-1992 жж. – Павлодар ауданы ОКЖ Ново-Черноярка ауылының кітапханашысы, 1996-1999 жж. – облыстық кітапхананың ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі 1999 жылдан оқу залының кітапханашысы. «Жанашыр» жобасының аясында зейнеткерлерге арналған «ЗОЖ» клубын ұйымдас-

тырған (қараңыз «ЗОЖ» клубы) в рамках проекта «Жанашыр». Бөлім қорын ретроконверсиялауға қатысып, өлкетану әдебиеттерді сандық форматқа көшіреді.

Біліктілікті арттыру курстары – Біліктілікті арттыру курстары – жылсайынғы оқу курстары, онда кітапхана мамандары кітапхана қызметінің жаңа бағыттарын, формалары мен әдістерін үйренеді. 1951 жылы облыстық кітапхана кітапхана ісі мамандығы бойынша бірінші рет жоғары білімді жас мамандар М.Н. Голубинская мен М.И. Бубенцованы қабылдады. И.Д. Бурилов ұжымға жоғары кітапханалық білімі бар мамандар келгеннен кейін ауылдық кітапханашыларда даярлау үшін кітапхана жанынан біржылдық курс ашуға ұсыныс жасады, Ермак мәдениет-ағарту училищесі ашылғанға дейін облыста кітапханалық кадрларды дайындайтын жалғыз орын болды. Облыстың кітапхана қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға облыстық мәдениет басқармасы жанынан ашылған курстар көмектесті. Оқу жоспарына келесі тақырыптар енді: «Қазақстандағы кітапхана ісі», «Кітапханадағы маркетинг», «Кітапханалардың көпшілік жұмыстарында дәстүр және жаңашылдық» және т.б. 1997 жылы облыстық кітапхана қызметкерлері ағылшын тілін үйренуге байланысты 3 айлық курстар ұйымдастырды, ол пав-

лодарлық «Ағылшын жобаларының орталығы» – мен байланысты арқасында жасалды. 1997 ж. облыстық кітапхананың қызметкерлері үшін «Қазақ тілі» облыстық қоғамымен бірге қазақ тілін үйрету бойынша курстар ұйымдастырылды. «Professional» бағдарламасы аясында облыстың кітапхана қызметкерлері үшін жылсайын «Ауыл кітапханалары жаңа жағдайда» атты 2-3 күндізгі курстар жүргізіледі. Курс тыңдаушыларына «Сельская библиотека в новой социокультурной ситуации», «Фонд библиотеки – основа информационного обслуживания жителей села», «Социально – бытовые потребности сельского населения и библиотека» және т.б. тақырыптарда лекциялар жүргізілді және консультациялар берілді.

Біліктілікті көтеру – Кітапханашының кәсіби білімін бекіту мен дамыту. 1961 жылдан бастап 1978 жылға дейін облыстық кітапханада Л.С. Лямзина басқаруымен Семейдің кітапханалық техникум оқыту-консультациялық пункті жұмыс жүргізді. 1979 ж. Л.М. Грезина пікірімен қалалық библиограф мектебі библиографтардың қатысуымен ұйымдастырылды. Кітапханашылардың квалификациясын көтеру мен оларды дайындау негізгі әдістемелік жұмыс болып саналады. Біліктілікті арттырудың түрлері: семинарлар, семинар-тренингтар, ойындар, стажировкалар,

тәжірибелер, «дөңгелек үстел», конкурстар, кәсіби шеберлік. Облыстағы кітапханалық кадрларды Ж. Мұса атындағы Ақсу колледжі кітапханалық жұмыс бөлімін орталық кәсіби білімін дайындайды. С. Торайғыров атындағы ПМУ жоғары білімді кітапханашы кадрларын дайындайды. (Қараңыз «Семинарлар», «Курстар»).

«Бір ел-бір кітап» – Республикалық акция. 2007 ж. бастап ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігінің қолдауымен ҚР КА мен ҚР ҰАК бастамасымен ұйымдастырылуда. Мақсаты – оқуды жандандыру жөніндегі бағдарламаны дамыту, сауаттылық пен оқу мәдениетін қолдау, рухани мұраны сақтау, ана тіліне деген қамқорлықты күшейту, сондай-ақ, жастарға адамгершілік және патриоттық тәрбие беру. Акция Қазақстанға аты әйгілі ақын-жазушылардың, ұлы ғұламалардың шығармаларын оқуға бағытталған. Абайдың «Қара сөздер», М. Әуезовтің «Қилы заман», М. Жұмабаевтың «Жан сөзі», Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» кітаптары оқылды.

В

Wi-Fi өткізгішсіз қол жеткізу – Wireless Fidelity «сымсыз жаңғыртудың дәлдігі» мәнін аңғартады. WiFi – өткізгішсіз байланысты ұйымдастыру стандартының бірі,

802.11b стандарты арқылы өткізгішсіз радио арнасын жасауға болады (11 Мб/сек). С. Торайғыров атындағы ОӘФК 2010 ж. Павлодар облысында алғашқы жобаны Wi-Fi технологиясы базасы негізінде бұқаралық кітапхананы Ғаламторға қол жеткізуді өткізгішсіз қамтамасыз етті. Кітапханаға келушілер мерзімді басылымдар залында, Американдық бұрышта өздерінің ноутбуктері немесе КПК арқылы әлемдік Ғаламтор жүйесіне шығуға мүмкіндік алды. Бұл қызмет – ақысыз.

Веб-каталог – Қараңыз «Электронды каталог».

Вебинар – Вебинар (ағылшынша webinar), сонымен қатар онлайн семинары (онлайн курстары) – тұсау кесер, лекциялар, семинар немесе курс, вебтехнологиялар көмегімен нақты уақыт режимінде ұйымдастырылған. Вебинар (онлайн семинары немесе онлайн курсы) кезінде әр қатысушы өз компьютері қасында болады, ал бір-бірімен қатынас Ғаламтор арқылы жүргізіледі. 2012 ж. облыстық кітапхана облыстың ОКЖ бірлесіп «Кітапханалар ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі» вебинар семинарын өткізуді жоспарлады.

Веб-сайт – Жеке тұлғалардың немесе мекемелердің компьютерлер жүйесіндегі, бір адреспен (домен атымен) біріккен электронды құжаттардың (файлдардың)

жиынтығы. Облыстық кітапхана сайты 1998 ж. құрылды. Сайттың ақырғы болжамасы 2010 ж. болды. Бас бетінде сайт айдарлары туралы ақпараттар берілген («Пайдаланушылар үшін ақпарат», «Кітапхана ресурстары», «Кітапхана туралы», «Жаңа түсімдер») және жаңалықтар. «Жаңа түсімдер» айдарында сайтты қарайтындар қорға түскен жаңа әдебиеттермен таныса алады. «Мерзімді басылымдар» айдарында алынатын мерзімді басылымдар тізімі және толық шолу берілген. «Виртуалды көрме» айдары бар, онда кітапхана қорының ең қызықты басылымдары көрсетілген. «Кітапханалық бас қосу. Алдыңғы оқырман үшін бет» айдары жазғы оқу бағдарламасы енген, бұнан Бүкіләлемдік кітап күні, жыл сайын өтетін «Бір ел – бір кітап» қазақстандық акция туралы оқуға болады. Пайдаланушыларды «Оқырмандар жауап береді...» айдарындағы әдебиет туралы, сүйікті кітаптар туралы оқырмандар пікірлері қызықтырады. Сайтта көрсетілген мәліметтер негізінде пайдаланушылар біздің ақпарат әлуеті бойынша толық көрінісін құра алады. Меншікті электронды ДБ қол жеткізгендіктен сайт нағыз және үнемді ақпарат құралына айналды. Облыстық кітапхана сайтына кіргенде оқырман үйіндегі компьютерінен электронды каталогтен қажетті әдебиетті іздейді. Абонементтен және балалар бөлі-

мінен алынған кітапты ұстау мерзімін ұзартуға On-line – ұзарту және «Кітапханашыдан сұра» қызметтері бар.

Ветрова В.П. – 1938-1939 жж. облыстық кітапхана директоры болған.

«Визит» әдеби – музыкалық қонақжайы – Қонақжай жұмысының негізгі бағыты – оқырмандардың мәдени-бос уақытын өткізуін ұйымдастыру, кітаптарды және өнер сүюшілерінің қарым-қатынасы. Жұмыс тұрпаттары әртүрлі – тұсаукесерлер, музыкалды-поэтикалық кештер, ауызша журналдар. Ақын О. Григорьевамен, журналист, жазушы Ю. Поминовпен, өнертанушы Н. Шафермен, журналист С. Горбуновпен, ақын В. Луковпен, композиторлар К. Сәтиевпен және Ш. Рақышевпен кездесулер оқырмандар есінде ұзақ сақталады.

Виртуалды көрме – Пайдаланушыларға жасалатын ақпараттық-кітапханалық қызметінің жаңа түрі, дәстүрлі (кітап) және (электронды) ақпаратты ұсынудың жаңа тәсілі. Облыстық кітапхана сайтында – мерейтой иелерімен жаңа түсімдер: «Заңгер – бірінші курс студентіне», «Шәкен жұлдызы» виртуалды көрмесі қойылды.

Виртуалды оқу залы (ВОЗ) – Ғаламтор-ресурстарына жалпы қолжеткізу бойынша жолнұсқа. Алыстағы пайдаланушыларға электронды ақпараттық ресурстары (ЭАР):

толықмәтінді, реферативті, библиографиялық және фактографиялық деректер базасына қолжеткізуді қамтамасыз етеді. 2010 жылы облыстық кітапханада «ҚР Ұлттық Академиялық кітапхананың виртуалды ғылыми оқу залы» жобасы жүзеге асты. Осы жоба аясында оқырмандарға on-line арқылы «Интерграм» ДБ, «East view» ДБ, «Мұнай және газ» ДБ, «Ebrary» ДБ, «EBSCO» ДБ қолжеткізу ұйымдастырылды.

Г

Game Club – Американ бұрышында үстел ойындарын ұнататындардың апталық клубы. 2011 ж. ұйымдастырылды. Клуб мүшелеріне ағылшын мәдениетінің өкілдерімен бейресмисіз жағдайда араласуға мүмкіндік бар. Клубқа қатысушыларға балалар мен ересектер үшін әр жанрдағы ойындар жиынтығы ұсынылады.

Газет – Мерзімді мәтінді басылым, әр түрлі қоғамдық-саяси, ғылыми және басқа мәселелербойынша, әдеби шығармалар, суреттелген материал. Жыл бойы газеттің 75 атауы жазылады. (Қараңыз «Газет қоры»).

Газет қоры – Кітапханалық қордың бөлігі. Газет қоры негізінен мерзімді басылымдар залынан (соңғы 5 жылғы) және әмбебап оқу залынан (2007 ж. дейін) табылады.

Газет мақалаларының шежіресі – ҚР мемлекеттік библиографиялық

көрсеткіші, 1957 жылдан бастап ай сайын РКП шығарады. Қазақстан газеттерінде қазақ және орыс тілінде шыққан деректі материалдар, көркем әдеби шығармалар, мақалалар туралы мәліметтерді қамтиды. АББ қорында 1975 жылдан бар.

Галимова Рашида Асығатқызы – 1964 ж.т. Облыстық кітапханада 1988 жылдан жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1983), Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1990) бітірген. 1983-1984 жж. – Ертіс АОК толықтыру бөлімінің кітапханашысы, 1984-1988 жж. – Лебяжі ауданының АБК кітапханашысы, 1988-1995 жж. – облыстық кітапхананың балалар бөлімінің библиографы, 1995-2003 жж. – ПМПИ, ПМУ ғылыми кітапханаларының библиографі, 2003-2006 жж. – № 8 мектеп-лицейінің кітапханашысы. 2006 ж. – облыстық кітапхананың балалар бөлімінің кітапханашысы. Құрмет қағаздарымен марапатталған.

Голубева Людмила Ивановна (1938-1993) – Облыстық кітапханада 1988-1994 жж. істеген. Мәскеу кітапханалық техникумын (1953), Н. Крупская атындағы Ленинград мемлекеттік мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай) бітірген. 1979 ж. – әдіскер, әдістемелік бөлімінің меңгерушісі, 1979-1988 жж. – С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітап-

ханасының директоры, 1988-1994 жж. – облыстық кітапхананың балалармен жұмыс істеу бойынша директор орынбасары. Еңбек сүйгіш адам, балалар әдебиетін жақсы біліп, оқу мәдениетіне басты назар аударған. Кітапхана ісінің мәселелеріне көп көңіл бөлген. Жоғарғы деңгейлі кәсіпқой Л.И. Голубева әріптестер арасында сыйлы болып саналатын. ҚР мәдениет министрлігінің, облыс кәсіподақ кеңесінің, облыс мәдениет басқармасының грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

Гончарова Марина Леонтьевна – 1968 ж.т. Облыстық кітапханада 1988 жылдан жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1988), Алтай мемлекеттік мәдениет институтының кітапхана факультетін (1994) бітірген. 1988-2002 жж. – оқу залының кітапханашысы, аға кітапханашысы, 2002 жылдан оқу залының меңгерушісі. Кітапхана мәселелеріне арналған облыстық конференциялар және семинарлардың, Қарағанды қ. өткен «Астанаға – кітапханалық оташу» республикалық фестивалнің (2008), «Реставрация редких книг и восточных рукописей» атты тәжірибелік семинардың (Алматы, 2011) қатысушысы. Өлкетану әдебиеттерді насихаттау жұмысына қатысады: павлодарлық авторлар М. Тереник, Ю. Мостовой, Т. Окольниковының жаңа кітаптарының, «Жемчужная

поэзия Казахстана» үш томдық кітабының тұсау кесерлерін өткізді. Кітапхана қорын жақсы біледі, ұстаздықпен айналысады. ҚР ҰАК, облыс мәдениет басқармасының, облыстық кәсіподақ комитетінің грамоталарымен марапатталған.

ГОСТ-тар – Мемлекет бекіткен кітапхана қызметінің анықталған стандарты. СИБИД стандарты нормаланған құжаттарда пайдаланатын кітапханалық, библиографиялық, ақпараттық, баспа терминологиялары жүйесін анықтайды.

Олардың базасында облыстық кітапхана негізгі технологиялық процестерін жүзеге асырады, мысалы, библиографиялық жазуды қалыптастыруда, индекс қоюда.

Гранттар – Субсидия түрі, мекеме немесе жеке тұлғаларға (сұраптау сайысының қорытындысы бойынша) ғылым, мәдениет, білім салаларында нақты жобаларды жүзеге асыру үшін беріледі.

Облыстық кітапхана республикада алғашқылардың бірі болып жоба дайындау және гранттар алуға өтінім беру бойынша жұмыс бастады. 1997 жылдан 1999 жылдар аралығында кітапхана «Сорос-Қазақстан» қорынан және «Ашық қоғам» Институтынан «Ғаламторы. Электронды пошта», «Аймақтың моделді кітапханалары», «Жанашыр» жобаларын жүзеге асыруға гранттар алды. (Қараңыз: сәйкес ұғымдарды).

Грезина Лидия Максимовна (1930-1993) – 1960 ж., 1978-1985 жж. облыстық кітапхана директоры болған. 1953-1960 жж. – кітапханашы, оқу залының меңгерушісі. Ленинград мемлекеттік мәдениет институтын(сырттай) бітірді. 1967-1978 жж. – кітап толықтыру және кітап өңдеу бөлімінің меңгерушісі. 1978 ж. кітапхана директоры. Оның басшылығымен облыс аудандарында қорды каталогтандыру бойынша озық тәжірибе мектептері құрылды, облыстық кітапхананың анықтама аппараты жетілдірілді. ККА жұмысы белсендірілді, 35 кітапханалармен байланыс болды.

Кітапханашылардың біліктілігі көтеруге көп көңіл бөлінді. ЕҒҰ бойынша комиссия құрылды, бөлімдерде соцжарыстың қорытындысын шығару үшін негізгі ережелер дайындалды. Кітапхана жұмысының практикасына шығармашылық әдеби бейсенбіліктері енді. «Қалың» әдеби-көркем журналдары бойынша шолулар өткізілді. 1976 жылы халықтық мәдениет университетін ұйымдастырған үшін Н. Островский атындағы облыстық кітапхана Мәдениет Министрлігінің дипломымен марапатталды.

1978 жылдан өлкетану оқуы жұмыстың дәстүрлі түріне айналды. Осы жылдары қорды КБК таблицасына ауыстыру басталды. 1980 жылы облыстың көпшілік кітапханаларын орталықтандыру аяқталды.

Облыстық кітапхананың және өлкетану музеймен, қала оқу орындарымен шығармашылық байланысы нығайды. 1985 жылдан Л.М. Грезина облыс мағынасындағы дербес пенсионер. 1986 ж. тарихи-өлкетану музейінің кіші ғылыми қызметкері. Облыстық әдебиет және өнер музейінің, Павла Васильев музейін құрудың басында тұрды. «За освоение целинных земель», В.И. Лениннің туғанына 100-жыл толуына арналған медалмен, «Еңбек ардагері», КСРО мәдениет Министрлігінің «За отличную работу», «Победитель соревнований» белгілерімен, облыстық Кеңес халық депутаттары мақтау қағаздарымен, КСРО, Қаз КСР мәдениет Министрліктерінің, облыс кәсіп одағының Құрмет Тақтасына оның аты енді.

Гуринов Семён Александрович – 1982 ж.т. Облыстық кітапханада 2008 жылдан жұмыс істейді. ИнЕУ бітірген (2009). 2008 жылдан бастап кітапхана процессертерін автоматтандыру бөлімінің жүйелі әкімшісі. Автоматтандырылған жүйелі РАБИС бағдарламасының, жүйелі бағдарламаның қамтамасыз ету, қолданушылар жұмыс орындарының, кітапхананың барлық бөлімдеріндегі автоматтандырылған жұмыс орындарының үнемі жұмыс жасаудың бақылаушысы. Облыстағы ОӘФК және ОКЖ қызметкерлерін IT-технологияларымен

таныстырады. «Ертістің Павлодар өңірінің әдеби картасы» жобасының, бағдарламаны қамтамасыз ету және дизайның құрастырды.

Гуринова Алеся Анатольевна – 1984 ж.т. Облыстық кітапханада 2003 жылдан жұмыс істейді. Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжін (2003), ПМПИ бітірді. «My English» клубының отырыстарын ағылшын тілінде жүргізеді. АМО үйлестірушісі ретінде АҚШ сапар шегіп, америкалық кітапханалардың жұмысымен танысты. «Мақалалар» ДҚ ағылшын және неміс тілдерінде толықтырады. «Movie Club» клубының ұйымдастырушысы. Волонтерлармен, қаладағы оқу мекемелердің мұғалімдерімен белсенді жұмыс істейді. «Педагогический вестник Казахстана» (2008, № 2) журналындағы тіл білімі және шет тілдерін оқыту методикасы бойынша мақалалардың авторы. Әлем корпусының, облыстық кітапхананың алғыс хаттарымен марапатталған.

Гүлдер көрмесі – Жылына екі рет өткізіледі. Көрме ұйымдастырушысы – «Фиалочка» клубы (Қараңыз «Фиалочка» клубы). Фиалка сортының сұрыпталған жиынтығы және сәнді жабайы үй өсімдіктері қойылады. Ауылшаруашылық және техникалық бөлімінің қызметкерлері гүлдер бойынша кітаптар, журналдағы басылымдарды жинақтайды.

Ғ

Ғаламтор – Қараңыз «Ғаламторға қолжеткізу».

Ғаламторға қолжеткізу – 1997 ж. қолжеткізілді. Ғаламтор-орталық-кітапхана-электронды ресурстар залы жұмыс істейді, онда кітапхананы пайдаланушылар үшін Ғаламторына 17АРМ қосылған. Ғаламтор-технологиялары енгізгеннен бастап көп бөлімдердің жұмысы өзгерді: оқырмандардың виртуалды сұранысы орындалады, Ғаламтор-магазиндерінің кітаптарын пайдалануға болады, кітапхана сайтында оқырмандар блогтары орналасады. 2010 ж. Wi-Fi технологиясы негізінде барлық пайдаланушылар үшін Ғаламторға кеңжолды өткізгішсіз технологиясы ендірілді. (Қараңыз «Wi-Fi өткізгішсіз қолжеткізу»).

Д

Давыдова Зоя Николаевна (1929) – Облыстық кітапхананың байырғы оқырманы.

Қаланы гүлдендірудің ардагері, кеңесші-агроном, бағбан, «Наш очаг» клубының мүшесі. Клуб отырыстарында ландшафтық бау-бақша, аймақты жасылдандыру, гүл өсіру мәселелері бойынша кеңес береді.

Дебат клубы – Қараңыз «Пікірсайыс» клубы.

Деректер базасы (ДБ) – Деректердің жиынтығы. Облыстық кітапханада библиографиялық және толық мәтінді ДБ жүргізіледі. (Қараңыз сәйкес ұғымды) Кітапхананың ДБ кітаптар және мақалалар туралы қазақ, орыс және шетел тілдерінде, авторефераттар туралы қазақ және орыс тілдерінде, бейнекассеталар және СД туралы мәліметтер көрсетеді. Толық мәтінді БД «Павлодар Ертіс Өңірі» ДБ көрсетілген. (Қараңыз «Павлодар Ертіс Өңірі»).

Деректі мәліметтер картотекасы – Қараңыз «Фактографиялық картотека».

Деров Артемий Иванович – Меценат, I гильдиядағы көпес, бірінші бұқаралық кітапхана ашудың бастамашысы болды. А. Деровтың арқасында Павлодарда XIX ғ. 90-шы жылдары кішкентай бұқаралық кітапхана жұмыс істей бастады. Ол қаланың құрылу ісіне үлкен үлес қосты, бірнеше мектептерге демеуші болды, білімге қаражат берді.

Директор жанындағы кеңес – Кітапханаларға ұйымдастырушы-әдістемелік, кеңестік көмек және кітапханаларды ақпараттық қолдау үшін құрылған. Отырыстары жылына екі рет өткізіледі.

Директор – Қараңыз фамилиялар бойынша: Байділдин Т., Ветрова В.П., Иванова И., Коваленко А.А., Рыжко Е.В., Фатфуллина М.О.,

Бурилов И.Д., Муйзиник В.А., Айзенберг И.И., Кирисова С.Ф., Шаманина Л.З., Лямзина Л.С., Грезина Л.М., Жиенбаева М.Ә.

Диссертациялардың авторефераттар шежіресі – Мемлекеттік библиографиялық көрсеткіш, 1981 жылдан бастап ай сайын шығады. Оқырмандарға ізденушілердің ғылым кандидаты және доктор ғылыми дәрежесін Қазақстанның академиялық және ғылыми мекемелерінде, жоғары оқу орындарында қорғайтын диссертациялық авторефераттары жайында ақпарат береді. АББ қорында 1974 жылдан сақталады.

«Домовенок» балаларға арналған бет – «Звезда Прииртышья» облыстық газетіндегі балаларға арналған бет. «Домовенок және кітапхана» бағдарламасында – балалар кітабын насихаттау, бірлесіп шаралар өткізу. Мақсаты – жақсы оқу мәнерін тәрбиелеу, балалар шығармашылығын дамытуға ықпал жасау, жас таланттарды табу және қолдау.

Дөңгелек үстел – пікір-талас немесе пікір алмасу өткізуге қолайлы формат. Оның мақсаты – талқыланатын мәселелер туралы қатысушыларға өз пікірлерін көрсету, жалпы пікірді тұжырымдау. Дөңгелек үстелдер – бұл кітапханалық шараларды өткізудің ең танымал форматтарының бірі. Мазмұны жағынан әсерлі өткен дөңгелек үстелдің

бірі – 2010 ж. облыстық кітапхана ұйымдастырған, «Қазақстан-2020. Жаңа онжылдық – кітапханаларды дамытудың жаңа бағыттары.

Дублет – Құжаттардың көпданалығы, артық даналар, уақыт өткеннен кейін кітапхана сұранысы мен қажеттілік деңгейіне сәйкес болмай қалған кітаптар. Кітапхана қорынан құжаттарды шығарудың себебі болып саналады.

Дүйсенбаева Бақытжан Ысқақызы – 1956 ж.т. Облыстық кітапханада 1984 жылдан жұмыс істейді. Абай атындағы Семей кітапханалық техникум (1973), эл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1992) бітірген. 1973-1984 жж. – Май ауданы ОАБК оқу залының меңгерушісі, 1984-1988 жж. – облыстық балалар кітапханасының кітапханашысы, 1988 жылдан облыстық кітапхананың балалар бөлімінің кітапханашысы. Балалар әдебиетін, орта мектеп оқушыларының сұраныстарын жақсы біліп, оқырмандардың арасында балалар әдебиетін насихаттайды. Облыс мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталарымен марапатталған.

Дьячук Лидия Макаровна – 1938 ж.т. Облыстық кітапханада в 1988-1994 жж. жұмыс істеген. «Ағылшын тілінің оқытушысы» маманы бойынша Абай атындағы

Қазақ педагогикалық институтын (1961) бітірген. 1961-1964 жж. – ағылшын тілі мұғалімі, 1964-1979 жж. – шет тілдер кафедрасының лаборанты, 1979-1982 жж. – балабақшатәрбиешісі, 1982-1983 жж. – Қашыр ОАК кітапханашысы, 1983-1988 – С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапхананың абонемент бөлімінің кітапханашысы, 1988-1993 жж. – облыстық кітапхананың кітап өңдеу бөлімінің кітапханашысы. «Еңбек ардагері» белгісін алған.

Е

Е-көшірме – Қараңыз «Сандық форматқа көшіру».

Евразиялық кітапханалық Ассамблея (ЕКА) – 1993 ж. құрылды. ЕКА жалпы кәсіби мәселелерді шешуге, жаңа мәдени және ақпараттық кеңістігін құруға көмектеседі. ЕКА құрамына Әзербайжан, Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Украинаның өкілдері енеді. ЕКА қызметінің негізгі бағыты Евразия халықтарының мәдени-тарихи мұрасы, кітапханалар қорын қалыптастыру, «Әлем жәдігері» халықаралық жобаның бөлігі сияқты «Ұлттың құжаттық жәдігері» бағдарламасы. ЕКА ақпараттық бюллетенін шығарады. 1993 жылдан Ассамблея ИФЛА мүшесі, ал 1995 ж. Парламентаралық

ассамблеясында ТМД елдері қатысушыларының бақылаушысы ретінде жұмыс істейді. 2011 жылы қараша айында Алматыда ҚР ҰК «Евразия кітапханаларының жаңа форматы. Ақпараттық жүйелер және технологиялар» Халықаралық конференциясы өтті. Конференция жұмысына Қазақстан мәдениет министрлігінің және ТМД елдерінің өкілдері, МФГС ресми өкілі, Ресей мемлекеттік кітапхананың Президенті, РФ мемлекеттік және ұлттық кітапхана директоры, Б.Н. Ельцин атындағы Президент кітапханасының директоры, Әзербайжан, Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Татарстан, Молдова, Украинаның ұлттық, мемлекеттік, республикалық және облыстық әмбебап ғылыми кітапханаларының басшылары, республиканың мәдениет мекемелерінің, ғылыми және білім саласының мен өкілдері, сонымен қатар қоғам қайраткерлері қатысты. Конференция жұмысына ОӘҒК директоры М.Ә. Жиенбаева, Г.Е. Иванова, А.А. Жылқыбекова қатысты. М.Ә. Жиенбаева «Павлодар облысының кітапханалары: дамудың инновациялық моделі» атты баяндама жасады.

ЕКА жаршысы – Ғылыми-практикалық журнал, 1993 ж. «Евразия Кітапханалық Ассамблеясының ақпараттық бюллетені» атымен негізі салынды, 2000 ж. «ЕКА жаршысы

сы» ғылыми-практикалық журналы ретінде, 2002 ж. «Евразия Кітапханалық Ассамблеясының жаршысы» атымен шығады.

Жылына – 4 рет шығады. ҚР КА Президенті Р.А. Бердіғалиева және ҚР ҰК директоры Г.К. Балабекова Халықаралық редакция кеңесінің мүшелері, оның құрамына ынтымақтастық 11 елдер кірді.

Негізгі айдарлары: «Серіктестік. Ынтымақтастық. Байланыс», «Мәдениетаралас коммуникация», «Ұлттық кітапханалар», «Кітапхана. Қорлар. Оқырмандар», «Мәдени өмірдің уақиғалары» және т.б. Кітапхана қорында «ЕКА жаршысы» журналы 2001 жылдан бар.

Еркінова Мираэль Еркінқызы – 1983 ж.т. Облыстық кітапханада 2011 ж. жұмыс істейді. «Ағылшын және неміс тілдерінің мұғалімі» маманы бойынша Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжін (2007) бітірді. «Аударма ісі» маманы бойынша сырттай С. Торайғыров атындағы ПМУ оқиды. 2007-2010 жж. – Шарбақты ауданы Жанауыл орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі, 2011 жылдан облыстық кітапхананың шетел әдебиеттер бөлімінің аға кітапханашысы және АМО үйлестірушісі. 2011 ж. Душанбе қ. өткен американдық бұрыштар үйлестірушілерінің халықаралық конференциясының қатысушысы. (Тәжікстан, 2011).

Ермакова Татьяна Борисовна – 1957 ж.т. Облыстық кітапханада 1988 жылдан жұмыс істейді. Абай атындағы Семей кітапханалық техникум (1982), әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1992) бітірген. 1979-1981 жж. – С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапханасының абонемент бөлімінің, оқу залының кітапханашысы, 1981-1992 жж. – кітап сақтау бөлімінің меңгерушісі, 1992 жылдан облыстық кітапхана балалар бөлімінің меңгерушісі. Бегалин оқуларының қатысушысы болып, «Библиотека для всех», «Самал – наш общий дом», «Домовенок и библиотека» жобаларын ұсынды. «Бегалин оқулары» жинағында мақалалары шыққан. ҚРКА, Павлодар облысының мәдениет департаментінің грамоталарымен марапатталған. «Лучший библиотекарь области» (1994) атағының иесі, 2008 ж. ҚР ҰАК сайтында «Кто есть кто в библиотеках Казахстана» ДБ енгізілді.

Ертісбаев Ермұхамет Қабиденұлы – 2006-2008 жж. ҚР Мәдениет және ақпарат министрі. 2006 ж. 23-24 қараша айында Павлодар қ. өткен «Ауыл кітапханасы» облыстық бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесі бойынша «Кітапханалар – елдің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық дамуының ресурстық орталығы» атты республика-

лық семинар ға ҚР мәдениет және ақпарат министрі Е.Қ. Ертісбаев қатысты. Бағдарлама республика кітапханаларын жаңғыртуға пилоттық жоба болғанын «Государственная библиотечная политика Республики Казахстан» баяндамасында атап өтті. (Қараңыз «Ауыл кітапханасы»).

«Ертістің Павлодар Өңірі» ашық электронды кітапханасы – Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапхана – аймақтағы ең ірі ақпараттық орталық. Ол Павлодар өңірінде баспа басылымдарын және басқа тасымалдаушылардағы ақпаратты жинайды. Кітапхана қызметінде келешегі бар инновациялық бағыттағы «Ертістің Павлодар өңірі» ашық электронды кітапхана» жоба болды, оның бағыты өлке туралы мерзімді басылымдардағы мәтіндер мен библиографияларды пайдаланушыларға Павлодар облысы туралы Ғаламтор және локалды каталог арқылы жедел қол жеткізу мақсатындағы алдыңғы жоба. «Павлодар өңірі» ашық электрондық кітапханасын облыс кітапханалары белсенді құруда. Электронды кітапхана құрылымы ақпараттық-ресурстардан; электронды каталогтан, өлкетану каталогынан, электронды құжаттар қорынан, тарихи – өлкетану тақырыбындағы құжаттардың толық-мәтінің көшірмесінен, Павлодар ОБӘФК және облыстың ОКЖ веб-сайтынан тұрады.

«Ертістің Павлодар Өңірі» ашық электронды кітапханасы» – Жоба 2006 ж. жұмыс жасайды. Басты мақсаты Павлодар облысы туралы қорды локалды каталогта және Ғаламторда көрсетіп қалыптастыру. Өлкетану туралы мерзімді басылымдарда шыққан материалдармен толықтыру. Жобадағы ақпараттық ресурстар ОӘФК мен ОКЖ кітапханаларына арналған.

Ертістің Павлодар өңірінің әдеби электрондық картасы – Интернет-жоба. 2011 ж. облыстық кітапхананың сайтында (<http://map.pavlodar-library.kz>) қазақ және орыс тілдерінде берілген, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына, облыстық кітапхананың 115 жылдығына арналған. Бөлімдері: Жоба туралы, Есімдер тізімі, Әдеби бірлестіктер, Әдеби Павлодар, Көрікті жерлер, Оқу залы. Қосымша екі бөлім берілген: «Географиялық көрсеткіш» және «Павлодар облысы туралы». «Географиялық көрсеткіште» – қалалар мен аудандардың тізімдері; «Павлодар облысы туралы» бөлімде облыс тарихы туралы ақпарат, оның табиғи байлығы және көрікті жерлері берілген. Астана қ. Павлодар облысының кітапханалары күнінде тұсау кесері жасалды.

Есеп беру – Кітапхананың жылдық есебі. Есеп берудің маңызды түрі, кітапханада өткізілген барлық бағыттағы жұмыстар қаралады. Жылдық статистикалық

есептің түрлері: ІБ, БНК. Облыстық кітапхананың, облыс кітапханаларының қызметі туралы есептерін ҚР Мәдениет Министрлігіне, облыстық мәдениет басқармасына, ҚР ҰАК, ҚР ҰК және басқа да орындарына береді.

Есеп құжаттары – Кітапхананың қор есебі – қорды сақтаудың маңызды элементі. Есеп құжаттарында әр түсім тіркеледі, қордың қозғалысы немесе есептен шығару көрсетіледі, кітапхана қорын құрайтын нақты құжаттың болуын немесе болмауын дәлелдейтін заңдық күші бар. Кітапхана қорының есеп құжаттары – мемлекеттік статистикаға негізделген, кітапхана қызметінің жоспары мен есебі, қорды сақтауды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Ж

Жазғы оқулар бағдарламасы – Жазғы уақыттағы балалар кітапханасында мектеп жанындағы лагерлерде жұмыс жүргізіледі. Бағдарлама мақсаты: кітап оқуды насихаттау, балалар әдебиетімен таныстыру, оқуды дамыту. Мейрамдардың негізгі кейіпкері – балалар кітабы. «Пятая четверть», «Её Величество книга», «С книгой в мир природы», «Эколето», «Магия чтения» – бұл жазғы уақыттағы жыл сайынғы балалармен өткізілетін сабақтар.

Жазылу – Мерзімді басылымдарға жазылу. Кітап қорын толықтырудың

бір тәсілі. «Қазпошта» арқылы жылына екі рет жүргізіледі. Кітапхана жыл сайын 450-ден аса қазақстандық, ресейлік газеттер мен журналдардың атауларына жазылады.

Жайсанғалиева Гүлбаршын Орынғалиқызы – 1967 ж.т. Облыстық кітапханада 2004 ж. жұмыс істейді. Орал мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1987), Орал педагогикалық колледжін (Орал қ., 2000) бітірді. ПМПИ (сырттай) оқиды. 1987-1991 жж. – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ОКЖ әдіскері, 2004 жылдан облыстық кітапхана оқу залының кітапханашысы. Кітапхананың көпшілік шараларын өткізуге белсенді қатысады. Қазақ жазушы-классиктерінің, қазіргі қазақстандық жазушыларының шығармашылығын насихатайды. Бөлім қорын ретроконверсиялауда, өлкетану басылымдарын сандық форматқа көшіруге қатысады.

«Жақсыбаев Серік Имантайұлы» – Қараңыз «Облыс өлкетанушылары» сериясы.

«Жанашыр» – Жоба 1999 жылдан бастап жұмыс істейді. «Открытое общество» институтының грантын (Будапешт) алды. Әлеуметтік-корғаусыз тұрғындарға: зейнеткерлерге, жұмыссыз адамдарға, мүгедектерге, балаларға қызмет көрсетуге бағытталған. Жобаның мақсаты: қызмет көрсетуді жетілдіру,

кітапханалық-ақпараттық және мәдени құндылықтарға қолжеткізуді ұйымдастыру. Кітапханада «Әділет» әлеуметтік-құқықтық ақпарат орталығы; «Оптимист» мүгедектер қоғамында жылжымалы оқу залы жұмыс істейді. «Жанашыр» жобасына «Золотой век» қарт адамдарға көмек көрсету; «Жылжымалы оқу залы»; «Солнышко» мүгедек оқырман-балаларға арналған бағдарламалар енеді. Жоба аясында зейнеткерлерге арналған «СӨС» клубы құрылды. (Қараңыз «СӨС» клубы).

Жандаулетова Гүлнар Біләлқызы – 1965 ж.т. Облыстық кітапханада 1985 жылдан жұмыс істейді. Абай атындағы Семей кітапханалық техникумі (1989) бітірді. 1985-1988 жж. – облыстық кітапханасының хатшысы, 1988-2007 жж. – ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімінің аға кітапханашысы, 2007 ж. – оқырмандарды тіркеу және есептеу секторының аға кітапханашысы. Ауыл шаруашылық мамандарына қызмет көрсету, «Наш очаг», «Фиалочка» клубтарының отырыстарын ұйымдастырмен айналысты, ауыл шаруашылық тақырыбына байланысты «Мақалалар» ДБ толықтырды. «Оқырмандарды тіркеу» және «Ізденіс-Тапсырыс» модулін меңгерді. «Оқырмандар» ДБ жүргізеді. Кітапханада оқырмандарға қызмет көрсету ережесін түсіндіреді, оқырмандарды кітапхана бөлім-

деріне бағыттайды, оқырмандардың оқу дағдысына қалыптастырады. Облыстық кәсіподақ комитетінің, қоршаған ортаны қорғау облыстық аймақтық басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталары мен алғыс хаттарымен марапатталды.

Жанкаринова Сәуле Асылбекқызы – 1966 ж.т. Облыстық кітапханада 1990 ж. жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1986), әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (1990) бітірді, Мәскеу қаласындағы біліктілікті көтеру курсынан өтті (1996). 1990-1996 жж. – әдіскер, 1996 жылдан абонемент бөлімінің меңгерушісі. Кітапхана қорын өте жақсы біледі, оқырмандар тапсырысын толық және жылдам қанағаттандырады, «Жанашыр» жобасына белсенді қатысады, «Оптимист» облыстық қоғамымен, «Самал» қалпына қайта келтіру орталығымен, саңыраулар қоғамымен және т.б. қарым-қатынасты үзбей жалғастыруда. Өлкетану, өлкетану білімін насихаттаумен айналысады. Пікір алмасу клубын ұйымдастырды. Республикалық және облыстық конференциялардың, семинарлардың қатысушысы. Оқырмандарға қызмет көрсету және көпшілік жұмыс түрлерінің мәселелері бойынша кеңестер береді. Облыс кітапханаларына әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді. Кітапхана-

ның кәсіподақ комитетінің төрайымы (1996 жылдан). Павлодар облысының мәдениет департаментінің, облыстық кәсіподақ комитетінің, облыстық кітапхананың, облыстық мәдениет басқармасының граматаларымен және алғыс хаттарымен, Республикалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағының Құрмет белгісімен марапатталды.

Жаңа терминдер картотекасы – АББ 2001 жылдан жүргізеді. Соңғы кездері баспа беттерінде және сөйлеуде қолданылатын, белгілі бір терминдерден тұрады. Терминдер туралы мәлімет мерзімді басылымдардан алынады. Орналасқан жері – каталогтар залы. 1,2 мың термин енгізілген. Күнсайын толықтырылады.

Жаңа түсімдер көрмесі – Көрнекілік насихаттау және оқырмандарды ақпараттандыру мақсатында кітапханаға түскен баспа басылымдарының және құжаттардың тұрақты көрмесі. Әр бөлімде «Жаңа кітаптар – Новые книги» тұрақты кітаптар көрмелері ұйымдастырылады. (Қараңыз «Виртуалды көрме»).

Жариялым – Телеарна немесе радиохабар, баспалар арқылы хабарларды жеткізу. С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың жұмысы туралы республикалық және облыстық мерзімді басылымдарда мақалалар шығып тұрады. «Кітапхана әлемі», «Кітапхана», «Кітап патшалығы» атты журнал

дарда мамандардың инновациялық іс-тәжірибелері жайлы мақалалары жарияланып тұрады. «Звезда Прииртышья», «Сарыарка самалы», «Регион KZ», «Городская неделя» және т.б. облыстық және қалалық газеттерде өткізілген іс-шараларға байланысты мақалалар жарық көреді.

Жарнама – Қараңыз «Кітапханалық жарнама».

Жас кітапханашылар слеті – Мемлекетіміздегі жас кітапханашылардың алғашқы слеті Астана қ. 2008 ж. 23-24 сәуір айында өтті. Мақсаты – Қазақстан кітапханаларында жас мамандарды, кітапханашы мамандығының оңтайлы имиджін тұрақтандыру, мансаптық ілгерілеу мақсатында болашақ кадрларды табу. Слетке Қазақстандағы жас кітапханашылардың 100 ең жақсы өкілі қатысты, соның ішінде Павлодар облысының өкілдері: А.Ж. Еденова (ОӘФК-ның библиографы), Ж.Т. Скурлатова (Железин ОКЖ-ның Ц. Церковянск ауылдық модельдік кітапханасының кітапханашысы), С. Абдрахманова (Екібастұз ОҚК-нің библиографы), Ж. Кенжебекова (облыстық арнайы кітапхананың кітапханашысы), З.Т. Молдабаева (Успен ОКЖ-ның Қоңыр-өзек ауылдық кітапханасының кітапханашысы), топ жетекшісі М.А. Жиенбаева (ОӘФК директоры). З.Т. Молдабаева «Өлкетану кітап-

хана жұмысының басты артықшылығы ретінде» атты жобасымен бірінші орынға ие болды. Қазақстанның жас кітапханашыларының алғашқы слеті жұмысына қатысқандар: ҚР мәдениет және ақпарат министрі, ҚР Президенті әкімшілігінің өкілдері, Білім және ғылым министрлігі өкілдері, «Нұр Отан» ХДП-ның, Қазақстан жастары Конгрессінің өкілдері, кітапхана жетекшілері, мемлекеттік құрылымдардың жауапты қызметкерлері, көрнекті Қазақстан жазушылары және қоғам қайраткерлері, таяу және қиыр шетелдегі – Ресей, Дания, Норвегия, Словакия, Шри-Ланкадан танымал шығармашылық және ғылыми зиялы қауымының қайраткерлері.

Жасөспірімдер секторы – Қараңыз «Жасөспірімдер кафедрасы».

Жасөспірімдер кафедрасы – 1997 жылдың қаңтарынан бастап жұмыс істейді. 15-тен 21 жасқа дейін жасөспірім оқырмандарды құрайды. Мақсаты: мектеп жоғары сынып, колледж оқушыларын, ЖОО студенттерін, қызмет ететін жастарды жүйелі оқуға тарту; кітапхананың ақпараттық ресурстарын қолдану және беру; оқу мәдениетін меңгеру және өз бетінше оқуда көмек көрсету; жасөспірімдерге дифференциалды қызмет көрсетуді ұйымдастыру; оқырмандармен жеке және көпшілік жұмыстар процесінде оқуды басқару; кітапхана-библиографиялық білімді насихаттау және мәдени оқуға тәрбиелеу.

Жасөспірімдерге арналған кафедрa – Қараңыз «Жасөспірімдер кафедрасы».

Жасөспірімдер секторы – Қараңыз «Жасөспірімдер кафедрасы».

«Жасыл планета» экологиялық лекторийі – Қараңыз «Жасыл планета» эколекторийі.

Жиенбаева Майя Әбдірахманқызы – 1956 ж.т. әл-Фараби ат. Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапханалық факультетін (1977) бітірді. 1977-1979 жж. – Ақсу қ. ОАК библиограф. 1979-1983 жж. – облыстық кітапханада бас библиограф, әдіскер. 1983-1985 жж. – кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі. 1985 ж. – облыстық кітапхананың директоры. М.Ә. Жиенбаеваның басқаруымен облыстық кітапхана ірі ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Оның қатысуымен кітапханада бірнеше жобалар: «Кітапхана және өлкетану», «Экология жизнь», «Открытая библиотека», «Библиотека – центр культуры и досуга», «Айна» галереясы, «Шаңырақ», «Жанашыр» жасалып, іске асырылуда, кітапхана республикадағы алдыңғы қатарлылардың бірі болды. Облыс кітапханаларында еңбекті ұйымдастырудың бригадиялық формалары енгізілді, НТИ кабинеттері, пікір-талас, өлкетану клубтары, «Техникалық идеялар жәрмеңкесі» құрылды, кітапханалар күні өткі-

зіле басталды, кадрлармен түрлі жұмыстар жүргізіле басталды. 1987 ж. Павлодар қ. республикада алғашқы рет № 12 кітапханасының базасында КСРО халықтары әдебиеттері кітапханасы ашылды. 1988 ж. техникалық және ауылшаруашылығы секторының базасында бөлім ашылды. 1993 жылы кітапханада қазақ әдебиеттер бөлімі ашылды, оқырмандар арасында кең тарады. 2001 ж. кітапханалық процестерді автоматтандыру бөлімі, шетел тіліндегі әдебиеттер бөлімі ашылды. Оның басқаруымен 1993 ж. кітапхана республикада кітапхана процесін автоматтандыру жұмыстарын бірінші болып бастады. 1997-1999 жж. «Сорос-Қазақстан» қорының, «Ашық қоғам» институтының екі грантына ие болды. Осының арқасында кітапхана оқырмандарға жоғары деңгейдегі, жаңа ақпараттық технологиялар – электронды пошта және Интернет арқылы қызмет көрсету мүмкіндігі пайда болды. 1999 жылы «Пушкин кітапханасы» мегажобасына қатысты. Облыстық кітапхана жасап, облыстық мәслихатта бекітілген «Ауыл кітапханасы» бағдарламасы кітапханаларды жаңғырту бағдарламасын іске асыруға ықпал жасады. Көп жыл бойы М.Ә. Жиенбаеваның басшылығымен ұжым кітапханада қалыптасқан дәстүрді сақтап, тарихын жалғастырып келеді, кітапхананың оқырмандарын жылы қарсы алады. Москва (1995),

Стамбул (1997), Судак (2006), Сеул (2006), Милан (2009) қалаларында өткен ИФЛА Халықаралық кітапханалық форумның қатысушы. Ульяновск, Ижевск, Вильнюс, Алматы, Бішкек қалаларында өткен кітапхана ісінің даму мәселелеріне арналған семинарларға қатысты. Басылымдардағы мақалалардың авторы: «Библиотечный менеджмент», «Кітапхана», «Кітапхана әлемі», «Молодые в библиотечном деле» (Россия), «Библиотеки Казахстана в информационном обществе» (мақалалар жинағы). «Кітапхана» республикалық журналында редакциялық алқалардың мүшесі. КСРО Мәдениет Министрлігінің «За отличную работу» белгісімен, алғыс хаттармен, Мәдениет министрлігінің, облыс басқармасының грамоталарымен марапатталған. 1998 жылы «ҚР Еңбек сіңірген қызметкері», 2003 жылы «Үздік кітапханашы» атақтарына ие болды, 2008 ж. ҚРҰАК сайтындағы «Кто есть кто в библиотеках Казахстана» ДБ енді, 2011 ж. ҚР ҰАК «Кітап жанашыры» медалімен, «Лучший по профессии» Республикалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағының дипломымен, «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Жылқыбекова Айнагүл Айтжанқызы – 1968 ж.т. Облыстық кітапханада 1994 ж. бастап жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту учи-

лищесінің кітапхана бөлімін (1990), әл-Фараби ат. Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (1994) бітірген, Челябинск Мемлекеттік мәдениет және өнер академиясының магистранты. 1994-2003 жж. – облыстық кітапхананың библиографы, 2003-2008 жж. – ҚазМҚА кітапханасының меңгерушісі, 2008 ж. – облыстық кітапхананың АББ меңгерушісі. Республикалық және облыстық конференциялардың, семинарлардың және т.б. қатысушысы. Жергілікті басылым және республикалық кәсіби басылымдардағы мақалалар авторы. «Павлодар облысында аталып және еске алынатын күндер» библиографиялық көрсеткішінің, «Павлодар Ертіс Өңірінің суретшілері», «Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945» библиографиялық көрсеткіштерінің, «Облыстағы өлкетанушылар» сериялардың құрастырушысының бірі. «Жүсіпбек Аймауытов» библиографиялық көрсеткішінің 2-ші басылымының дайындалуына қатысты. ҚККО жұмысты үйлестіруші, ДҚ-на библиографиялық жазбаларды енгізуімен айналысады. «Павлодар Ертіс Өңірінің» ТДҚ-ның құрастыруна, өлкетану басылымдарың цифрлеу қатысады. «Әділет» ОАҚА жұмысын ұымдастырады. Облыстық кітапхананың, ҚазМҚА, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің, облыстық мәдениет басқармасының алғыс

хаттарымен және грамоталарымен марапатталған. «Кто есть кто в Павлодарской области» (2006) анықтамалығына есімі кірді.

Жиынтық есеп кітабы – Баспасөз туындыларының немесе басқа материалдардың кітапханаға келіп түсуін, шығынын, сондай-ақ кітапхана қоры есебінің жиынтығын тіркеп отыратын кітапхана құжаты. 3 бөлімнен тұрады (Қорға түскен. Қордан шығарылған. Қордың қозғалысы). Есеп берудің қаржылық құжаты болып саналады, ақшалай құжаттардың ережесіне сәйкес кітапханада тұрақты сақталады.

Жоба – Кітапхана қызметінің жобасы электронды кітапхананы, тілдік орталықты кенейту, құқықтық тәрбие, басқа кітапханалармен байланыс, өлкетану, кәсіптік білім, мәдени-бұқаралық қызмет көрсетуді қалыптастырады. Облыстық кітапхана жобалары: «Ертіс Павлодар Өңірі» ЭК, «Тілтаным» ресурстық орталығы, «Шекарадағы кездесулер» ресейлік-қазақстандық бірлескен жоба, «Жанашыр» жобасы, «Кітапхана және өлкетану», «Кітапхана-мәдениет орталығы» және т.б.

Жұмабекова Үміт Жұмабекқызы (1942-1999) – Облыстық кітапханада 1988-1999 жж. жұмыс істеген. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1962), Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана факультетін (сырт-

тай, 1983) бітірген. 1962-1964 жж. – Май ауданының Жалтыр ауыл кітапханасының меңгерушісі, 1964-1965 ж. – Май ОАК оқу залының меңгерушісі, 1965-1973 жж. – Май ауданының ОАК, ОБК меңгерушісі, 1973-1974 жж. – облыстық кітапханада әдіскер, кітапханашы, 1974-1984 жж. – Май ОКЖ директоры, әдіскер, ОАК меңгеруші, 1984-1988 жж. – Ш. Уәлиханов ат. облыстық жасөспірімдер кітапханасының әдібиеттерді өңдеу бөлімінің кітапханашысы, 1988-1997 жж. – облыстық кітапхананың әдебиеттерді өңдеу бөлімінің меңгерушісі. Кітапханалардың орталықтандыру жүйесін құруына, кітапхана желісін кеңейтуге, ЭК құру жұмысына, кітапханалық процестерді автоматтандыруға белсенді қатысты. Кәсіпқой ретінде үлгі болды, әріптестер арасында сыйлы және беделді болып саналды.

Журнал мақалаларының шежіресі – ҚР мемлекеттік библиографиялық көрсеткіші, 1938 жылдан бастап РКП шығарады. Қазақстанда қазақ және орыс тілінде шығатын, журналдар мен жинақтарда жарияланған материалдар туралы ағымдағы ақпараттарды беруге арналған. АББ қорында 1985 жылдан бар.

Журнал – Мерзімді басылым. Әртүрлі қоғамдық-саяси, ғылыми және басқа әдеби шығармаларға байланысты басылып шығады.

Облыстық кітапханада 286 атау журнал алып тұрады. (Қараңыз «Журналдар қоры»).

Журналдар қоры – Кітапханалық қордың жартысы шығармалар ба-спасынан тұрады. Негізгі журналдың қоры мерзімді басылым дар оқу залы (2007 ж.) мен әмбебап оқу залында (2007 ж. дейін).

Жиенбаева Лейла Зәкірқызы – 1986 ж.т. Облыстық кітапханада 2003 ж. жұмыс істейді. Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжінің кітапхана бөлімін (2005) бітірдің. 2003 ж. – абонемент бөлімінің кітапханашысы. Жасөспірімдерге кітапхана қызметің көрсетуді ұйымдастыруымен айналысады, көркем әдебиетің насихаттайды, кітапхана іс-шараларының өткізуіне белсенді қатысады, жасөспірімдерді кітап оқу дағдысын қалыптастырады.

Жүнісова Күләш Эксанқызы – 1959 ж.т. Облыстық кітапханада 1978 жылдан жұмыс істейді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1983) бітірді. 1978-2002 жж. – кітап қорын толықтыру бөлімінің кітапханашысы. 2002 ж. кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі. Кітапхана қорын толықтыруда, керекті әдебиеттерге тапсырысты дайындауға, мерзімді басылымдарға жазылуға үлкен жұмыс жасайды. Баспалармен, әдебиет дүкендерімен, сыйлаушылармен тығыз байланыста. Әдебиеттерді орналастырады, облыс ОКЖ арасында мемлекеттік

тапсырыспен алынған кітаптарды бөледі. Кітап қорын толықтыру мәселелері бойынша семинарларға қатысады. Облыстық мәдениет басқармасының, ҚР ҰАК, облыс кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

Жүйелі картотека – Қараңыз «Жүйелі мақалалар картотекасы».

Жүйелі каталог – **КБЖ сәйкес салалар бойынша жасалған б.ж. орналасқан кітапханалық каталог.** ЖК орыс тілде 1950 ж., қазақ тілде 19770 ж. жүргізіледі. Өлкетану бойынша ЖК 1957 ж., авторефераттардың ЖК 1995 ж. жүргізіледі.

Жүйелі мақалалар картотекасы (ЖМК) – 1957 ж. басталады. Құру мақсаты – оқырмандар сұраныстарын қанағаттандыру, қажетті ақпаратты іздеу. Баспа және қолжазба карточкалары ұсынылған. Картотеканы ақпараттық библиографиялық бөлім жүргізеді, каталогтар залында орналасқан. Картотеканың тақырыптық аясы барлық салалар бойынша әдебиеттерді біріктіреді. Картотекаға еңгізілген б.ж. – журналдардан, газеттерден, жинақтардан. Материалдардың топтастырылу әдісі – жүйелік. АПК бар. Жаңа түсімдердің сипаттамасы картотекада ай сайын көрініс табады. Картотеканың каталогтар ерекшелігі – газет, журнал, мерзімді және жалғасы бар басылымдардағы жаңа материалдардың жылдам көрініс табуы.

«Жүсіпбек Аймауытов» – Библиографиялық көрсеткіш. 2003 ж. бірінші басылымы шықты. Екінші басылым «Бір ел – бір кітап» 2011 ж. акциясы аясында шықты. Жазушы туралы 200 жаңа материалдар кірді. Көрсеткіш қазақ және орыс тілінде 2 негізгі бөлімде көрсетілді. Бұл Аймауытовтың шығармалары мен ол туралы әдебиеттер. Кітаптар, монографиялар және мерзімді басылымдардағы мақалалардан басқа, көрсеткіште халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары, құжаттар, авторефераттар, рецензиялар енгізілген. Көрсеткіш Ж. Аймауытов туралы дәйек сөздермен, фотосуреттермен толықтырылды.

Жұмыс станциясы – Желідегі кезкелген сервер болып танылмайтын, тұтынушылар жұмыс істейтін компьютер. Жұмыс станциясының басты талаптары: жедел жұмыс, оперативті жадының көлемі. Облыстық кітапханада – 31 АЖО.

Жылжымалы оқу залы – Мүмкіндігі шектеулі пайдаланушыларға облыстық кітапхана қорынан құжаттарды алып пайдалану үшін қолайлы жағдай жасайтын, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға көмектестетін стационардан тыс қызмет көрсету формасы. Жылжымалы оқу залы «Оптимист» мүгедектер және «Көмек» қоғамдарымен бірлесіп жұмыс жасайды.

3

«**Заң**» – құқықтық толық мәтінді ДБ екі тілде жүргізіледі. 1990 ж. бастап бүгінгі дейін 48,0 мың аса құжаттардан тұрады. 1938-1989 ж. дейін нормативті құқықтың актілері архивте сақталған. Пайдаланушы-ра: студенттер, ұстаздар, зейнеткерлер, мамандар, мүгедектер, және т.б.

«**Звезда Прииртышья**» – Облыстық газет. 1918 ж. бастап жарық көреді. Кітапхананың ақпараттық серіктесі болып саналады. Газет беттерінде облыстық кітапхананың қызметі туралы материалдар жарияланады.

Золотухина Марина Анатольевна – 1971 ж.т. Облыстық кітапханада 1995 ж. жұмыс істейді. ППИ (1993), С. Торайғыров ат. ПМУ кітапхана факультетін (2006) бітірді. 1993-1995 ж.ж. – № 4 орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1995 ж. – облыстық кітапхананың балалар бөлімінің кітапханашысы. Қазақстан балалар жазушыларының шығармашылығын, балалар әдебиетін біледі. Балалар үшін ЭК кұрумен, оқырмандардың ақпараттық мәдениетін насихаттаумен айналысады. Балаларға арналған көпшілік шаралардың, балалар мен жасөспірімдер кітаптарының апталығының, жазғы оқу бағдарламасын іске асыру жұмыстарының қатысушысы. Қосымша білім беру балалар университетінде, ақпараттық сауаттылық мектебінде жұмыс жүргізеді.

«За и против» пікір-талас клубын жүргізеді. Облыстық кітапхананың алғыс хаттымен марапатталды.

И

Иванова Галина Евгеньевна – 1958 ж.т. Облыстық кітапханада 1986 ж. жұмыс істейді. АМУ-нің филология факультетін (Барнауыл, 1981) бітірді. 1986 ж. – оқу залының кітапханашысы, 1987-1994 жж. – библиограф, 1994-2005. – әдіскер, аға кітапханашы, 2005 ж. – автоматтандыру бөлімінің меңгерушісі. «Кітапхана», «Кітапхана әлемі», «Кітап патшалығы», «Библиотечная газета» кәсіби басылымдарында мақалалары жарық көрді. «Ауыл кітапханасы 2004-2006 жж.» облыстық бағдарламаны жасауға қатысты үлгілік кітапханашылар бойынша «Ауыл кітапханасы» мультмедиялық басылымын жасады. «Ертістің Павлодар Өңірінің электрондық әдеби картасы» жобасын жасады. Облыстық кітапхана сайтының администраторы. «Қырым 2011» халықаралық конференция жұмысына қатысып, «Информационные технологии в практике работы библиотек Павлодарской области: перспективы и возможности» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Кітапхана ісі, облыс кітапханаларына ғаламтор-технологияны еңгізу, IT-технологияны үйрету туралы өзекті мәселелерге қатысты республика-

лық және облыстық семинарларға қатыстады, «Қазақстан жазушылары-балаларға», «Мәдениет және өнер бойынша жаңа әдебиеттер», модельдік ауыл кітапханаларының сайттарын құру туралы әдістемелік ұсыныстар жасады. Павлодар облысы әкімінің, облыстық мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың алғыс хаттарымен, грамоталарымен марапатталды.

Иванова И. – 1939 жылғы шілдеден облыстық кітапхана директоры болған.

Иллюстрациялар картотекасы – 1990 жылдан жүргізіледі. Мерзімді басылымдардағы, альбомдардағы иллюстрациялардың библиографиялық сипаттамалары алфавиттік ретпен көрсетілген. 1,5 мың б.ж. бар. Онда Қазақстандық, орыс және шет елдердің белгілі суретшілерінің картинаға иллюстрацияларының сипаттамасы жинақталған.

Инвентарлық кітап – Басылымдардың әрбір данасын және кітапханалық қорға келіп түскен немесе қордан шығарылатын жеке есепке алу, сондай-ақ сақталуын қадағалау үшін арналған құжат. Инвентарлық кітап кітапхана қорындағы бар құжаттардың құжаттамалық тізімі. Инвентарлық кітап бойынша әрбір нақты құжаттың құны белгіленеді, сондай-ақ кітапхана қорының құны анықталады, қорға тексеру жүргізіледі. Инвентарлық кітап қаржылық құжат болып танылады және

ақша құжаттарын сақтау ережесіне сәйкес сақталады. 1947 жылдан бері сақталған.

«Интернет және балалар» акциясы – Акцияның басты міндеттерінің бірі – кітап және оқуды насихаттау үшін Бүкіләлемдік желіні, мектеп оқушыларын жаңа ақпараттық технологияларға үйрету. Жыл сайын облыстық кітапхананың балалар бөлімінде өтеді.

ИФЛА – Кітапханалық Ассоциациялардың халықаралық федерациясы. Негізі 1927 жылы қаланған. ИФЛА кітапханалық ассоциацияларды, кітапханаларды, және кітапханашыларды мамандырылуы мен кітапхана типіне қарамастан біріктіреді. ИФЛА-ның негізгі мамандандырылған құрылымдары – кітапхана типіне сәйкестендірілген және кітапхана қызметінің түріне сай секциялар мен дөңгелек үстелдер, ИФЛА халықаралық серіктестіктің дамуын кітапхана ісінің барлық саласындағы зерттеулер мен талқылауларға себепші. ИФЛА ЮНЕСКО-ның жанында кеңестік мәртебеге ие. Жоғарғы мүшесі Кеңес (барлық мүшелердің жиыны), ол Атқару бюросына кандидаттарды ұсынады. М.Ә. Жиенбаева, облыстық кітапхана директоры – Мәскеу (1991), Стамбул (1997), Сеул (2006), Милан (2009) қалаларында өткен ИФЛА халықаралық форумдарының қатысушысы.

Исакаева Майя Жолдасбекқызы – 1968 ж.т. Облыстық кітапханада

1995 ж. жұмыс істейді. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1995) бітірген. 1988-1992 жж. – Ақтоғай ауданы Спартак ауылдық кітапханада аға кітапханашы. 1992-1995 жж. – Ақтоғай ОАК әдістемелік бөлімнің меңгерушісі. 1995 ж. – облыстық кітапхананың әдіскері. 1996-2008 жж. – библиограф, 2005 жылы бас библиограф, 2007-2008 жж. – АББ меңгерушісі, 2011 жылдан бері – Кітап қорын сақтау бөлімінің меңгерушісі. Кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратымен жұмыс жасап, мемлекеттік тілде библиографиялық құралдарды жасады. «Павлодар облысында аталып өтілетін және еске алынатын күндер» библиографиялық көрсеткіштің, «Облыс өлкетанушылары» сериясын құрастырушыларының бірі. «Тың: дала дастаны, тарих шежіресі», «Жер және заң», «Дархан даланың данышпан ұлы» (М.Ж. Көпеевтің 150-жылдығына), «Бейбітшілік пен бірліктің онжылдығы» (ҚР Тәуелсіздігінің 10-жылдығына), «Ата заң-алтын діңгегіміз» (ҚР Конституциясының 15 жылдығына), «Павлодар облысының ақын-жыраулары», «Ата жұрт – алтын бесігім» (оралмандардың тарихи отандарына оралуына 15-жылдығына), «Бәсекеге жарамдылық-тұрақтылық пен дамудың негізгі факторы. Павлодар облысының экономикасы: аймақ-

тық, әлемдік экономикаға қосқан үлес», «Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945» (Ұлы Жеңістің 65-жылдығына) және т.б. тақырыпты құралдарды дайындады. «Жүсіпбек Аймауытов» библиографиялық көрсеткішінің 2-ші басылымын жасауға қатысқан. Кітапханалық мәселерге арналған республикалық және облыстық семинарларға қатысушы. Әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету үшін облыс кітапханаларына барады. «Сирек кітаптар» ДБ жүргізеді, өлкетану әдебиеттерді сандық форматқа келтіреді. Павлодар облысы Мәдениет басқармасының, ҚР ҰАК, Облыстық кітапхана, грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Исаканова Светлана Шаймұратқызы – 1962 ж.т. Облыстық кітапханада 1987-2007 жж. істеген. Н. Крупская атындағы Ленинград мемлекеттік мәдениет институтының кітапхана факультетін (1987) үздік бітірді. 1987-1995 жж. – әдіскер, 1995-1999 жж. – директор орынбасары, 1999-2005 жж. – АББ меңгерушісі., 2005-2007 жж. – кітапхана директорының орынбасары. Облыстық кітапхананың дамуына, библиографиялық қызметін толық жетілдіруіне көп үлес қосқан. С.Ш. Исаканова жасаған атақты жерлестерімізге арналған «Жүсіпбек Аймауытов», «Серик Имантаевич Джаксыбаев» библиографиялық көрсеткіштер және «Крестьянские (фермерские) хозяйства Пав-

лодарской области», «Тың: дала дастаны, тарих шежіресі», «Жер және заң», «Кредитование сельхоз-производителей», «Павлодар облысының ақын-жыраулары», «Бәсекеге жарамдылық-тұрақтылық пен дамудың негізгі факторы. Павлодар облысының экономикасы: аймақтық, әлемдік экономикаға қосқан үлес», еске алынатын және аталып өтілетін күнтізбе және т.б., өзекті басылымдар өлкетану қызметінде белгілі көрініс алды. С.Ш. Исаканова өңдеген «Жанашыр», «Ауыл кітапханасы» конкурстық жобалары «Сорос-Қазақстан» қорының және «Ашық қоғам» институтының гранттарын алуға қатысып, облыстық кітапханада әлеуметтік – қорғаусыз оқырман топтарына қызмет көрсетуді белсендірді, техникалық материалдық жағдайды жақсартуға, ауыл кітапханарын жаңғыртуға мүмкіндік берді. «Ауыл кітапханасы» бағдарламаның қорытындысы бойынша Павлодар облысында жаңғырту іс-тәжірибелері туралы «Модель сельской библиотеки» атты материал шығарды, оны республикалық кітапханалар қолданады. «Ауыл дамуы – ел дамуы» жобасының, «Асар» шығармашылық лабораториясының авторы. «Жанашыр» жобасын іске асыруға белсенді қатысты. «Әділет» орталығының бастамашысы. ҚР Мәдениет министрлігінің, ҚР ҰАК, облыстық мәдениет басқармасының

облыстық кітапханасының грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. 2007 ж. бастап ПМПИ ғылыми кітапханасының директоры.

К

Culture Club – Ағылшын тілін сүйюшілерге арналған апталық клуб. 2011 жылы шетел тілдеріндегі әдебиеттер бөлімі ұйымдастырған. Ағылшын тілді елдердің мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді.

Кадрлар – Кітапханалар қызметінің жоғары деңгейде болуы ұжымның жоғары кәсібилігіне байланысты. С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада 55 кітапхана қызметкері еңбек етеді. Өндірістік міндеттерді шешуде, кітапханашыларды жаңа техникалық қызметтерге бейімдеуге, кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға «Professional» бағдарламасы себептеседі. Кітапханада жасалған бағдарламаға сәйкес жаңа қызметкерлерді кәсіптік дағдыны меңгертуге байланысты үйрету сабақтары жүргізілді. Автоматтандыру бөлімі, ақпараттық – библиографиялық бөлімі және әдебиеттерді өңдеу бөлімі қызметкерлерге сканерлеу, слайд жасау, сандық форматқа көшіру, РАБИС бағдарламасымен, Windows, EXel, Power Point бағдарламаларымен және т.б. жұмыс жасауды үйрету

бойынша сабақтар жүргізеді. Каталогтандыру мектебі қызметкерлерді ГОСТ 7.1-2003 сәйкес библиографиялық жазбаларды енгізуге, библиографиялық сипаттама жасауға, жазбаларды редакциялауға және т.б. үйрету жұмыстарын жалғастыруда.

Казанцева Антонина Анатольевна – 1982-1988 жж. – Ш. Уәлиханов ат. облыстық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы, 1988-2002 жж. – облыстық кітапхананың кітап сақтау бөлімінің кітапханашысы, 2002-2010 жж. – кітап өңдеу және каталогтандыру бөлімінің кітапханашысы, 2010 ж. – бөлім меңгерушісі. Облыстық семинарларға, семинар-тренингтерге қатысып, РАБИС бағдарламасы бойынша сынақ істерін өтizedі. ЭК библиографиялық сипаттама жасау және жолдарды толтыру бойынша Инструкцияны құруға қатысты. ЭК мәселесі жөніндегі республикалық семинарға (2011 ж., Өскемен қ.) қатысты. Облыстық мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың алғыс хаттарымен марапатталды.

Карандашова Тамара Васильевна – Кітапхана оқырманы, жанашыры. Қазақстан журналистикасының ардагері. Н. Крупская ат. Ленинград мемлекеттік мәдениет институтын (1965) бітірді. 1966-1967 жж. – облыстық балалар кітапханасының кітап толықтыру бөлімінің кітапханашысы, 1967-1969 жж. – облыс-

тық кітапхананың библиограф, әдістемелік бөлімінің меңгерушісі, 1969-1996 жж. – облыстық теледидарының корреспонденті, 1997 ж. «Новое время» газетінің корреспонденті. Қазақстан журналистикасының 50 жылдығына орай лауреат атағы берілді, Ертістің Павлодар Өңірінің мәдени өмірін сипаттау үшін Павлодар облысы әкімінің грантын алды. Т. Карандашованың мақалалары облыс кітапханаларының барлық қызметіне объективті баға береді.

Картотека төлқұжаты – Қызмет құжатындағы картотеканы анықтайтын ақпарат берілген: атауы, ұйымдастыру мерзімі, б.ж топтау тәсілі, оқырмандық белгілеу, көрсетілген қорлар және т.б. Төлқұжат АББ сақталады, картотекаға жауапты бөлім қызметкерімен толықтырылады.

Каталогизатор – РАБИС модулі. Ол арқылы құжаттардың толық сипаттамасы беріледі. ЭК негізі, осы модуль арқылы құрылған б.ж.

Каталогтандыру – Кітапхана каталогын ұйымдастыруға және құруға кіретін процестер жиынтығы. Өдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімінің қызметкерлері құжаттарды кітапханалық толық өңдеу, б.ж. жасау, жүйелеу, ЭК б.ж. шығару жұмыстарымен айналысады.

Каталогтандыру мектебі – 2004 ж. құрылған. Мектептің жұмысын

әдебиеттерді өңдеу және каталогтандыру бөлімі жүргізеді. Мектептің аясында облыстық кітапхананың және облыс кітапханаларының қызметкерлеріне РАБИС бағдарламасын меңгертуге, құжаттардың б.ж. жасауға, құжаттардың жалпы индекстеуге, ЭК статистикасын есептеуге, электронды анықтаманы редакциялауға консультациялар, тәжірибелік сабақтар, стажировкалар жүргізіледі. Мектептің сабақтары БЖ дұрыс жасау сапасын арттыруға бағытталған.

Каталогтар – Кітапханада карточкалы Бас АК, қазақ және орыс тілдерінде АК, қазақ және орыс тілдерінде ЖК, қазақ және орыс тілдерінде авторефераттардың АК, қазақ және орыс тілдерінде авторефераттардың ЖК, ЭК бар.

Каталогтар залы – КАА орналасқан жері. Онда: алфавиттік, жүйелі каталогтар, «Казахстаника» жиынтық, «Павлодар Ертіс Өңірі» өлкетану картотекалары бар. Оқырмандар үшін 7 АЖО құрылған. Оқырмандар өзінше және кезекші библиографтың көмегі арқылы өзіне керекті тақырып бойынша әдебиеттерді таба алады.

Каталогтың төлқұжаты – Қызмет құжатындағы каталогты анықтайтын ақпарат берлген: атауы, ұйымдастыру мерзімі, б.ж. топтау тәсілі, оқырмандық белгілеу, көрсетілген қорлар және т.б. Төлқұжат әдебиеттерді өңдеу бөлімін-

де сақталады, каталогқа жауапты бөлім қызметкерімен толтырылады. Кітапханада төлқұжат электронды каталогқа және карточкаға құрылған. Жыл сайын төлқұжаттар жаңа ақпараттармен толықтырылады.

Кәрімов Қанат Сәрсенұлы – 2009 ж. Павлодар облысы мәдениет басқармасының бастығы. Облыс кітапханаларының дамуына, қоғамдық және мәдени өміріндегі кітапхана рөліне көп көңіл бөледі. Мәдени ошақтарды, оның ішінде кітапханаларды қалпына келтіруге және күрделі жөндеу жұмыстарына көп көңіл бөледі. Ауылдық кітапханалар қорын толықтыруға зор үлес қосты.

Кәсіби деңгейді көтеру курстары – Қараңыз «Біліктілікті арттыру курстары».

Кәсіптік сағат – Кітапханалық – библиографиялық жұмысының түрі. Колледждер, кәсіптік лицейлер, мектептер оқушылары арасында жүргізіледі. Кәсіптік сағаттың тақырыптары: «Я изучаю автодело», «Мастер-отделочник широкого профиля», «Я – электрогазосварщик», «Парикмахерское дело» және т.б.

Келім саны – Кітапхананы пайдалану қарқының сипаттайтын көрсеткіш. Келім саны бір оқырманға келетін келушілер санымен өлшенеді.

Кибанова Марина Васильевна – 1971 ж.т. Облыстық 1992 ж. жү-

мыс істейді. Павлодар политехникалық техникумын (1989), АЭ және СИ (2005) бітірді. 1989-1992 жж. облыстық мәдениет басқармасының есепшісі, 1992 ж. – облыстық кітапхананың есепшісі. Жоғары деңгейде банк және есеп құжаттарын, бухгалтерлік есепті, мемлекеттік сатып алуды жүргізеді, бухгалтерлік есептің жаңа тәсілдерін белсенді қолданады.

Классификатор – Облыстық кітапханаларға арналған КБЖ таблицасына сәйкес ЭК-та 2003 ж. орыс тілінде классификатор құрылды. Қазақ тіліне 2004 ж. аударылды.

Клубтар – Қараңыз «Қызығушылыққа байланысты клубтар».

«Книжная осень в Прииртышье» фестивалі – 2005 ж. 15 қыркүйектен 15 қазан аралығында өтті. Фестивальдің бағдарламасы: «Словам поэта нет преграды» әдеби-сазды кеш (Абай Құнанбаевтың 160 жылдығына); 3. Солтанбайұлының «Көпеев» кітабына тұсау кесер (Мәшһүр туралы 3-ші кітап); О. Григорьеваның «Никогда не оглядывайся» кітабына тұсау кесер; «Порыв вдохновенный» әдеби-сазды кеш (И. Байзақовтың 105 жылдығы); «Балаларға арналған әндер»: Павлодарлық композиторлар Н. Дүкенбай, Қ. Сәтиев балаларға арнайды; Жеңістің 60 жылдығына Ғ. Жұматовтың «Жеңіс жалауын желбіреткен» кітабына тұсау кесер; «Г.Н. Потанин и казахская ли-

тература» шолу (Г.Н. Потаниннің 170 жылыдығы); «Тарихтан тағылым» – С. Баязитовтың «Хан Ием» кітабына тұсау кесер; «Книжная осень в Прииртышье» әдеби мереке; «Кітапханаға кітап сыйла» акция.

Коваленко А.А. – 1939-1941 жж. облыстық кітапхананың директоры болған.

Комкина Татьяна Сергеевна - 1976 ж.т. Облыстық кітапханада 1995 ж. жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1995), АММИ (сырттай, 1999), Б. Ахметов ат. Павлодар педагогикалық колледжін (2001) бітірді. 1995-2009 жж. – оқу залының кітапханашысы, 2009 ж. – библиограф. Кітапхана іс-шараларының өткізуіне белсенді қатысады, жас-өспірімдерді кітап оқу дағдысына қалыптастырады. АБА, НҚА картотекасың қалыптасыруына қатысады. «Мақала» ДБ толықтырады, өлкетану қорың сандық көшірмесін жасайды. Облыстық кітапхананың құрмет қағазымен марапатталды.

Компьютерлік парк – Мекеменің компьютерлік базасы. Облыстық кітапханада 70 компьютер бар. Кітапханың әрбір бөлімінде қызметкерлерге арналған АЖО орналас-тырылған, 31 АЖО – оқырмандар үшін.

Конгресс – (Лат.) – халықаралық деңгейдегі үлкен съезд, ірі жиналыс. 2007 жылы сәуірде Астанада «Оқитын қоғам – бәсекеге қабілетті

елдің негізі» атты Халықаралық конгресс өткізілді. Орталық Азияда ЮНЕСКО және ИФЛА қолдауымен іс-шара бірінші рет өткізілді. Конгрестің жұмысына С.Ш. Исаканова (облыстық кітапхана), Р.Т. Зингер (Ақсу қ. ОКЖ директоры), О.Н. Вирайло (Шарбақты ОКЖ директоры).

Корпоративтік жазу – Облыстық кітапхана 2004 ж. бастап «Павлодар Ертіс өңірі» ЭК жобасының аясында аналитикалық жазуларды және жазулармен алмасуды жүзеге асырады. Осындай тәжірибе жұмыс нәтижесін арттырады және сапасын көтереді. Облыстың кітапханалары арасында үйлестіру жоспарына сәйкес республикалық, облыстық және аудандық мерзімді басылымдарды жазуда корпоративтік жазба бөлінген. Жобаны іске асыру аясында ОӘҒК ДБ кітапханалардың ДБ конверсиялау жүйесі құрылды, корпоративтік каталогтау технологиясы және құжаттарды электронды тасымалдау меңгерілді.

Корпоративтік ресурстар – Облыс кітапханаларының ДБ біріктіретін, ақпараттық ресурстар. «Павлодар Ертіс өңірі» ЭК – Павлодар облысы кітапханаларының корпоративтік ресурстары. (Қараңыз. «Павлодар Ертіс өңірі» электронды кітапхана»).

Көркемәдеби туындылардың бас тақырып картотекасы – Оқырмандарға белгілі тақырыптар бойынша әдебиеттерді іздеуді қамтамасыз етуге арналған. Бұл карто-

теканың жазулары шығарманың тақырыбы, олардың жанры, автордың аты беріледі. Картотека жасау және пайдалану жағынан қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Орналасқан жері – каталогтар залы.

Көркемдік көрме – Облыстық кітапхананың көрме жұмысының түрі. Мақсаты: жастардың белсенді шығармашылығының дамуы, эстетикалық қарастарын қалыптастыру. Көрмелерде сурет, акварель, графика көрсетіледі. Көркем көрмелер Е. Фридли, А. Ерашов, Ж. Амантаева, Ж. Сабденова, З. Асылғазина т.б. Павлодардың жас суретшілердің шығармашылықтарымен таныстырады.

Көрсеткіштер – Қараңыз «Библиографиялық көрсеткіштер».

«Кто есть кто в библиотеках Казахстана» ДБ – ҚРКК Кеңесінің бастамасымен құрылды. Мақсаты: республика кітапханаларындағы бас мамандарының, қазіргі кездегі кітапханашылардың өмірбаяндарын қоғамға жеткізу. 2008 ж. «Кто есть кто в библиотеках Казахстана» деректер базасына облыстық кітапхананың қызметкерлерінің, Павлодар облысының кітапхана ісі ардагерлерінің есімі енгізілді, соның ішінде М.Ә. Жиенбаева, Н.Ғ. Шайкенова, Қ.Б. Батталова, Т.Б. Ермакова бар. Деректер базасы «Қазақстан кітапханашылары» сайтында көрсетілген.

Кузнецова Надежда Константиновна – 1962 ж.т. Облыстық

кітапханада 1988 ж. жұмыс істейді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1986) бітірді. 1983-1988 жж. – С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапхана абонент, кітап сақтау бөлімдерінің кітапханашысы, 1988 ж. облыстық кітапхана балалар бөлімінің кітап сақтау бөлімінің кітапханашысы. Балалар әдебиетін жақсы біледі, жаңа әдебиеттерге шолулар, әдебиеттерді тандап, кітап сақтау бөлімінен кітап көрмелерін ұйымдастырады, балалар бөлімінің қорын есепке салып индикаторлар толтырады. Балалар әдебиеті каталогын ретрконверсиялайды. Облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Кітап – Қараңыз «Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күні».

Кітап дүкені – Кітап қорын толықтырудың басқа көздерімен қатар қорды толықтырудың маңызды көзі болып табылады. Облыстық кітапхана Павлодардағы кітап дүкендерімен белсенді ынтымақтастықта.

Кітап көрмесі – Арнайы іріктелген және жүйеленген шығармалар жиынтығы, танысу және қарау үшін оқырмандарға ұсынылады. Жыл сайын облыстық кітапханада 300-ден аса кітап көрмелері жасалады. Павлодардың мәдени өмірінің ажыратылмас бөлігі кітапханада өткізілетін кітап көрмелерінің керемет циклдері: «На пороге

XXI века», «Album», «Чтобы не пропало имя и слава тюркского народа», «Лучшие книги России» («Пушкин кітапханасы» мегажоба), «Облыстық кітапхана – бірінші курс студенттеріне», «Ата Заң – алтын діңгегіміз» және т.б.

Кітап қоры – Кітап басылымы белгілері бар баспасөз туындыларынан тұратын кітапхана қорының бөлігі. Кейде кітап қоры терминінің орнына «кітапхана қоры» деген термин қолданылады. Облыстық кітапхананың қоры кітаптардан, кітапшалардан, электронды басылымдардан тұрады. 1.01.2011 ж. 470,0 мың данадан аса кітап бар (мерзімді басылымдарсыз).

Кітап қорының сақталуы – Құжаттардың физикалық күйінің сақтығы мен бүтіндігін сақтауды қамтамасыз ету, соның ішінде гигиена, оқшаулау және құжаттарды өңдеу. Жыл сайын қор құру бөлімі кітап қорының сақталуы бойынша жұмыс жүргізеді: қорды толық тексеру, жартылай тексеру, көп сұралатын әдебиетті, мерзімді басылымдардың бар-жоғын тексеру.

Кітап мерекесі – Қараңыз «Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқығы күні».

Кітап сақтау бөлімі – Облыстық кітапхана құрылымының бөлімшесі. 1947 ж. құрылған, үлкен ауқымды қағаз басылымдарының тұратын құжаттардан тұрады. Барлық салалар бойынша кітаптар

топтастырылған. Соның ішіндегі сирек кездесетін және бағалы коллекциясында 1,0 мыңнан астам бірлік сақталған, XIX ғ. ортасы мен XX ғ. коллекциялардан, қазақ баспасөзінің факсимильдік және репринттік басылымдардан, миниатюрлардан, қолтанбалары бар кітаптардан тұрады. Облыс үшін маңызды ғылыми және мәдени мәні бар кітап қоры туралы ілімді тарау мақсатымен, кітап сақтау бөлімі кітап көрмесін тұсау кесерлерді тұрақты түрде ұйымдастырады, жаңа кітаптардың түскенін «Назарларыңызға жаңа кітаптар!» көрме қойылымынан көруге болады. Кең көлемдегі кітап көрмелері, қызықты библиографиялық шолулар «Чтобы не пропало имя и слава тюркского народа», «Кітап . Raritet», «Альбом. Album», «Егеменді елдің келбеті», «Кітап әлемі», және т.б. көрмелері көпшілік оқырмандардың көптеп келуіне ықпал етті. Кітап сақтау қорының ктіптары электронды және карточкалы каталогта көрсетілген, оқырмандарға бұл кітаптар қызмет көрсету бөлімдері арқылы берілді. «Сирек кітаптар» ДБ жүргізеді.

Кітап толықтыру – Қараңыз «Кітап толықтыру бөлімі», «Кітап қорын толықтыру көздері».

Кітап толықтыру бөлімі – Облыстық кітапхана бөлімшесі. XX ғ. 40-шы ж. құрылған. Кітап қорларын балалар, жасөспірім және жалпы оқырмандарға арналған баспа

шығармаларымен, мерзімді басылымдармен, электрондық және басылымның басқа түрлері мен толықтыруды қамтамасыз етеді. 2002 ж. бастап ауылдық кітапханалары үшін кітапханалық коллектор қызметін атқарады. «Мерзімді басылымдар» ДБ жүргізеді. (Қараңыз «Мерзімді басылымдар» ДБ).

Кітаппен қамтамасыз ету – Ауданның, қаланың әрбір тұрғынына немесе кітапхананың әрбір оқырманына бөлгенде олардың әрқайсысына келетін кітапхана кітабының орташа саны. Жыл аяғында кітапханадағы бар кітаптардың саны кітапханаға тіркелген оқырмандардың санына бөлумен есептеп шығарылады. Облыстық кітапханада кітаппен қамтамасыз ету коэффициенті әр оқырманға 15 кітаптан келеді.

«Кітаптар» ДБ – Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі кітаптарды, кітапшаларды, ноталық, картографиялық басылымдардың б.ж. 100,0 мыңнан аса б.ж. бар.

Кітапхана – Әлеуметтік институт, мәдени мұраларды ақпараттарды және білімді сақтайтын орны. Кітапхана ақпараттарды және көпжылдары жиналған білімдерді пайдалануға барлығына біркелкі мүмкіндік туғызады. С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана – қазіргі таңдағы жоғары технологиялық деңгейдегі кітапхананың жаңа моделі, аймақтағы ірі ақ-

параттық және мәдени орталық, ақпаратқа жедел және еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді, ұлттық – мәдени мұраны сақтауды ықпал етеді.

«Кітапхана – мәдениет орталығы» – Кітапхана жобасы 1998 ж. жүзеге асырылды. Оның мақсаты: кітап және өнер сүйушілерінің қарым-қатынасын ұйымдастыру, оқырмандардың көркемдік мәдениетін дамыту, әдебиет, өнер және мәдениет бойынша ақпарат беру. Жобада аясында «Айна» көркемдік галереясы, «Визит» әдеби-музыкалды қонақжайы, «Шәкен Айманов кинотеатрына шақырамыз» кинолекторийі, «Әлемдік көркемдік мәдениет» бейнелекторийі, «Мастерица» сәнділік-қолтаңба шығармашылық клубы жұмыс істейді.

Кітапхана байқаулары – Біліктілікті арттыру жүйесінде кәсіби шеберлік байқаулары қолданылады, мақсаты кітапханашылардың кәсіби деңгейлерінің өсуіне ықпал ету. Байқаулар кітапханашылардың білімін, білгірлігін, өздігінен білім алуларын айқындайды. 1986 ж. – «1986 жылы қаланың үздік кітапханашысы» қалалық байқау. 1991 ж. – «ОКЖ орталық кітапханаларының ұйымдастыру-әдістемелік бөлімін байқап қарау» облыстық байқауы.

1997 ж. – «Балалар кітапханаларының арасындағы дәстүрлі емес ең үздік кітап көрмесі» балалар кітапханалары арасындағы облыстық байқау.

2002 ж. – облыстық кітапхана «Мир возможностей @ вашей библиотеки» республикалық байқауға қатысты. Облыстық кітапхананың «Кітап. Кітапхана. Біз» бағдарламасы ҚРКҚ дипломымен марапатталды.

2002 ж. – облыстың 65 жылдығына арналған өлкетану бойынша ең үздік сценарий бойынша облыстық байқауы.

2007 ж. – Д. Әбілөвтің 100 жылдығына арналған «Елім деп соққан жүрегі» облыстық шығармалар байқауы.

2010 ж. – «Өлке CD-ROM форматында» облыстық байқау.

2011 ж. – «Оқу-өмірімнің сәні» облыстық фотобайқауы.

«Кітапхана және өлкетану» – Кітапхана бағдарламасы 1996 ж. бастап жұмыс істейді. Оның мақсаты: қазақстандық отансүйгіштікті тәрбиелеу, туған өлке тарихын зерттеу және насихаттау. 1998 жылдан жасөспірімдер үшін абонемент бөлімінде «Өлкетану» клубы жұмыс істейді (Қараңыз «Өлкетану» клубы). Ол тарихшыларды, археологтарды, музейлердің қызметкерлерін және туған өлке тарихын сүйушілерін біріктіреді. Өлкетанушылармен, Павлодар музейлерінің қызметкерлерімен кездесулер, өлкетану кітаптарына тұсау кесерлер, виртуалды экскурсиялар және көрмелер, тақырыптық әңгімелер өткізіледі.

Кітапхана блогы – Коммуникация құралы, оны кітапхана өзінің

жарнамасы ретінде, интерактивті қатынасты қамтамасыз ету және қызмет көрсету жүйесін жақсарту үшін пайдаланады. Кітапхана блогы өзінің ақпараттық өнімдерін және қызметін алға бастыруға көмектеседі, ақпарат берудің күшті құралы болады. 2012 жылы С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана кітапхана блогын құрайды.

Кітапхана бөлімдері – Облыстық кітапхананың қызметін 15 бөлім атқарады: абонемент, әмбебап оқу залы, қазақ әдебиеттер бөлімі, өнер бөлімі, ақпараттық-библиографиялық бөлім, ауыл шаруашылық және техникалық бөлім, шетел тіліндегі әдебиеттер бөлімі, кітап толықтыру бөлімі, кітап өңдеу және каталогтандыру бөлімі, кітап сақтау бөлімі, мерзімді басылымдар оқу зал, балалар бөлімі, статистикалық есеп және оқырмандарды тіркеу секторы, кітапханалық маркетинг және әдістмелік жұмыс бөлімі, кітапханалық процестерді автоматтандыру бөлімі. (Қараңыз сәйкес ұғымдарды).

Кітапхана жарғысы – нормативтік құжаттың түрі, мекеменің ұйымдастыру және қызмет тәртібін реттеп отыратын ережелер жиынтығы. Жарғы кітапхананың заңдық мәртебесін көрсетеді, кітапхананың және мекеменің үнемі қаржыландыру көзі, негізгі міндеттері, қол жеткізу шегі, мүліктік қарым-қатынасын реттеу, кітапхананы басқару тәртібі. 2011 жылы комму-

налдық мемлекеттік мекемеге ауысуына байланысты кітапхананың жаңа жарғысы бекітілді.

Кітапхана жарнамасы – Қараңыз «Кітапханалық жарнаманы».

Кітапхана келбеті – Облыстық кітапхана «имиджмейкингпен» тұрақты айналысады, әртүрлі көптеген шаралар өткізу арқылы кітапхана туралы игі ниеттегі қоғамдық пікірді құрайды және қолдайды. Үлкен қоғамдық пікірді келесі PR-шаралар туғызды: «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы, «Сіз әр тілде сөйлей аласыз...» тілдер апталығы, «Жыл бестселлері» хит-парады, «Славян жазуы және мәдениеті күндері» және т.б.

Кітапхана коллекциялары – Облыстық кітапханада миниатюрлі кітаптар, сирек және бағалы кітаптар, қолтаңбалы кітаптар коллекциялары бар. (Қараңыз сәйкес ұғымдарды).

Кітапхана қоры – Қараңыз «Кітап қоры».

Кітапхана қызметкерлерін аттестациялау – Кадрлық шара, тұлғаның еңбек деңгейіне, мүмкіндігіне, атқаратын қызмет талабына сәйкестігі және сапасын бағалауға арналған. Аттестациялау кадрларды орнына қоюға және тәрбиелеуге, талғауды жақсартуға, кәсіби шеберлігінің деңгейін, іскерлік шамандығын көтеруге ықпал жасайды.

Облыстық кітапханада аттестациялау үш жылда бір рет өткізіледі. 2010 ж. кітапхана қызметкерлері аттестациялаудан өтті, қорытынды бойынша кітапханашылардың санаты көтерілді.

Кітапхана қызметі – Баспа басылымдарын және басқа құжаттарды немесе олардың көшірмесін насихаттау және беру бойынша, оларды таңдауда және пайдалануда көмек көрсету. Кітапхана оқырмандарға қорларды кең пайдалануды қамтамасыз етеді, оқырмандардың сұранысын зерттейді, кітапханаға жұртшылықтың әр түрлі тобын белсенді тартады. Жыл сайын облыстық кітапхана 32,0 мынан астам оқырманға қызмет көрсетеді.

Кітапхана қызметтері – Кітапхананы пайдаланушылардың ақпараттық сұранысын қанағаттандыру және қалыптастыру, анықтау кітапхана ісінің нәтижесі. Кітапхана келесі қызметтерді көрсетеді: кітапханаға нақты құжаттарды алу туралы ақпарат беру; каталогтар және басқа формалар арқылы кітапхана қорының құрамы туралы ақпарат ұсыну; ақпараттар көздерін іздеуге және таңдауға консультациялық көмек көрсету; әдебиеттерді ашық қарау, кітапханада тақырыптық көрмелер ұйымдастыру; оқырмандарға оқу залының және абонемент бөлімінің кітапханалық қорынан уақытша пайдалануға құжаттар беру; оқыр-

мандардың қарым-қатынасын іске асыруға бағытталған мәдени шаралар (клубтар, лекциялар, әдеби кештер, оқырман конференциялары және т.б.) өткізу; кітапханалық-библиографиялық сауаттылықты және ақпараттық мәдениетті қалыптастыру; ксерокопия қызметі, электрондық тасмалдағышқа көшіру.

Кітапхана логотипі –



Кітапхананың ауызша – бейнелеу символы, толық, ықшамдалған немесе тақырыптың аббревиатура түрінде болады. Облыстық кітапхананың логотипінде ашылған түрінде кітап бейнеленген, ортасында шаңырақ – бірліктің символы. 2003 ж. Павлодарлық суретші Е. Фридлиן жасаған.

Кітапхана маркетингі – Облыстық кітапхананың маркетингі – бұл қызмет көрсету концепциясы, бұл күтудің басқару үрдісі, пайдаланушылардың мүмкіндігі мен нақты максималды толық қанағаттандыруы, әртүрлі ауылдық топтарымен эффектті басқарудың байланысы. Кітапханалық маркетинг жоғары сапалы кітапхананың жұмыс атқаруына байланысты, әртүрлі ақпараттық бос уақыттық түрінде оқырмандардың келуіне ынталандыру, үйірме, жарнама және т.б. қызықтырып біріктіру, қатысушылық санын көтеру, кітап беру,

оқуы, кітапхана қорына үндеу жасайды.

Кітапхана серіктестері – Бірегей қызметтің қатысушылары. Облыстық кітапхана ақпараттық және әлеуметтік әріптесті барлық мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен құрды. Ақпараттық әріптестер ішінде «Сарыарқа самалы», «Звезда Прииртышья», «Ертіс дидары», «Руханият», «Шаһар», «Городская неделя», «Новое время», «Версия» және т.б. облыстық және қалалық газеттері, облыстық телерадио бірлестігі. Әлеуметтік әріптестер: мәдениет мекемелері, «Қазақ тілі» облыстық қоғамы, қаланың жоғары және орта оқыту бөлімдері және т.б.

«Кітапхана ісі» – ДБ 2009 ж. жүргізіледі. Қазақстандық, ресейлік кітапханалық кәсіби басылымдардан б.ж. көрсетілген.

Кітапханалардың бірігуі – 1988 ж. Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің шешімімен жеке алдына Ш. Уәлиханов ат. облыстық жасөспірімдер, С. Торайғыров ат. облыстық балалар және Н. Островский ат. облыстық кітапханалары өздерінің қорларын сақтай отыра, облыстық бірлескен әмбебап ғылыми кітапхана аталды, жасөспірім және балаларға қызмет көрсету бөлімінің құрылымын толықтырды. 1988 ж. бастап С. Торайғыров ат.облыстық бірлескен кітапханасын М.Ә. Жиенбаева басқарады. (Қараңыз «Жиенбаева Майя Әбдірахманқызы»).

Кітапханалық астана – 2003 ж. ҚР мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі шешімімен Павлодар Қазақстанда кітапханалық астана болып айқындалды.

Облыстық кітапхана базасында «Жаңа кітапхана жаңа ақпараттық қауымдастықта. Моделді ауылдық кітапхана» республикалық конференция өтті, онда республикада алғашқы моделді ауылдық кітапхана – Орловка ауылдық кітапханасы көрсетілді. Қазақстанда алғашқы ауылдық кітапхана сайты құрылды – Шарбақты ауданының Орловка моделді ауылдық кітапханасының сайты. Бұл конференция облыс кітапханаларында жұмыс процестерін алдыңғы уақытта моделдендіру үшін бастау сәті болды. Қараңыз «Ауыл кітапханасы».

Кітапханалық жарнама – Кітапхана, оның көрсететін қызметі және өнімдері, нағыз мүмкіндігі бар пайдаланушыларға хабарлау мақсатында және қызмет пен өнімдер сұранысын ынтандырылу туралы ақпарат. Жарнама мақсаты – кітапхананы әйгілендіру және оның ресурстары мен қызметіне сұранысты көтеру. Облыстық кітапхана жарнамамен тұрақты айналысады, жергілікті БАҚ, белгілі теледидар арналарымен, облыстық радиомен белсенді қатынас жасайды.

Кітапханалық коллектор – Арнайы мемлекеттік кітапсату мекемесі, кітапхананы жоспарлы түрде әдебиеттермен қамтамасыз ету-

ге арналған. Павлодарда 1990 ж. ортасында жабылды. 2002 ж. кітапханалық коллектордың міндетін жартылай облыстық кітапхананың кітап толықтыру бөлімі атқарады, мемлекеттік тапсырысы бойынша түскен кітаптарды облыстың ОКЖ үлестіреді.

Кітапханалық қызмет – Қараңыз «Кітапхана қызметі».

Кітапханалық статистика – Кітапхана қызметі туралы цифрлердің деректер жиынтығы, арнайы бекітілген формалар негізінде алынған, өңделген, талданған және кітапханалық істі басқару мақсатында пайдаланылады. Кітапхананың барлық бөлімдерінде жүргізіледі.

Кітапханалық ортаны жаңарту – Кітапханалық қызметті жетілдіру, жаңарту, жаңа талап пен қалып, техникалық жағыдай, сапалық көрсеткіш сәйкестік көрсету. Павлодар обласында кітапханаларды жаңарту 2000 жылы басталды.

Кітапханалық-библиографиялық білім – Қараңыз «Кітапханалық библиографиялық білімді насихаттау».

Кітапханалық штат – Қараңыз «Кадрлар».

Кітапханалық процестерді автоматтандыру – Кітапхана саласына автоматтандыру құралдарын енгізу. Кітапхана автоматтандыру жұмысын 1994 ж. бастады. Кітапхананы автоматтандыру бірнеше

кезеңнен өтті: кітапхана бөлімдерін компьютерлік техникамен жабдықтандыру; РАБИС бағдарламасын пайдаланып ЭК б.ж. қалыптастыру; кітапханалық процестерін автоматтандыру; Ғаламтор жүйесіне қосу; кітапхана сайты құру; Ғаламтор жүйесіндегі кітапхананың ЭК ашық қол жеткізу. Кітапхана процесін автоматтандыру жетістігінің бірі ЭК құру болып саналады. Осы арада кітапханаға түскен басылымдардың б.ж. ЭК құрылды. Бүгінгі таңда 280,0 жазу бар.

Кітапханалық процестерді автоматтандыру бөлімі – Облыстық кітапхана құрылымының бөлімшесі. 2001 ж. бастап жұмыс істейді. Бөлімнің басты мақсаты: облыстық кітапхана сайтына әкімшілік жасау, ақпараттандыру, ЭК толықтырып, әрі қарай жұмысын жақсарту, өзіндік мультимедиялық өнімдерін жарыққа шығару, Ғаламторға қолжеткізу, кітапхана қызметкерлерін жаңа ақпараттық технологияларымен таныстырып, оқыту. 2010 ж. бастап оқырмандарға Wi-Fi қызметін ұсынды. Облыс кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетеді. (Қараңыз «Электронды ресурстар залы»).

Кітапханалық штат – Қараңыз «Кітапхана штаты».

Кітапханааралық абонемент (КАА) – Кітапханалық қызмет көрсету түрі, басқа кітапханалардың қорынан оқырмандардың пайдала-

ну үшін көрсетеді. КАА облыстық кітапхана 1960-шы ж. ашылды, оқырмандар Мәскеу, Ленинград, Алматы, Новосібір қ. Жылына 500 дана жуық кітап алып отырды. Соңғы жылдары КЭЖ арқылы жұмыс жасалынады. (Қараңыз «Құжаттарды электронды жеткізу»).

Кітапханалық астанасы – 2003 ж. ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі шешімімен Павлодар қ. Қазақстан бойынша кітапханалық астана болып айқындалды. Облыстық кітапхана базасында «Жаңа кітапхана – жаңа ақпараттық қауымдастықта. Үлгілік ауылдық кітапхана» республикалық конференция өтті, онда республика алғашқы үлгілік ауылдық кітапхана – Орловка кітапханасы көрестілді. Қазақстанда алғашқы ауылдық кітапхана сайты құрылды-Шарбақты ауданы Орловка үлгілік кітапханасының сайты. Бұл конференция облыс кітапханаларында жұмыс процестерін алдыңғы уақытта моделдендіру үшін бастау сәті болды. (Қараңыз «Ауыл кітапханасы»).

Кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау – Кітапхана қорын, АБА, ЭК, библиографиялық құралдарын пайдалану әдістемесін оқырмандарға жеткізу әдісі. Оқырмандарға анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету арқылы жүзеге асады.

Кітапханалық конференция – Конференция (лат.) – белгілі мәселелерді талқылайтын жиналыс, кеңес. Біліктілікті арттыру формасы, мақсаты кітапханалық іс-тәжірибелерді терең зерттеу, теориялық меңгеру және тәжірибелік ұсыныстарды жасау. Кәсіптік шеберлікті шыңдауға және іс-тәжірибелерді таратуға облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың маңызы зор. Бірінші облыстық конференцияның (1965) тақырыбы оқуды басқару мәселесіне арналды. «Қайта құру жағдайында облыстық кітапхана ісін дамытудың өзекті мәселелері» (1988) тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конференция облыстың мәдени өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары В.А. Шершнева, Қаз. КСР мәдениет министрлігі кітапхана ісі жөніндегі бөлім бастығы И.Д. Муко-сеева, «Библиотекарь» журналының корреспонденті Л.Х. Иртуганова, облыстық кітапхананың директоры М.Ә. Жиенбаева және т.б. баяндама жасады. ҚР МАҚБ шешіміне байланысты 2003 ж. Павлодар қ. Қазақстанның кітапханалар астанасы болып жарияланды, «Жаңа ақпараттық қоғамның – жаңа кітапханасы. Үлгілік ауыл кітапханасы» атты республикалық конференция өтті.

Кітапхананы басқару – Кітапхананың қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге бағытталған, олардың

жұмысының сапасын арттыру және пайдаланушылардың сұраныстарының өзгеруіне және қоршаған ортаның жағдайына сәйкес дамыту қызметі. 2010 ж. 8 желтоқсанда ҚР ҰК және ҚР ҰАК бастамасымен Астанада «Современная деятельность библиотек системы Министерства культуры Республики Казахстан: проблемы и их решение» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оның жұмысына еліміздегі облыстық әмбебап ғылыми кітапханаларының директорлары мен әдістеме бөлімінің меңгерушілері, көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтар үшін Республикалық кітапханалар қатысты. Дөңгелек үстелдің аясында шеберлік – сыныбы көрсетілді. Директорлар секциясында облыстық кітапхананың директоры М.Ә. Жиенбаева «Управление современной библиотекой» атты шеберлік сыныбын көрсетті.

Кітапхананы қаржыландыру – Кітапхананың шаруашылық механизмінің базалық элементі. Қаржыландырылған көздері: бюджет және бюджеттен тыс.

Кітапхананың библиографиялық қызметі – Шынайы және мүмкіндігі бар ақпаратты пайдаланушыларға, оларға қажетті өздерінің әр түрлі жеке, кәсіби немесе оқырманның (пайдаланушының) қоғамдық талабын қамтамасыз ету. Облыстық кітапхананың библиографтары анықтамалық және ақпа-

раттық қызметінін атқарады, «Павлодар облысы туралы жаңа әдебиеттер», «Павлодар облысының мәдени өмірі» және т.б. ДБ тұратын ақпараттық ресурстарды құрайды. РАБИС бағдарламасын енгізгеннен бастап библиографиялық және толық мәтінді ДБ құрауда.

Кітапхананың техникалық қызметі – кітапхана ұжымы, оқырмандарға қолайлы жағдай жасайтын, тынымсыз еңбек ететін жандар. Олар кітапхананың ғимаратын сақтау, өрт қауіпсіздігі, аймақтың тазалығы, тәртібі тәрізді кітапханалық шаруашылық жұмыстарының басты міндетін атқарады. Өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарайды, олардың еңбектері кітапхананың қалыпты қызмет көрестуін қамтамасыз етеді. Кітапхананың жұмысын Т.И. Курилова, Н.И. Сушко, Л.Ф. Родайкина, З.М. Козкеева, З.Н. Попугаева, С.А. Куницкая, Л.А. Иванова, Л.П. Дорошенко, Е.Г. Калина, Т.П. Пантелеева-Пашкина, Д.О. Сакенов, В.В. Чернов, Ю.А. Дорошенко, Е.Н. Шумейко, К.М. Козкеев қамтамасыз етеді.

Кітапханашы Күні – Алматы әкімшілігі бекітуімен, 15 қазан айы белгіленді. 10 жылдан соң қала деңгейінде мерекеленген мейрамды енді бүкіл ел тойлайды. 115 жылдай облыстық кітапханада маңызды «кітап» ахуалын оның қызметкерлері жасайды. Жылдар бойы

біреулер кетеді, олардың орнына өз мамандығын сүйетін басқа адамдар келеді, олар ғасырдан келе жатқан дәстүрлерді сақтайды және жалғастырады. Облыстық кітапханада кітапханашы Күніне әр уақытта ерекше бағдарлама дайындалады. Ең жақсы кітапханашылар құрмет грамоталармен және алғыс хаттарымен марапатталады.

«Кітапханашыға көмек жаңа әдебиеттер» – Кітапханалық хабаршы кәсіби басылымдардағы жаңа материалдармен мамандарды таныстыруға арналған. Мына бөлімдерден тұрады: Кітапхана ісінің жалпы сұрақтары, Кітапхана және білім, Балалармен және жасөспірімдермен кітапхананың жұмысы, Эстетикалық және адамгершілік тәрбие. Кітапхананы автоматтандыру, Қорлар мен каталогтар, Мәдени оқуға тәрбиелеу, Әлеуметтану, Құқықтық ағарту, Экологиялық ағарту, Сценарийлер.

Кітапханашыдан сұра – Ақпараттық желілік қызмет, пайдаланушыларға кітапхана сайтында қызықтыратын тақырып бойынша толық және нақты ақпарат алудың мүмкіндігін береді.

Кітапханашылардың оқуы – Облыстық кітапхананың және облыс ОКЖ-нің жас мамандары үшін РАБИС бағдарламасымен жұмыс жасау (мақалалар енгізу, редакциялау, сипаттама жасау, әдебиеттерді іздеу), кітаптардың сандық көшір-

месін жасау, толық мәтінді ДБ жасау бойынша оқулар жүргізіледі. Қараңыз «Біліктілікті арттыру», «Біліктілікті арттыру курстары».

Куценко Людмила Александровна – 1959 ж.т. Облыстық кітапханада 1979-2010 жж. істеді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1979), Куйбышев мәдениет институтының кітапхана факультетін (1985) бітірді. 1979-1989 жж. – облыстық кітапхана библиографы, бөлім меңгерушісі, 1989-1999 жж. – Ленин ат. ПТЗ парткабинетінің кітапханашысы, 1999-2000 жж. – облыстық кітапхананың ауыл шаруашылық және техникалық бөлімінің кітапханашысы, 2000-2010 жж. – шетел әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі. Шетел тіліндегі әдебиеттер бөлімінің ұйымдастыруына қатысты. Қала оқу орындарымен, Бейбітшілік Корпусының волонтерларымен байланыстырды және үйлестірді, кітапханалық мәселелері бойынша бірнеше жариялымдардың авторы. «My English» ағылшын тілін сүйетін клубын ұйымдастырған. Облыстық кітапхананың, облыс кәсіподақ кеңесінің грамоталарымен марапатталды.

«Күз сыйлығы» – Жыл сайынғы бау-бақша жетістіктерінің күзгі көрмесі. Ауыл шаруашылық және техникалық бөлімінің, «Наш очаг» клубының бастамасымен ұйымдастырылады. (Қараңыз «Наш очаг» клубы).

Қ

Қабышева Ақмарал Бектұрсынқызы – 1989 ж.т. Облыстық кітапханада 2011 ж. жұмыс істейді. Жаяу Мұса ат. Ақсу колледжінің кітапхана бөлімін (2008), ПМПИ тарих факультетін (2011) бітірді. 2008-2011 жж. – ПМПИ қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы, 2011 ж. – облыстық кітапхана әдіскері.

Қадырова Айнұр Қасболатқызы – 1976 ж.т. Облыстық кітапханада 1996 ж. жұмыс істейді Жаяу Мұса ат. Ақсу колледжінің кітапхана бөлімін (1996), «Педагог-психолог» маманы бойынша ПМПИ (сырттай, 2008) бітірді. 1996-2002 жж. – оқырмандарды тіркеу және есептеу секторының кітапханашысы, 2002 ж. – абонемент бөлімінің кітапханашысы. Іс-шаралар өткізуге қатысады. Бөлім қорының ретро-конверсиясымен, өлкетану басылымдарың сандық көшірме жасаумен айналысады.

Қажыбаева Жазгүл Кенесқызы – 1973 ж.т. Облыстық кітапханада 1996 ж. жұмыс істейді. Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау педагогика институтын (1995) бітірді. 1996-2005 жж. – облыстық кітапхананың қазақ әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы, 2005 ж. әдіскер. Қазақ тілін насихаттауға, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қалыптастыруға, отансүйгіштік тәрбиеге назар аударады. Әдістемелік ұсы-

ныстарды құрастырады, кеңестер береді. 2005 ж. Петропавл қ. өткен «Электронды кітапхана – high-tech мәдени мұраның сақталуын және оның пайдалануын қамтамасыз ету» республикалық конференцияға, 2006 ж. – «Сөйлейді Пушкин қазақша» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. Облыс кітапханаларының іс-тәжірибесі жайында жазылған мақалалары республикалық және облыстық басылымдарда жарық көрді. Павлодар облысы мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Қажыбаева Орынбасар Кенесқызы – 1964 ж.т. Облыстық кітапханада 2008 ж. жұмыс істейді. Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау педагогикалық институтын бітірді (сырттай, 2000). 1982-2003 жж. – Көкшетау облысы Уәлиханов ауданында орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, 2003-2005 жж. – Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінде қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы, 2008 ж. – облыстық кітапхананың қазақ әдебиеттер бөлімінде кітапханашы.

Қазақ әдебиеттер бөлімі – Облыстық кітапхана құрылымының бөлімшесі. 1993 ж. ашылды, сол кезде кітап қоры 7,0 мың дана болды. Қазіргі таңда бөлім қоры 25,0 дана кітаптар, 0,5 мың дана авторе-

фераттар, 70 астам мерзімді бас-
лымдар атаулары құрайды. Жыл
сайын 5,0 мың оқырманға қызмет
көрсетеді. «Тілтаным» ресурстық
ортлығының аясындағы «Тіл өне-
рі» халық университетінің, Ау-
дармашылар мектебінің жұмысын
ұйымдастырады. Тіл және әдеби-
етті насихаттау барысында оқыр-
мандарға арналған көптеген кітап
көрмелері, шеберлік-сыныптары,
тіл меркелері, дөңгелек үстелдер
және т.б. мәдени шаралар өткізеді.
«Бабалар сөзі-даналар көзі» атты
оқырман конференциялары, «Тіл-
халықтың рухы» кітап көрмелері
тұрақты түрде «Мәдени мұра»
бағдарламасы бойынша шыққан
кітаптарды кең насихаттайды. Со-
нымен қатар, төл мәдениетіміздің
дамуына үлес қосқан танымдық-
тағылымдық маңызы зор радио-
хабарлар, шолулар, тақырыпты
әңгімелер, радиовикториналар, әде-
би кештер, т.б. мәдени шаралар
бөлім ұйымдастырып өткізеді.
Дәстүрге айналған жерлес ақын –
жазушылармен, келген қонақтармен
кештер, кітаптарға тұсау кесерлер
шолулар, ашық кітап көрмелері
ұйымдастырылады. «Бір ел-бір кі-
тап» республикалық акциясын іске
асыру жұмыстарын өткізеді. Бөлім
Павлодар қ. өткізілген әдеби оқу-
ларда, фестивальдарда, сайыстар-
да белсенді қатысады. Бөлімде
өлкетану баслымдарын сандық
форматқа көшіру, «Мақалалар» ДБ
толықтыру жұмыстарын атқарады.

**Қазақ фольклорының апталы-
ғы** – 2009 ж. мамыр айынан жыл
сайын облыстық тілдер дамыту
басқармасының, «Қазақ тілі» об-
лыстық қоғамының көмегімен
өткізіледі. Апталықтың бағдарла-
масына қазақ халық ауыз әдебиетін
насихаттау барысында әдеби кеш-
тер, облыстың атақты әдебиетта-
нушыларымен, тілшілерімен кезде-
сулер, оқырман конференциялары,
шолулар, әңгімелер, кіреді.

**«Қазақстан» республикалық
библиографиялық көрсеткіш** –
ҚР мемлекеттік библиографиялық
көрсеткіші, 1967 ж. бастап шығады,
токсан сайын жарық көреді, әр түрлі
кітаптар және кітапшалар туралы
мәліметтерді жинақтайды (ресми,
нормативті-техникалық, ғылыми,
ғылыми-көпшілік, көпшілік – саяси,
оқулық, анықтамалық). Кітапхана
қорында – 2000 ж.

**Қазақстан ұлттық электрондық
кітапхана** – Электронды мемле-
кеттік кітапханалық қор. ҚР Мә-
дениет және ақпарат министр-
лігінің «Электронды мемлекет-
тік кітапханалық қорды қалып-
тастыру» жобасы 2007-2009 жж.
арналған ҚР ақпараттық теңсіздікті
төмендету мемлекеттік бағдар-
ламасы аясында іске асырыла-
ды. Облыстық кітапхана және әр
бір ОКЖ тіркелген, әрі ҚазҰЭК
сайтының пароліне қол жеткізеді.
Бұл ауыл оқырманының ҚазҰЭК-
ның каталогына шығуға, әде-

биеттерді іздеуге және тапсырыс беруге мүмкіндік жасайды. ҚазҰЭК пайдаланушылары – ауыл мамандары, мұғалімдер, студенттер, жоғары оқу орындарының оқытушылары, журналистер, дәрігерлер.

Қазақстандық корпоративтік каталогтандыру орталығы (ҚККО) – «Ұлттық кітапханаларды қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігімен 2002 ж. құрылған. ҚККО негізгі міндеті – Бірыңғай Электрондық ДБ құру. Облыстық кітапхана 2003 ж. ҚККО мүше болып және ынытмақтастық ретінде қол қойып Павлодар облысы туралы мақаларының б.ж. ай сайын экспорттайды.

Қанағаттандырылмаған өтініштер картотекасы – Құжаттарға қанағаттандырылмаған талаптарды ескеретін картотека. Жетіспейтін құжаттармен қорды толықтыру үшін пайдаланылады. Қанағаттандырылмаған өтініштер картотекасын барлық қызмет көрсету бөлімдері жүргізеді.

Қосымша білім беру балалар университеті – 2009 ж. жұмыс істейді. «Университетте» төмен және орта сынып оқушылары білім алады. Сабақ жоспарлы сипатта және әр тақырыпта мектеп бағдарламасына көмек ретінде өткізіледі.

«Қазақстан туралы жаңа әдебиеттер» – Ағымдағы библиографиялық көрсеткіш, 1996 ж. бастап ҚРҰК жылына екі рет шығарады.

ҚР ҰК қорына Қазақстан туралы түскен басылымдар туралы ақпаратты қамтиды. Облыстық кітапхана көрсеткішті 1964 ж. бастап алады.

Қайырымдылық – Кітапханаға жеке коллекциялардан кітаптар, қолжазбалар, экслибристер сыйға берілген.

Қаладағы демалыс – Бағдарлама 2010 ж. бастап атқарылады. Негізгі мақсаты: жазғы демалысын қалада өткізетін оқырмандарға қызмет көрсету. Бағдарламаға кітап көрмелері, шолулар, ақпарат күндері, кулинарлық шебер-сыныбы, видеолекторий, даустап оқу шаралары кіреді. Бұл бағдарлама шілде, тамыз айларында жүзеге асырылады.

Қаржыландыру – Қараңыз «Кітапхананы қаржыландыру».

Қатысуы – Оқырмандарға қызмет көрсету қатыстық көрсеткіштері, кітапхана пайдаланушыларды көрсету үшін беріледі. Қатысушылардың санын көрсетеді. Облыстық кітапхананы жыл сайынғы қатысуы – 6,4.

Қоғамдық қол жеткізу пункті – Мемлекеттік үкімет органдарының ақпараттық ресурстарға тұрғындардың ақысыз қол жеткізуін қамтамасыз ету. 2007 ж. Павлодар облысының кітапханалары «Электронды үкімет» бағдарламасына қатысып, электронды қызмет көрсету базалары. Облыста қоғамдық

қол жеткізу пунктерінің желісін дамыту жобаны іске асырудың маңызды бағыттарының бірі.

Қойсарина Гүлжан Қасенқызы (1937-1977) – Облыстық кітапханада 1962-1976 жж. жұмыс істеді. Қазақ Мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтының кітапхана факультетін (1962) бітірді. Облыстық кітапхананың қызмет көрсету бөлімдерінде жұмыс істеген. Еңбек қызметінің бірталай бөлігі анықтамалық-библиографиялық бөлімімен байланысты болған. Өлкетану библиографияның қалыптасуына бастамашы болып, кітапхана қызметіндегі осы бағытқа көп үлес қосқан. Әріптестердің арасында сыйлы және беделді болды. Облыс мәдениет басқармасының грамоталарымен марапатталған.

Қолтаңбалы кітаптар – Облыстық кітапхананың қолтаңбалы кітаптар коллекциясы 100 данадан аса естелік қолтаңбалы басылымдарды құрайды. Бұл белгілі ақындардың, жазушылардың, кеңес дәуіріндегі әдебиет кемеңгерлерінің қолтаңбалары қойылған кітаптар. Бірқатар бөлімі жерлес-жазушы авторлардың кітаптарынан құралады. Есте қаларлығы облыстық кітапханада болған белгілі адамдардың қолтаңбалары: ұлы ақындар Абайдың немересі және Шәкәрімнің ұлы Ахат Құдайбердиевтің, кеңес дәуірінің әдебиет майталмандары: Ж. Молдағалиевтің, В. Куз-

нецовтың, В. Азаровтың, Л. Кукулиннің; танымал жерлестеріміз: Ж. Әбділдиннің, Ғ. Есімовтың, Р. Тоқтаровтың, Д. Әбілөвтің, Қ. Бекхожиннің, А. Шамкеновтың, М. Әлімбаевтың, Ю. Поминовтың, С. Шевченконың, Қ. Мәшһүр-Жүсіптің, Н. Шафердің және т.б.; актер және режиссер Асанәлі Әшімовтың, ақын-импровизатор А. Әлтаевтың, Қазақстанның белгілі ақын-жазушылары: Б. Момышұлының, Ж. Баязитұлының, Б. Қанапияновтың, Б. Қарабековтың және т.б. қолтаңбалы кітаптары бар.

Қор – Қараңыз «Кітап қоры».

Қор құру жөніндегі кеңес – Қорды зерттеу, құру және қор жағдайының мәселелерімен айналысады. Кеңес қызметін кітапхана директоры басқарады.

Қор құру қайнар көздері – Кітапхана қорын толықтыратын мекемелер, ұйымдар және жеке тұлғалар. Кітапханаларға арнайыланған көздерді және қор құрудың жалпы көздерін бөлуге болады. Облыстық кітапхана қорын құрудың қайнар көздері: мемлекеттік тапсырыс, «Мәдени мұра» бағдарламасы, қаланың кітап дүкендері, жазылымдар, сыйға берілетін кітаптар.

Қорды қосымша толықтыру картотекасы – Картотека күнделікті кітап қорын толықтыру және қайта тапсырыс беруде алынбаған құжаттардың тізімінен тұрады. Кітапхана қорын күнделікті толық-

тырудың алуан түрлілігі – жетіспейтін құжаттармен қорды толықтыру. Облыстық кітапхананың кітап қорын толықтыру бөлімі жүргізеді.

Қорды орналастыру – Қор сақтаудағы қордың көлемімен, ондағы құжаттардың мазмұны мен қолданысына қарай құжаттардың сөрелердегі орналасу реті. Орналастырудың негізгі екі түрі бар – логикалық (жүйелік, тақырыптық, пәндік) және формальдық (алфавиттік, географиялық, мүлдік, нөмірлік, форматтық, жылнамалық, тілдік). Қорды орналастыру жұмысымен кітапханадағы барлық бөлімдер айналысады.

Қорды тексеру – Кітапхана қорындағы құжаттарды мерзімді есеппен тексеру. Қорды жалпылай, жартылай, іріктеп тексеру түрлері болады. Өнер, қазақ әдебиеттер, шетел тіліндегі әдебиеттер бөлімдерінің қоры іріктеліп тексерілді. Оқу залының қоры 2011 ж. жалпылай тексерілді.

Қорды толықтыру – Кітапхананың міндеттеріне және оқырмандардың талаптарына сай келетін, басылымдармен қорды тұрақты жаңарту және құру, яғни маңызын жойған кітаптардан арылту және ең жақсы әдебиеттермен толықтыру. Кітапхананың қорын кітап қорын толықтыру бөлімі жасайды. (Қараңыз сәйкес ұғымдарды).

Қордың айналымы – Кітап қорын пайдалануының көрсеткіші. Қолданылған құжаттардың берілу са-

нын кітап қорына бөлумен қарастырылады. Облыстық кітапхана қорының айналымы – 1,8 құрайды.

Қордың жанаруы – Талдау кезең уақытындағы қор жанарудың деңгейлік көрсеткіші болып келеді. Бұл талдау жасау кезеңде түсу көлемін зерттеу уақытындағы қорға бөлініп, 100 % көбейтіледі.

Қордың көлемі – Кітап қорындағы есептелген қордың құжаттар саны (Қараңыз «Кітап қоры»).

«Қош келдін, Наурыз» – Кітапханада қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттау бойынша жыл сайынғы шара. Оқырмандар үшін «Қош келдін, Наурыз» кітап көрмесі, слайд-шоу, «Наурызнама» ойын бағдарламалары, өлеңдер, әндер, музыкалық шығармалар пайдаланылады.

ҚР кітапхана ісі туралы ереже – 1996 ж. 29 наурыз айында № 29 ҚР Мәдениет министрлігі бекітті. ҚР кітапханалық жұмыстың дамуына және экономикалық, әлеуметтік жағдайы, құқықтық ережені анықтайды.

ҚР Кітапханалық ассоциациясы (ҚРКА) – Тәуелсіз Қазақстандық қоғамдық ұйым, ол кітапхана ісімен кәсіби, библиографиялық және ақпараттық қызметімен байланысты және өз еркімен олардың дамуына қызығушылық білдіретін адамдарды біріктіреді. ҚРКА Президенті – Р.А. Бердіғалиева.

Павлодар ассоциациясының құрушы – С. Торайғыров ат. облыстық кітапхана. Кітапханашылардың Павлодар ассоциациясы – кітапханалар қызметкерлерінің қоғамдық біріктіруші ұйым, сонымен қатар Павлодар облысының кітапхана ісі және ақпарат бойынша қызығушылық білдіретін адамдар. Ассоциацияның негізгі мақсаты: облыс кітапханашыларының кітапханалық ресурстарының құжаттағы ақпаратқа барынша табысты сәйкестігіне байланысты проблемаларды шешу үшін жігерін нығайту, кітапханашы мамандығының әлеуметтік рөлін көтеру, кітапханашылардың кәсіби құқығын қорғау. Ассоциация мүшелері – облыстың әр жүйедегі және ведомстводағы кітапхана қызметкерлері. Павлодар облысының кітапханашылары ҚРКА 1998 ж. мүше болды.

ҚР кітапханалық мекемелерінің қызметі туралы ереже – 2002 ж. 8 мамыр айында № 118 ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бұйрығымен бекітілді. Ауылдық жердегі кітапханалық қызмет көрсету саласы бойынша ұйымдық, экономикалық және құқықтық реттеу жүргізу ережесі берілді. Ереже бойынша Павлодар облысының барлық ауылдық жерлерінде 500 адамға байланысты кітапханалар жұмыс істейді.

Құдайбергенова Гүлнәр Энгельсқызы – 1960 ж.т. Облыстық кітап-

ханада 1991 ж. жұмыс істейді. ППИ филология факультетін бітірді (1981). 1981-1991 жж. – мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, Жолтаптық орта мектебінің директоры, 1991-1993 жж. – облыстық кітапханың библиографы, 1993-1998 жж. – қазақ әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы, 1998 ж. – өнер бөлімінің меңгерушісі. Өнер әдебиеттерін белсенді насихаттаумен айналысады, мәдени шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізеді. Суретшілермен, фотографтармен шығармашылық байланыс орнатып, «Айна» галереясын ұйымдастырады. Кітапханада қойылған көрмелер кеңінен пайдаланылады. «Визит» қонақжайында өнертанушылармен, композиторлармен, актерлермен кездесулерді өткізеді. Әлемдік өнерді үйрену жөнінде лекторий ұйымдастырып, Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауда үлкен ағарту жұмыстарын, шолулар, ақпарат күндерін жүргізеді. Жергілікті авторлар кітаптарының тұсау кесеріне, сондай-ақ Қазақстан ақын – жазушыларымен кездесу кештерінің сценарийлерін жазып, өткізеді. «Мақалалар», «Сценарии» ДБ толықтыруға, өнер бойынша өлкетану басылымдарын сандық форматқа көшіру жұмыстарына қатысады. Облыстық мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталды.

Құжаттарды цифрлеу – Қараңыз «Сандық форматқа көшіру.

Құжаттарды электронды жеткізу – Жедел байланыс арнасы бойынша оқырмандардың сұранысын электронды көшірме түрінде жеткізудің бір түрі. Облыстық кітапхана ҚЭЖ арқылы кітапхана қорынан Павлодар қ. Және Павлодар облысының оқырмандарына, ҚР барлық аймағының кітапханаларына, сонымен қатар шет елдердің кітапханаларына, жеке тұлғаларға және мекемелерге құжаттардың электронды көшірмелерді ұсынады. ОӘҒК оқырмандарына Қазақстанның ірі кітапханаларының, соның ішінде ҚР ҰК және ҚР ҰАК қорларынан электронды көшірмелерін алыға ықпал жасайды.

Құқықтық деректер базалары – Қараңыз «Әділет» әлеуметтік-құқықтық орталығы».

Қызығушылыққа байланысты клубтар – Жастары, мамандықтары, қызығушылықтары, орталары және құштарлықтары әр түрлі адамдарды біріктіретін, ерікті қоғамдық ұйым. Облыстық кітапханада 10-нан аса клубтар жұмыс жасайды. Кітапхананың клубтық жұмыстарының нәтижелі болуына көп жыл бойы оқырмандармен жұмыс жүргізуі, әр түрлі мекемелермен және ұйымдармен: қоғамдық бірлестіктер, қорлармен, мұражайлармен, мәдени – сауық орталықтарымен, қаладағы

мектептер, колледждер және ЖОО-мен байланысы себепші. Кітапханада бірнеше жыл бойы қызығушылыққа байланысты клубтар және әуесқойлар бірлестіктері жұмыс жасайды: «Өлкетану», «English», «Наш очаг», «Фиалочка», «ЗОЖ», «Айтолқын», «Мастерица», «Радосвет» және т.б. Осы клубтардың барлығының жұмыстары – оқырмандар мен кітапханашылардың бірлескен қызметінің жарқын беттері. Бұл бірлестіктер адамдар арасында, мәдени қажеттіліктері, өздеріне жақын қызығушылығына байланысты белсенді дамып келеді.

П

Лауазымдық нұсқау – Тарифтік-квалификациялық мінездеме негізінде мәдениет қызметкерінің лауазымы бойынша дайындалады, кітапхана қызметі және оның құрылым бөлімдерінің құжаттарын регламенттейді.

Логотип – Қараңыз «Кітапхананың логотипі».

Локалды желі – Компьютерлерді бірыңғай желіге біріктіру пайдаланушыларға жаңа мүмкіндік береді, жеке компьютерлердің мүмкіндіктерімен салыстыруға келмейді. Жергілікті желі файлдарды бір компьютерден екіншіге жіберуге немесе есептеу машинасы мен аппарат ресурстарын бірге пайдалануға

мүмкіндік жасайды, ақпараттарды орталықта сақтау және тағы басқаларды бірнеше компьютерлерде бөлінген мәліметтерді өңдеуді қоса атқарады. 2011 ж. кітапханада екі ЛВС қызмет жасайды. ЛВС-41 АЖО, соның ішінде Ғаламторға қосылғаны – 21 АЖО. 2010 ж. Wi-Fi-ға қол жеткізілген 9 АЖО локалды желі қосылды.

Луначарский көшесі – 1919 жылға дейін 1 – Мещан тұйық көшесі. Көше қаланың ескі бөлігінде орналасқан. Бірінші ағарту халық комиссары, жазушы әрі сыншы, КСРО ҒА-ның академигі Анатолий Васильевич Луначарскийдің (1875-1933 жж.) есімі берілген. Көшеде «Центральный» стадионы, «Жиек» ПИК-і, С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың балалар бөлімі, Каспий банкі, кондитер цехы, «Золотой телёнок» фирмасы, үш дүкен, «Аю» ЖШС-і және т.б. мекемелер орналасқан. (Э.Д. Соколкиннің «Улицы нашего города» кітабынан).

Лямзина Людмила Семеновна (1932-2011) – Облыстық кітапханада 1953 ж. жұмыс істеген. 1965 – Ленинград мәдениет институтын (сырттай, 1963) бітірді. Л.С. Лямзинаның басқаруымен кітапхана жаңынан КАА ашылды, оқырмандар Москвадан, Ленинградтан, Алматыдан, Новосибирден кітаптар алды, жылына 500 данаға жуық кітап. Кітапхана семинарларда және ғылыми-тәжірибелік конференция-

ларда аудандық және ауылдық кітапханаларға әдістемелік, тәжірибелік көмек көрсетті, ауылдық кітапханалардың базасында кітапханалық озық іс-тәжірибелер мектебі, «Библиотека отличной работы» атағына ие болу үшін кітапханалар арасында әлеуметтік жарыстар ұйымдастырды. 1978-1988 жж. – облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары. Л.С. Лямзинаның есімі облыстық кәсіподақ кеңесінің «Құрмет тактасына», сондай-ақ облыстық мәдениет басқармасының «Құрмет кітабына» енгізілді. Қазақстан КП қалалық комитеттің мүшесі болып тағайындалды, 12 жыл мәдениет басқармасының бастапқы партиялық мекемелерінің хатшысы болды. «За освоение целинных земель», «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина», «Ветеран труда», «50 лет целине» медальдарымен, «За отличную работу» КСРО және ВЦСПС белгілерімен, КСРО және ҚазКСР Мәдениет министрлігінің, грамоталарымен марапатталған.

М

«Movie Club» – Кино өнерінің табынушыларына апталық клуб. Шетел тіліндегі әдебиет бөлімінде 2008 ж. ұйымдастырылған. Қатысушыларға ағылшын тілінде көркем және деректі фильмдер көруге

мүмкіндік жасайды. Әлемдік кинематографтың қазіргі кездегі шығармаларының классикалық коллекциясы клубта көрсетіледі. Клуб мүшелерін фильмнің әр түрлі жанрымен таныстырып қана қоймай, ой-пікірлерімен бөлісіп, ағылшын тілінде сөйлеуге білім алады.

«My English» – Ағылшын тілін сүйшілердің апталық клубы. Шетел тілдеріндегі әдебиет бөлімінде 2002 ж. ұйымдастырылды. Дәстүрлі емес шетел тілін оқыту әдісі белсенді қолданылады. Клуб мүшелеріне қызықты тақырыптарға байланысты мәжілістер, сайыстар және ойындар ұсынылады. Әр оқырман осы клубқа қатысып білім алуға мүмкіндік алады.

«Мақалалар» – ДБ 2001 ж. қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Мамандар күні – Көпшілік шаралардың бір түрі. Нақтылық мамандық бойынша әдебиеттерді ашық көрсету, тақырыптық көрмелер, библиографиялық шолулар, кеңестер және мамандар өкілдерімен кездесулер, лекциялар, кәсіби мәселелерді талқылау арқылы жүргізілетін ақпараттық, библиографиялық жұмыс жүйесінің кешенді шарасы. Облыстық кітапханада Павлодар облысының Ертіс экологиясының департаменті, ауыл шаруашылық басқармасы, қоршаған ортаны қорғау басқармасы, ауыл шаруашылық ғылыми-зерт-

теу институты мамандарына, оқытушыларға, мемлекеттік қызметкерлерге мамандар Күндерін тұрақты өткізеді.

«Мастерица» – Қолөнер клубы. Өнер бөлімінде 2008 ж. құрылды. Клуб халықтық кәсіпке: інжуөрім, кесте, жібек жіппен өрім, тоқу, фелтинг, макраме, көркем жазу және т.б. қазіргі кездегі қолөнер түрлеріне қызығатын адамдарды біріктіреді. Клуб жетекшісі – О. Вачугова.

Матвеева Ольга Геннадьевна – «Фиалочка» клубының төрайымы, бөлмеде өсетін гүлдерді, көбінесе узамбарлық фиалка (сенполий) сүйшілерді біріктіреді. (Қараңыз «Фиалочка» клубы).

Материалдық-техникалық жағдай – Қараңыз «Кітапхананың материалдық-техникалық жағдайы».

«Мәдени мұра» бағдарламасы – «Мәдени мұра» бағдарламасы тарихи-мәдени құндылықтарды сақтауға және дамытуға көмектеседі. Бағдарламаның аясында кітапханалар мемлекеттік тапсырыс бойынша тегін кітаптар алады.

Мәдениет саласының мәселелері жөнінде БАҚ-ғы жариялымдарының мониторингі – Республикалық және жергілікті мерзімді басылымдардағы Павлодар облысының мәдени өмірі туралы материалдардың б.ж. және аннотациялары. 2009 ж. бастап шығады. Апта сайын АББ дайындайды.

Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы – ҚР Премьер-Министрі (2007 ж.). 2007 ж. 25 сәуір айында Павлодар облысының ірі аймақтық өндірістік кәсіпорындарымен қатар облыстық кітапханада болды. Кітапхана жалпы қызметімен, негізгі бағыттармен, қызықты жобалармен, сирек кездесетін коллекциясымен, Павлодар облысы кітапханаларының интерактивті картасымен, электронды ресурстар залының жұмысымен, «Тілтаным» ресурстық орталығымен, «ауыл кітапханасы», «Бұлақ» облыстық бағдарламарын іске асыру жұмыстарымен танысты.

Мекемені аттестациялау – Мекеме негізгі қызметінің нәтижесін және материалдық, еңбек және қаржы көздерін үнемді пайдалануды талдау. Кітапхананы аттестациялау алғашқы рет 2011 жылы өткізілді. Аттестация қорытындысы бойынша облыстық кітапхананың 3 жылғы қызметі туралы аналитикалық анықтама дайындалды.

Мемлекеттік тапсырыс – ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің 2002 ж. шешімімен енгізілді, мемлекеттік тапсырыс бойынша шығарылған, республикалық кітапханалық жүйесі арқылы әлеуметтік-маңызды әдебиет түрлерін тарату. Осы уақытта облыстық кітапхана қорына 25,4 мың дана түсті. Облыс ОКЖ – 300,0 мың дана.

Мерзімді басылым – Баспа басылымдары, мезгілді түріне кіреді. Облыстық кітапхана қоры мерзімді басылымдармен: газеттермен, журналдармен, жылнамалармен, ғылыми журналдармен, күнтізбектермен, рефератты жинақтармен, библиографиялық көрсеткіштермен, ақпараттық бюллетендермен, әдеби журналдармен толықтырылған.

«Мерзімді басылымдар» – ДБ кітапхана қорына түскен газет пен журнал туралы ақпарат берілген. 2008 ж. жүргізіледі.

Мерзімді басылымдар оқу залы – Облыстық кітапхана құрылымының бөлімшесі. 2002 ж. ашылды. Әмбебап оқу залының бөлігі. Жұмысының басты бағыты – Мерзімді басылымдар қорын насихаттау, жаңа оқырмандарды тарту, оқырмандардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Журналдар мен газеттердің спектрі әр түрлі: қоғамдық-саяси, жаратылыстану-ғылыми, спорттық, медициналық, әдеби-көркемдік басылымдар. Мерзімді басылымдар қорында 301 атаулы мерзімді басылымдар бар, оның ішінде 226 атауы – журналдар, 75 – газеттер.

Мерзімді басылымдардың тіркеу карточкасы – Кітапхана қорына түсетін мерзімді басылымдардың сандарын тіркеуге арналған есептік құжат, басылымдардың уақытында келіп түсуі, қор ішінде басылымның

бар-жоғы туралы анықтамалық-ақпараттық қызметтерді орындайды. мерзімді басылымдардың жекелеген есеп түрі болып табылады. Кітапхана қорын құру бөлімі жүргізеді.

Мерзімді басылымдарды есепке алу картотекасы – Кітапханаға түскен мерзімді басылымдардың тізімінен құралған картотека, басылымдардың қорға уақытында түсуін және қорда болуын бақылау қызметін атқарады. Кітапхананың кітап қорын толықтыру бөлімі жүргізеді.

Мониторинг – Кітапханаларды дамыту бағдарламасын іске асыру барысында туындайтын мәселелерді анықтау және дамыту тенденциясын, жай-күйін бағалау үшін арнайы ұйымдастырылған жинақтау жүйесі мен ақпараттық талдау. Әдістемелік мониторингтің объектісі – кітапхана қызметінің динамикалық көрсеткіші, кітапханалық жұмыстарды құжаттар арқылы көрсету. Есеп пен статистикалық көрсеткіштерді зерттеу жыл сайын қызметтердің негізгі көрсеткіштерін көрсетеді, кітапхана жұмыстарына талдау жасалады, Павлодар аймағы бойынша электронды кітапханалардың ақпараттық-аналитикалық базасын қалыптастырады.

Монография – Кітап немесе кітапша түріндегі ғылыми басылым. Толық және бырыңғай зерттеулер бір жағдайға немесе тақырыпқа бай-

ланысты және бірнеше немесе бір авторға қатысты болады. Облыстық кітапхана үлкен монографиялық коллекциялар қалыптастырды, оқырмандар арасында сұраныспен пайдаланылады.

Муйзиник Валентина Анатольевна – 1956-1957 жж. облыстық кітапхананың директоры болған.

Макарова Лидия Ильинична – 1942 ж.т. Облыстық кітапханада 1988-2002 жж. істеген. Кітапхана қызметкерлерінің жылдық оқушылық курстарын, Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1960) бітірген. 1962-1976 жж. – Железинка ОАК кітапханашысы, оқу залының меңгерушісі, 1976-1980 жж. – Железинка ОБК меңгерушісі, 1980-1981 жж. – Қашыр ОКЖ директоры, 1981-1983 жж. – Железинка ОБК балалармен жұмыс істеу директор орынбасары, 1983-1985 жж. – Железинка ОКЖ әдістемелік бөлімінің меңгерушісі, 1985-1986 жж. – Железинка ОКЖ директоры, 1986-1988 жж. – облыстық балалар кітапханасының кітап толықтыру бөлімінің меңгерушісі, 1988-2002 жж. – облыстық кітапхананың кітап толықтыру бөлімінің меңгерушісі. «Еңбек ардагері» белгісімен, грамоталармен марапатталған.

Мордвичева Людмила Григорьевна – 1942 ж.т. Облыстық кітапханада 1970-1986 жж. істеген. Омбы кітапханалық техникумын (1966), әл-Фараби атындағы Шымкент

педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1984) бітірген. 1960-1969 жж. – Қашыр ауданының Октябрь ауылдық кітапханасының кітапханашысы, 1970-1986 жж. – облыстық кітапхананың библиографы, бас библиографы. АБА ұйымдастыруымен және оны жетілдіруімен айналысқан, каталогтар мен картотекаларды ұйымдастыру мәселесі бойынша облыс кітапханаларына әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсеткен, кітапханалық оқушылығының жылдық курстарында сабақ берген. Мәдениет қызметкерлерінің кәсіподақ облыстық комитетінің, облыстық кітапхананың грамоталарымен марапатталған.

Мұсабекова Гүлжан Темірболатқызы – 1975 жт. Облыстық кітапханада 2004 ж. жұмыс істейді. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1993), «Педагог-психолог» маманы бойынша ИнЕУ (2005) бітірді. 1993-1998 жж. – Ақтоғай ауданының Әуелбек орта мектебінің кітапханашысы, 1998-2003 жж. – Екібастұз қаласының ОАБК кітапханашысы, 2004-2009 жж. – облыстық кітапхананың абонемент бөлімінің кітапханашысы, 2009 жылдан әдіскер. «Кітап. Уақыт. Қоғам» аймақаралық ғылыми-тәжірибелік (2009), «Историческое значение победы над фашизмом: вклад павлодарцев в победу» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік (2010) конференцияларына қатыс-

ты. Бөлімде жұртшылықпен, БАҚ байланыс жұмысымен айналысды. Екібастұз қ. ОКЖ бойынша «Жылдың үздік кітапханашысы» (1998) атағына ие болды, облыстық кітапхананың алғыс хатымен марапатталды.

Н

«Наш очаг» клубы – 1996 ж. «Жанашыр» бағдарлама («Алтын ғасыр») аясында ұйымдастырылған. 1996 ж. бастап клуб жұмысын ауыл шаруашылығы және техникалық әдебиеттер бөлімі жүргізеді. Бұрын «Яблоко» клубымен таныс, табиғатты жақсы көретіндер, ландшафт дизайнерлері, гүл өсірушілер біріккен. Мүшелері 30-ға жуық. Төрайымы – А.Г. Ноздрачева (Қараңыз Ноздрачева Галина Андреевна). Клуб мәжілісі ай сайын өтеді, саяжай, бақша күту, көкөніс өсіру, жеміс өсімдіктерін өсіру туралы мәселелер талқыланады. Жұмыс формасының бірі – балалар мен жасөспірімдер экология және туризм орталығының базасында өткен көшпелі мәжіліс клубы. (Қараңыз. «Павлодар балалар мен жасөспірімдер экология және туризм орталығы»).

«Новое в сельскохозяйственной науке и практике» – Ақпараттық бюллетень 1975-2000 жж. шығарылды. Мақсаты: ауыл шаруашылық мамандарын, фермер шаруашылығының қызметкерлерін жаңа-

дан түскен ауыл шаруашылық бойынша әдебиеттермен таныстыру.

Ноздрачева Галина Андреевна – «Наш очаг» қызығушылыққа байланысты бақ өсірушілердің ерікті қоғамдық ұйымының төрайымы (Қараңыз «Наш очаг» клубы). Кітапхананың бірнеше шараларына қатысушы, белсенді оқырман.

Нұркина Ақмарал Сейфоллақызы – 1951 ж.т. Облыстық кітапханада 1973-2006 жж. істеген. Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтының кітапхана факультетін (1972) бітірген. 1972 ж. – облыстық кітапхананың кітап сақтау бөлімінің кітапханашысы, 1972-1979 жж. – абонемент, кітап сақтау бөлімдерінің кітапханашысы, әдіскері, 1979-1980 жж. – ППИ кітапханашысы, 1980-1985 жж. – П. Васильев атындағы ОҚК кітап толықтыру бөлімінің кітапханашысы, 1985-1992 жж. – ППИ кітапханашысы, 1992-1993 жж. – Павлодар облысының Ішкі істер басқармасы кітапханасының меңгерушісі, 1993-2006 жж. – ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі. «Яблоко» (1999) және «Фиалочка» (2004), «Наш очаг» (1996) клубтарының ұйымдастырушысы. Клубтардың ашылуы және көпшілікке жайылғандығы А.С. Нуркинаның ұжымға деген сіңірген еңбегі. ҚазКСРО мәдениет министрлігінің, облыс мәдениет басқармасының,

кәсіподақтың грамоталарымен, дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

Ныкышев Абай Шәріпұлы – 1954 ж.т. Облыстық кітапханада 2000 ж. жұмыс істейді. Красноармейка ауылшаруашылық техникумын (1982) бітірді. Көп жылдары 1974-1996 жж. облыс ауылшаруашылық жүйесінде жұмыс істеді. 2000 ж. облыс кітапхананың көлік жүргізушісі. Барлық аудандық және ауылдық кітапханаларға шығады, облыс кітапхана қызметкерлерінің арасында сыйлы. Облыстық мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың алғыс хатымен марапатталған.

О

«Облыс өлкетанушылары» сериясы – Серия 2003 ж. жасалды. «Облыстың өлкетанушылары» сериясында бірінші рет өлкетанушы С.И. Жақсыбаевқа арналған, библиографиялық көрсеткіш шығарылды. 2009 жылы өлкетанушылар С.И. Жақсыбаев (толықтырылған екінші басылым) пен Э.Д. Соколкинге арналған, екі көрсеткіш шықты С.И. Жақсыбаев – ҚР минаралды ресурстар Академиясының корреспондент – мүшесі, экономикалық ғылымдарының кандидаты, Академик Қ. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженер-техникалық институтының және им. С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің профессоры,

Екібастұз қаласының құрметті азаматы. Библиография ғалымның өмірі мен өлкетану қызметін сипаттайтын мақалалар мен ол туралы пікірлерден құралған.

Э.Д. Соколкин – тарихшы, өлкетанушы, «ҚР Мәдениет қайраткері». Мәдениеттің бұрынғы қызметкері ретіндегі қызметтері туралы ақпараттар, мақалалары және ол туралы әдебиеттер берілген. Өмірі мен қызметінің негізгі даталарын; кітаптардың, кітапшалардың, бүктемелердің, каталогтардың хронологиялық көрсеткішін; газет-журналдардағы мақалалардың хронологиялық көрсеткішін; өмірі және қызметі туралы әдебиеттерді камтиды.

Облыстық кітапхана – Павлодар облысының басты кітапханасы С. Торайғыров ат. облыстық бірлескен әмбебап ғылыми кітапхана. Павлодар облыстық кітапхананың тарихы 1892 ж. басталады. Павлодардың дамуына А.И. Деров, А.С. Сорокин, Н. Айтыкин көпестер өз үлестерін қосты. Қаладағы ең алғашқы мәдени мекеме 1892 ж. ашылған қоғамдық кітапхана еді. Кітапхана 1-ші гильдиялық көпес А.И. Деров пен басқа да жергілікті меценаттардың қаржысына салынды. 1896 ж. бастап көпшілік кітапхана уездік болып саналып, осы жылы облыстық кітапхананың жасын анықтауға, әрі мерейтойларын меркелеуге негіз салды (Қараңыз «Кітапхана тарихынан»).

Облыстық кітапхана – бірінші курс студенттеріне – Жоғары оқу орындарының студенттеріне және қалалық колледжді оқушыларына арналған жыл сайын ұйымдастырылатын кітап көрмесі. Көрменің мақсаты: 1-ші курс студенттері мен оқушыларын әр түрлі басылымдармен таныстыру, яғни, атаулы оқулықтармен, оқу құралдарымен, анықтамалықтармен, энциклопедиялармен, сөздіктермен, оқытатын курстық бейне және аудиокассеталармен, электронды кітаптармен, т.б жаңа қазақ, орыс тілдеріндегі жаңа басылымдармен таныстыру. Көрмеде 20 бөлімдер бойынша 500-ден астам басылымдар көрсетіледі. Оқу процесіне қажет бүкіләлемдік тарих, Қазақстан тарихы, философия, психология, валеология, экология, информатика, экономика, педагогика және т.б пәндері ұсынылады. Көрме бойынша экскурсиялар ұйымдастырылып, жеке және ұжымдық шолулар мен әңгімелер өткізіледі.

«Оқитын Қазақстан» бағдарламасы – 2007-2010 жж. арналған республикалық бағдарлама жобасы. Бағдарлама мақсаты: қажетті рухани құралы және интеллектуалды ұлттың құлшынысы ретінде халықты оқуға тарту. Бағдарлама шеңберінде: жасөспірім және балалар арасындағы оқу насихаттау бойынша мерекелер, отбасылық оқу, Балалар кітаптарының апталығы, Бүкіләлемдік кітаптар күні, Қазақ фольклорының апталығы, «Мәдени

мұра» кітаптарының сериялары бойынша оқырман конференциялары, кітап көрмелері және т.б.

Оқу залдары – Облыстық кітапханада 8 оқу залдары бар. Ол: әмбебап оқу залы, электронды ресурстар залы, мерзімді басылымдар, қазақ әдебиеттер, шетел тіліндегі әдебиеттер, өнер, ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер, балалар бөлімдерінің оқу залдары. (Қараңыз тиісті ұғымдарды).

Оқылым – Оқырмандарға көрсететін қызметтегі оқу қарқынын сипаттайтын біршама көрсеткіш. Белгілі бір уақыт ішінде бір оқырманға берілген басылым және басқа да құжаттардың орташа санымен өлшенеді. Жыл сайын облыстық кітапханада оқылым 31,0 мың құрайды.

Оқырман – Орнатылған құжаттар бойынша ресми түрінде кітапханамен қолданылатын адам. Жыл сайын облыстық кітапхана 32,0 мың оқырманға қызмет көрсетеді. Оқырмандарға қажетті ақпарат алу үшін барлық жағдайлар жасалынған. (Қараңыз «Оқырмандар» ДБ).

Оқырман билеті – Кітапханамен қолдану құқығын беретін куәландыратын құжат. Оқырман тіркелген кезде беріледі.

Оқырманның бақылау парағы – Оқырмандардың қолына берілген және олардан қайтарылып алынған басылымдар тіркеліп отыра-

тын, белгілі бір формамен жасалған парак. Кітапхананың бөлімдерінде берілген кітап саны мен оқырмандардың келу санын есептеу үшін қолданылады. 2005 ж. енгізілген. Бақылау парағы бойынша бір күнгі кітапхананың кітап беру саны мен келім саны есептеледі.

«Оқырман лентасы» – Балаларға арналған акция. Акция мақсаты: ғажайып ағаш құру. Кітапхананың балалар бөлімі ауалсындағы ағашқа жас оқырмандармен байланған талға әр түсті ленталар. Олардың «Ұлы кітапқа» деген махаббат белгісін көрсетті.

Оқу залы – Облыстық кітапхана құрылымының бөлімшесі. Кітапхана құрылғаннан бастап жұмыс жасайды. Жұмыстың бағыты: қолданушылардың ақпараттық сұраныстарын сапалы орындау; тақырыптық кітап көрмелерін және өзекті тақырыптар бойынша көркем-қарау ұйымдастыру; мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; кітап тұсаукесері; адамдармен кездесу кештері және т.б өткізу.. Оқырмандары: мұғалімдер, ЖОО студенттері, оқушылар, зейнеткерлер. Әмбебап қоры: 50,0 мыңнан аса кітаптар және 1993-2004 жж. 140 атаулы мерзімді басылымдарды құрайды. «Звезда Прииртышья» облыстық газеті, «Простор» әдеби-көркем журналы, «Известия АН Каз. ССР» түрлі сериялар және т.б. сақталу мерзімі 60 жыл. Оқырман залының қорында әртүрлі білім

салалары бойынша докторлы және кандидатық диссертациялар бар. Бөлімде зейнеткерлерге арналған «СӨС» клубы және орыс тілін жақсы көретіндерге арналған «Радосвет» клубы жұмыс жасайды.

«Оқырмандар» – ДБ РАБИС бағдарламасының «Оқырмандар тіркеуі» модулі енгізілгеннен кейін 2001 ж. құрылды. Оқырмандар туралы мәлеметтерге толы. «Оқырмандар» ДБ 30,0 мың аса оқырмандар енгізілген.

Оқырмандарды тіркеу – Кітапхана пайдаланушыларын есепке алу түрі. Кітапханаға жазылған кезде оқырмандар туралы мағлұмат «Оқырмандар» ДБ енгізіледі. (Қараңыз «Оқырмандар» ДБ).

Оқырмандардың тіркеу картоткасы – Кітапханадағы есептік құжат түрі. Оқырман алғаш рет келгенде толтырылып, мәліметтері енгізіледі.

Омарова Бақытжамал Мұқтарқызы – 1958 ж.т. Облыстық кітапханада 1996 ж. жұмыс істейді. АММИ кітапхана факультетін (1982) бітірді. 1982-1995 жж. – Алтай өлкесінің Бурла ОКЖ кітапханашысы, 1995-1996 жж. – Успен ауданының Константиновка ауылдық кітапханасының кітапханашысы, 1996-2006 жж. – облыстық кітапхананың библиографы, 2006-2008 жж. – мерзімді басылымдар оқу залының аға кітапханашысы,

2008 ж. – ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі. Оқырмандардың ынталарын және сұраныстарын жақсы біледі. Мамандарды өзекті мәселелер бойынша хабарлайды. Оқырмандардың арасында кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау жұмысында нәтижелік нысандар мен тәсілдерді делсенді пайдаланады. «Павлодар облысының ғалымдары» библиографиялық көрсеткіштің, «Как получить кредит», «Пенсионная реформа», «Как получить бесплатную юридическую консультацию» атты өзекті тақырыпты тізімдердің құрастырушысы. Облыстық радиомен тұрақты қатынаста болды, өлкетану шолуларын жасады. «Наш очаг», «Фиалочка» клубтарының жұмысын жүргізеді, экологиялық лекторийді ұйымдастырды. Қала кәсіптік лицейлерімен тығыз байланысып, техникалық әдебиеттерді насихаттау жұмысын жүргізді. Ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу институтымен, Павлодар облысының экология Ертіс Департаментімен тығыз түйісу реттеді. Облыстық мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

Омарова Эльвира Николаевна – 1949 ж.т. Облыстық кітапханада 1990-1995 жж. жұмыс істеген. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын, Шығыс-Сібір мемлекеттік

мәдениет институтының кітапхана факультетін (Улан-Удэ қ.) бітірген. Көп жылдары Железинка аудандық кітапханада жұмыс істеді. Облыстық кітапханада библиограф, кітап өңдеу бөлімінің кітапханашысы болған. Кітапханалық процестерді автоматтандыру жұмыстарын бастап, ЭК толықтыруды алғашқы қызметкері болды. Қызметкерлерді оқытумен айналысқан. Әріптестер арасында сыйлы болды. Облыстық, аудандық мәдениет басқармаларының грамоталарымен марапатталған.

Он – line ұзарту – Ғаламтор қызметі. 2010 ж. облыстық кітапхананың сайтын қашықтықтан пайдаланушыларға арналған желі қызметі. Үйге алынған кітапты осы қызмет арқылы мерзімді ұзартуға болады.

«Оптимист» – Облыстық мүгедектер қоғамы – 1998 ж. кітапхана серіктесі. «Жанашыр» бағдарламасын іске асыру мақсатында «Оптимист» қоғамының орталығында жылжымалы оқу залы ашылған (Қараңыз «Жылжымалы оқу залы»). Жыл сайын қоғам мүшелеріне Жаңа жыл меркесіне, Жеңіс күніне, Аналар меркесіне, Наурызға арналған кештер ұйымдастырылады.

«Орион» – Фото клуб. Павлодар қ. 1970 ж. эуеской фото бірлестігі ашылды. Клубтың мүшелері: жұмыскерлер, мамандар, қызметкерлер, студенттер, оқушылар. 1980 ж.

клубқа «народный самодеятельный коллектив» атағы берілді. Әр жылдары клубты К. Касианов, В. Шаповалов, А. Меттус басқарды. Көркемдік жетекшісі Е. Ниязов болды. «Орион» фото клубының көптеген мүшелері өздерінің жұмыстарын облыстық кітапхананың «Айна» көркемгалереясында көрсеткен. Олар: А. Меттус, Б.З. Краснянский, Е. Завсигалова, А. Шар, Г. Сергеев және т.б.

Орталықтандыру – Барлық кітапханаларды жүйеге келтіру процесі. 1970-ші ж. кітапханаларды дамыту кезеңдерінің бірі. 1975 ж. 24 маусым айында павлодар облыстық халықтық депутаттар кеңесінің сессиясында арнайы жоспар бекітілді. Облыстық кітапхана облыстағы мемлекеттік көпшілік кітапханаларды орталықтандыруға басшылық жасады. Барлық аудандық, ауылдық кітапханаларда кітап қорын орталықтандыру дайындықтары жүрді және кітапхана қызметкерлері негізгі бағыттар бойынша кітап қорын толықтыру, анықтама-библиографиялық аппараттарды ұйымдастыру, өлкетану картотекалары, есеп құжаттарын ұйыдастыру жөнінде семинарлар өткізді. 1980 ж. облыста 514 көпшілік кітапханаларды біріктіретін 14 орталықтандырылған жүйесі (ОКЖ) құрылды. 2011 ж. 1 қаңтарында облыс бойынша 13 ОКЖ, 275 кітапханалар құрайды.

Орталықтандырылған кітапхана жүйесі (ОКЖ) – Құрылымдық-жинақы жүйеге біріктірілген кітапханалар. (Қараңыз «Орталықтандыру»).

Орындалған анықтамалар картотекасы – 1985-2000 ж. жүргізілді. Бұрын орындалған анықтама-лардың көшірмелерінен құралады. Тақырыптық материалдар білім салалары бойынша топтастырылған.

«Открытое общество» институты – Қараңыз «Сорос-Казахстан» қоры.

Оразалинова Айгүл Құдайбергенқызы – 1975 ж.т. Облыстық кітапханада 2001 ж. жұмыс істейді. С. Торайғыров атындағы ПМУ (1995), «Қайнар» университетін (2002) бітірді. 1995-2001 жж. – Павлодар қ. № 6 орта мектебінің қазақ тілі және әдебиет мұғалімі, 2001 ж. қазақ әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы. «Мақалалар» ДБ қазақ тілінде жүргізеді, қазақ жазушылары мен ақындардың шығармашылығын насихаттайды.

Оспанова Салтанат Сайлаубекқызы – 1983 ж.т. Облыстық кітапханада 2004 ж. жұмыс істейді. Карасук педагогикалық колледжін (2002), ПМПИ «Педагогика және психология» факультетін (2006) бітірді. 2004 ж. мерзімді басылымдар оқу залының кітапханашысы. Кітапханалық процестерді меңгерді, оқырмандарға белсенді қызмет көрсетіп, мерзімді басылымдарды

насихаттайды. Жаңа технологияларды пайдаланып, «Мақалалар» ДБ толықтыру жұмысымен айналысады.

Оспанова Сандуғаш Тілектесқызы – 1986 ж.т. Облыстық кітапханада 2009 ж.жұмыс істейді. Жаяу Мұса ат. Ақсу колледжінің кітапхана бөлімін (2007), ПМПИ физика-математикалық факультетін (сырттай, 2010) бітірді. 2007-2008 жж. – Май ауданының ОАК оқу залының кітапханашысы, 2009-2011 жж. – облыстық кітапхананың кітапханалық процестерді автоматтандыру бөлімінің кітапханашысы, 2011 ж. библиограф. «Павлодар Ертіс Өңірі» толық мәтінді ДБ қазақ тілінде жүргізеді. «Павлодар облысында аталып өтетін және еске алынатын күндер» библиографиялық көрсеткіштің қазақ тілінде құрастырушылардың бірі. ДБ толықтыру, өлкетану қорды сандық форматқа көшіру жұмыстарын жасайды.

Островский Николай Алексеевич – Орыс, кеңестік жазушысы. «Как закалялась сталь» романының авторы. Революционердің қалыптасуын суреттейтін Островскийдің басты шығармасына және автордың жеке тұлғасына Кеңес Одағының және шет елдердің көптеген оқырмандары сүйіспеншілікпен құрмет білдіретін. 1959 ж. 1996 ж. дейін облыстық кітапхана жазушы есімімен аталды.

Ө

«Өлкетану» клубы – Абонемент бөлімі 1998 ж. «Кітапхана және өлкетану» бағдарламасы аясында құрылған. (Қараңыз «Кітапхана және өлкетану» бағдарлама). Тарихшыларды, археологтарды, музей қызметкерлерін және туған өлкенің тарихы қызықтыратын барша қауымды біріктіреді. Кешенді кітапханалық шаралар өткізіледі: өлкетанушылармен, музей қызметкерлерімен кездесу, өлкетану кітаптарының тұсау кесері, қала бойынша вируталды экскурсия, өлкетану сағаты, тарих сағаты, қызықты кеңестер сағаты.

Өлкетану басылымдары – Әр түрлі белгілеріне байланысты өлкетану туралы библиографиялық құралдар, әдебиеттер біріктірген басылымдар. Мазмұны бойынша (әмбебап, кешенді, сала, тақырыптық құралдар), функционалық-мақсаттық белгілер (ағымдағы, ретроспективтік құралдар), құжаттардың түрлері бойынша (құралдар, қамтылған кітаптар, мерзімді басылымдар) реттеледі. (Қараңыз «Баспа қызметі»).

Өмірзақова Роза Қабдуқызы – 1951 ж.т. Облыстық кітапханада 1988 ж.жұмыс істейді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1978) бітірді. 1978-1980 жж. – Индустриалды аудандық партия комитетінің парткабинетінің кітапхана-

шысы, 1980-1988 жж. – облыстық балалар кітапханасының кітап толықтыру және өндеу бөлімінің кітапханашысы, 1988 ж. облыстық кітапхананың кітап өндеу және каталогтандыру бөлімінің кітапханашысы. РАБИС бағдарламасын жетік біліп кітаптарды жүйелейді және өндейді. ЭК-тың АПК құрғандардың бірі. Қазақ және орыс тіліндегі жүйелі каталогты толықтырып редакциялайды. Облыс мәдениет басқармасының, облыс кәсіподағының, облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Өнер бөлімі – Облыстық кітапхана құрылымының бөлімшесі. 1996 ж. ашылды. Бөлім қорын 10,0 мыңнан аса энциклопедиялар, сөздіктер мен анықтамалар, өнер саласындағы монграфиялар, мен кітаптар, альбомдар, ноталық баслымдар, аудиовизуалды құралдар, журналдар құрайды. Бөлімнің басты мақсаты: оқу мәдениетін өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Бөлім «Айна» көркем галереясының, «Визит» қонақжайының, «Мастерица» клубының жұмысын жүргізеді. Жасөспірім оқырмандар үшін «Шәкен Айманов кино әлеміне шақырамыз» кинолекторий, «Әлемдік көркем мәдениеті» бейнелекторий ұйымдастырылған. Кітапхананың «Кітапхана – мәдениет орталығы» бағдарламасын іске асыру шеңберінде көптеген шаралар өткізеді.

«Сценарийлер» ДБ жүргізеді, Павлодар өңірінің өнері туралы кітаптарды сандық форматқа көшірумен айналысады.

П

«**PRO et CONTRA**» – Пікір-сайыс клубы. 2009 жылы құрылды. Балалар бөлімі оқырмандарының мәдениетке, білімге және ақпаратқа деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Клуб ұраны: «Оңтайлы мақсатқа жетуді ойла. Біз тек қана бір нәрсеге қарсы күресіп қана қоймай, алдымен бір нәрсе үшін күресуіміз керек». Отырыс тақырыптары: «Ата-аналар бізді неге түсінбейді?», «Бүгінгі таңда отансүйгіштік деген не?» т.б.

«**Projects Club**» – Ағылшын тілін сүюшілердің апталық клубы, 2011 жылы ұйымдастырылды. Клуб мүшелерін Ғалатор ресурстарымен және өз жобаларымен жұмыс істеуге үйрету.

«**Profesional**» – Облыс бойынша кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Бағдарлама мақсаты – облысттың кітапхана қызметкерлерінің кәсіби білімін дамыту, білімдерін өзіндігінен жетілдіруді іске асыру. С. Торайғыров ат. облыстық кітапханада орталық аудындық, қалалық және ауылдық кітапханалардың қызметкерлерінің оқуы ұйымдастырылды. Қашықтықтан маман-

дарды дайындау және біліктілікті арттыру.

Паблик рилейшнз – Қоғаммен байланыс, пиар (англ. Public Relations – қоғаммен байланыс). Бұл кітапхана қызметі, қалыптасуы, кітапханаға қарым-қатынасын дамыту мен қамқорлығы. ПР шарасына әлеуметтік жобалар кіреді, көрме циклдері, акциялар, флеш-мобтар, жаңа басылымдардың тұсау кесерлері, өнер мен ғылым қайраткерлерімен кездесулер және т.б. Ең керекті хабарлар БАҚ беріледі, журналисттер үшін баспасөз-хабаршылары, облыстық газеттер беттерінде өткен шаралар туралы жазылады, қызметкерлердің мақалалары, ақпараттары шығарылады. Облыс бойынша шаралардың радио-анонстары радио арқылы беріледі.

Павлодар ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу институты – 2000 ж. облыстық кітапхананың серіктесі. 1993 ж. Павлодар мемлекеттік облыстық ауыл шаруашылығы станциясы мен Павлодар облыстық топырақты эрозиядан сақтау станциясы базаларында құрылды. Негізгі міндеті: жаңа сапалы астық тұқымды жасау. Ертіс ө. жайылымында зерттеулер жүргізіледі.

Павлодар балалар мен жасөспірімдер экология және туризм орталығы – Облыстық кітапхананың серіктесі. 1947 ж. Потанин ат.облыстық тарихи-өлкетану мұражайында юннаттық үйірме

түрінде құрылды. Орталықтың негізгі мақсаты: экотуризмді дамыту, өлкетануды насихаттау, дене шынықтыру, болашақтың денсаулығын нығайту және т.б. Орталық келісім бойынша ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімімен «Экология және өмір» жобасының аясында жұмысын жүргізеді.

«Павлодар Ертіс өңірі» өлкетану ДБ – 2003 ж. жүргізіледі. Павлодар облысының қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми өмірі жайында газеттерден, журналдардан, жинақтардан, кітаптардан мақалалардың 42,0 мың б.ж. жинақталған.

«Павлодар Ертіс өңірі» – Толық мәтінді ДБ 2008 ж. жүргізіледі. Павлодар облысының тарихы, экономика, облыс бойынша танымал және атақты адамдар туралы мәтіндері жинақталған.

«Павлодар Ертіс өңірі» – Электронды кітапханада «Шекарадағы кездесулер» жобасы бойынша өлкетану құжаттары электронды түрде сақталуда, қолжетімді ақпараттық ресурстар. (Қараңыз «Шекарадағы кездесулер»).

«Павлодар облысы туралы жаңа әдебиеттер» – Ақпараттық бюллетень 1975-1995 жж. тоқсанына 1 рет мерзімді шыққан. Көрсеткіште өлкенің мәселелерін қарастыратын республикалық, облыстық, ресей

мерзімді басылымдарындағы мақалалар енгізілген. Материалдар сала бойынша жіктелген. Бөлімнің ішіндегі материалдар алфавиттік ретпен орналасқан.

Павлодар облысында аталып өтілетін және еске алынатын күндер – Библиографиялық көрсеткіш. 1967 ж. бастап шығады. 2011 ж. 45-ші рет шықты. Басылымның мақсаты: Павлодар өңірінің атақты адамдар жайлы айтып, өңірдің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін көрсету және облыс тарихы туралы білімді тарату. 2003 ж. бастап кітап түрінде шығарылады. Күнтізбеге аймақтағы мерейтойлар, еске алынатын күндер тізімі, қысқаша баяндамалар енгізілген. Ол арқылы қызықтырған тұлға немесе оқиға туралы толық ақпарат алуға болады.

«Павлодар облысының ғалымдары» – Библиографиялық көрсеткіш 1997 ж. шығарылды. Ғалымдардың қысқаша өмірбаяндарынан, өмірі және қызметі, еңбегі туралы әдебиеттерден құралады. Көрсеткіш өлкеде ғылыми қызметті дамыту жайында ақпарат береді. Көрсеткіштің негізінде 2003 жылы «Аграрные деятели Павлодарской области» сериясымен көрсеткіш шығарылды.

«Павлодар облысының жазушылары мен ақындары» – Библиографиялық көрсеткіш 1968 ж.

бірінші рет шықты. 1986 ж. қайта басылып жана есімдермен тоқтырылды. Павлодар Ертісінің ақындары мен жазушылары туралы ақпарат жиналды. Көрсеткіштің негізінде «Рамазан Тоқтаров», «Аманжол Шамкенов», «Надежда Чернова», «Жүсіпбек Аймауытов», «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Дихан Әбілев», «Мүбәрәк Жаманбалин», «Зейін Шашкин», «Дмитрий Приймак», «Павел Васильев» және т.б. атты көрсеткіштер, жадынмалар, әдебиеттер тізімі құрастырылды.

Павлодар облысының кітапханалар Күні – Астана қ. ҚР ҰАК Тәуелсіздіктің 20-жылдығы аясында «Павлодар облысының кітапханалары: дамудың инновациялық моделі» атты Павлодар облысының кітапханалар Күні өтті. Оған Ақтөбе, Қарағанды, Қостанайдың облыстық кітапханаларының жетекші мамандары қатысты, сонымен қатар Астана қ. барлық жүйедегі және ведомстволық кітапхана қызметкерлері қатысты. Күн бағдарламасына: «Павлодар облысының кітапханалары: дамудың инновациялық моделі» семинары, «Павлодар облысының кітапханалары: дәстүрлер және инновациялар» экспозициясы, «Оқу – өмірімнің сәні» фотокөрмесі, «Бір ел-бір кітап 2011 ж.» акциясы аясында шығарылған «Жүсіпбек Аймауытов» библиографиялық көрсеткішінің тұсау кесері, «Павлодар облысы кітапха-

наларының ақпараттық кеңістігі» тренингі, «Тіл өнері» шығармашылық лаборатория енгізілді.

«Павлодар облысының суретшілері» – Библиографиялық көрсеткіш 1995 ж. шықты. Павлодар облысының белгілі суретшілер туралы мәліметтер және әдебиеттер тізімі берілген. Облыстық көркемсурет мұражайының материалдары пайдаланылды.

«Павлодар өңірінің ақын-жыраулары» – Библиографиялық көрсеткіш 2004 ж. шықты. Павлодар облысы ақындарының бай музыкалды мұрасы қысқа және нұсқа түрде, қазақ әні және ақындардың поэтикалық шығармашылығы тарихи-мәдени, әлеуметтік-психологиялық және музыка ретіндегі құбылыс көрсетілген. Библиографиялық анықтамалыққа Павлодар облысының белгілі ақындары: Бұқар-жырау, Көтеш Райымбекұлы, Жарылғапберді Жұмабайұлы, Естай Беркімбаев, Жаяу Мұса Байжанов, Құдайберген Әлсейітов және т.б. енді.

Пайдаланушы – Кітапхананың қызметіне сүйенетін жеке адам немесе мекеме. Көрме көруге келген адамдар, шараға қатысқандар, анықтама алғандар және т.б. адам кітапхананың пайдаланушысы болып саналады.

«Параграф» – ҚР заңы мемлекеттік және орыс тілінде құқықтық ДБ. Мазмұны: Қазақстанның заңдылық базасы, халықаралық құқық

құжаттары, түсініктер мен ұғымдар, құжаттар түрі, сөздіктер және ақпараттық анықтамалар. «Параграф» ДБ – кітапханада пайдаланушылардың сұрауымен көп пайдаланылады, 100 мыңнан аса құжаттар енгізілген.

Попугаева Зоя Николаевна – 1947 ж.т. Облыстық кітапханада 1971-2004 жж. жұмыс істеді. В. Воровской ат. Павлодар педагогикалық училищесін, Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1971), әл-Фараби ат. Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай, 1982) бітірген. 1971-1979 жж. – облыстық кітапхананың библиографы, 1979-1984 жж. – Павлодар қ. ОҚК кітап толықтыру бөлімінің кітапханашысы, 1984-1991 жж. – облыс кәсіподақ кеңесінің кітапханашысы, 1991-2004 жж. – облыстық кітапхананың әдіскері, 2004 жж. – мерзімді басылымдар оқу залының аға кітапханашысы. Біліктілікті арттыру бағдарламалары мен жобаларын құруға қатысты, жасөспірімдер мәселелерін басқарды. «Іскер этика» атты кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасын құрастырды. Облыс кәсіподақ кеңесінің, облыстық кітапхананың грамоталарымен марапатталған.

Практикум – Кітапханашылардың тәжірибелік оқу түрі. Жеке және топқа, жаңа келген жұмыскерлерге арналған, кітапханашы білімі жок

адамдарға ұйымдастырылады. Негізгі мақсаты – жаңа келген кітапханашыларды кітапхана жұмысымен таныстыру, кәсіби білім беру

Пусна Тамара Григорьевна (1938-1978) – Облыстық кітапханада 1957-1978 жж. жұмыс істеді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын, Н. Крупская ат. Ленинград мемлекеттік мәдениет институтының кітапхана факультетін (сырттай) бітірген. Кітапханашы-әдіскер, ғылыми-әдістемелік меңгерушісі болған. Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан, кәсіподақ комитетінің, «Білім» қоғамының мүшесі болған. ҚазКСРО мәдениет министрлігінің, облыс мәдениет басқармасының грамоталарымен марапатталған.

«Пушкин кітапханасы» мегажобасы – Д. Соростың қоры «Ашық қоғам» институты қаржыландыратын бағдарлама. Кітапханаларды жаңа басылымдармен мәдениеттану, экономика, философия және тағы басқа гуманитарлық пәні бойынша қамтамасыз етеді. 2000-2003 жж. облыстық кітапхана «Пушкин кітапханасы» атты мегажобаға қатысты. «Пушкин кітапханасы» мегажоба бойынша 2358 дана кітап алынды, жалпы сомасы 1077,1 мың. тенге.

Пікір-сайыс клубы – Облыстық кітапханада 2002 ж. жұмыс істейді. Мақсаты: тұлғаның дамуына, шығармашылық мүмкіндігінің ашылуына, жастардың белсенді өмір

позициясын қалыптастыруға және жұмыскердің еңбек нарығында бәсекелестік ептілігін, сұхбат мәдениетін дарытуға ықпал жасайды. Пікір-сайыс клубында «Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау», «Азамаматтық неке: келісу және қарсылық», «Қазақстанда өлім жазасын болдырмау», «Темекі жарнамасын тыйым салу» турнирлері өтті.

Пьесалар картотекасы – Мерзімді басылымдарда, жинақтарда берілген пьесалардың библиографиялық сипаттамасынан тұратын картотека. 1990 ж. бастап жүргізіледі. 1,0 мыңға жуық б.ж. бар Б. ж. алфавиттік ретпен орналасқан. Кітапхананың өнер бөлімі жүргізеді.

Р

«**Raritet**» – Сирек және бірегей басылымдарды жаңартудың, табудың, сақтаудың, және дәріптеудің жобасы. 1998 ж. бері іске асырылуда. Бағдарламаның мақсаты: әдебиет ескерткіштерін сақтау, құнды және сирек басылымдарға оқырмандардың қол жеткізуін қамтамасыз ету. Сирек кітаптар қоры 1819 ж. бүгінгі күнге дейінгі кітаптарды қамтыған. «**Raritet**» бағдарламасы бойынша қалалық оқушылар мен студенттерге жыл сайын сирек кітаптарға «С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана топтамасынан» атты шолу жасалады.

РАБИС – Республикалық Автоматтандырылған Кітапханалық ақп-

араттық жүйе. ҚР ҰК Компьютерлік орталығының програмистерімен USMARC халықаралық форматына және Кітапханадағы Мемлекеттік стандартқа сәйкестендіріліп өндірілді. 2000 ж. облыстық кітапханадағы АКАЖ бағдарламасының орнына алмастырылды. (Қараңыз «АКАЖ»).

РАБИС модульдері – Облыстық кітапханада РАБИС бағдарламасының 3 модулі орнатылған. Ол: «Каталогизатор», «Оқырмандарды тіркеу», «Іздеу-тапсырыс» модульдері. (Қараңыз сәйкес ұғымдарды).

«**Радосвет**» – 2011 ж. құрылған, орыс тілі мен мәдениетін сүюшілердің клубы оқырмандық және танымдық қызметті арттыру мақсатымен құрылды. Клуб міндеттері: көркемдік мәні жоғары шығармаларды насихаттау арқылы оқудың сапасы мен көлемін арттыру, әлемдік мәдениет жетістіктеріне қатыстыру. Серіктестері: Славян мәдени орталығы, Павлодар ЖОО оқытушылары, Оқушылар сарайының шығармашылық ұжымдары, кәсіподақтар.

Ракова Раиса Павловна – 1948 ж.т. Облыстық кітапханада 1994-2009 жж. жұмыс істеді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын, Шығыс-Сібір мемлекеттік мәдениет институтының кітапхана факультетін (Улан-Удэ қ., 1983) бітірген. 1970-1994 жж. Павлодар қаласының ОКЖ кітапханашысы, әдіскері,

ғылыми-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі, 1994-1998 жж. – облыстық кітапхананың балалармен жұмыс істеу бойынша директор орынбасары, 1998-2009 жж. – әкімшілік-шаруашылық жұмысы бойынша директор орынбасары. Көпшілік кітапханаларының жұмысын ұйымдастырған, балалар кітап оқу мәселесімен белсенді айналысқан, әдістемелік ұсыныстарды, құралдарды дайындаған. Ракова Р.П. Ак. Сәтбаев, 104 көшесіндегі кітапхана ғимараты қызметін ұйымдастыру бойынша үлкен жұмыс өткізген. ҚР Мәдениет министрлігінің, облыс, қала мәдениет басқармаларының, облыстық кітапхананың грамоталарымен марапатталған.

Рақымжанова Дана Сәрсембайқызы – 1980 ж.т. Облыстық кітапханада 2009 ж. жұмыс істейді. Б. Ахметов ат. Павлодар педагогикалық колледжін (2000), ПМПИ (2006), «Успех» оқу орталығының толық курстарын (2003) бітірді. 2001-2006 жж. – № 120 балабақшаның тәрбиешісі, 2008-2009 жж. – «Дарынды балаларға арналған музыкалық колледжі-музыкалық мектеп-интернаты кешені» ММ хатшысы, 2009 ж. облыстық кітапхананың хатшысы. Ис-қағаздарын екі тілде жүргізеді, облыстық мұрағатқа кітапхананың құжаттарын дайындаған, кітапхана басшының жұмысына, кездесулерге және кеңестерге қажет құжаттар мен материалдарды дайындайды.

Павлодар қаласының білім беру бөлімінің, облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Ретроенгізу – Кітапхана қорының электронды каталогына 1993 ж дейінгі басылымдарды енгізу. Ретроенгізумен кітапханадағы барлық бөлімдер айналысады. Жыл сайын «Кітаптар» ДБ 5,0 мыңнан астам кітаптың б.ж. толықтырылады.

Ретроконверсия – Дәстүрлі карточкалық каталогтарды сандық түрге аудару. Облыстық кітапханада карточкалық каталогтарды ретроконверсиялау жұмысы 2002 ж. басталды.

Родайкина Лариса Федоровна – 1944 ж.т. Облыстық кітапханада 1967-2005 жж. жұмыс істеген. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1967), әл-Фараби ат. Шымкент педагогикалық мәдениет институтының кітапхана факультетін бітірген. 1967-1969 жж. – абонемент бөлімінің кітапханашысы, 1969-1973 жж. – кітап толықтыру бөлімінің кітапханашысы, 1973-2005 жж. – кітап сақтау бөлімінің меңгерушісі. Каталогтар жүйесін құруына көп үлес қосқан. Облыс кітапхананың және Павлодар облысының кітап қорын ұйымдастыруына, сирек кітаптар коллекциясын қалыптастыруына қатысқан, қорды сақтауда үлкен жұмыс жүргізген. Көп жылдары кітапхана кәсіподақ комитетінің төрайымы болған.

«Еңбек ардагері» белгісімен, ҚазКСРО Мәдениет министрлігінің, облыс кәсіподақ кеңесінің, облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

«Русские писатели Казахстана» – Серия 2005 ж. басталды. Басылымның алғашқы шығарылымына Павлодар облысының үш орыс жазушылары А.С. Сорокин, А.Е. Новоселов, А.В. Некрасов туралы енгізілді. Олар туралы мәліметтер «Шекарадағы кездесулер» ЭК көрініс тапты.

Рыжко Е.В. – 1941-1943 жж. кітапхана директоры болған.

Рыспаева Бақытгүл Тілемісқызы – 1966 ж.т. Облыстық кітапханада 2011 ж. жұмыс істейді. Орталық Азия университетінің кітапхана факультетін (Алматы, 2007) бітірді. 1995-2009 жж. – А.С. Пушкин атындағы ОБК оқу залының бас кітапханашысы (Қостанай қ.), 2009-2010 жж. – Павлодар қаласының П. Васильев атындағы ОҚК қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы, меңгерушісі, 2011 ж. облыстық кітапхананың оқу залының кітапханашысы. Оқырмандарға қызмет көрсетіп, оқу залының қорын ретроконверсиялауға қатысады.

С

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы – 2008 ж. Павлодар облысының әкімі. Облыстың ауыл кітапханала-

рының жұмысына мән береді. Мәдени ошақтарды, оның ішінде кітапханаларды қалпына келтіруге және күрделі жөндеу жұмыстарына көп көңіл бөледі. Ауылдық кітапханалар қорын толықтыруға зор үлес қосты. Облыс басшыларының ішінде бірінші рет әкім ауылдық кітапханаларының көпшілігіне барды. Павлодар облысы әкімінің тапсырысы бойынша облыстық бюджеттен ауылдық кітапханалар қорын толықтыруға 30,0 млн теңге бөлініп, оған 31,4 дана кітаптар алынды, Жол картасы бойынша С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана ғимаратының фасадын жөндеуге 33,3 млн. теңге бөлінді. Б.А. Сағынтаевтың қолдауымен облыстық кітапхана ғимаратының фасады жаңа келбетті болып, қала орталығын безендірді.

Сайт – Қараңыз «Веб-сайт».

«Самал» қайта қалпына келтіру орталығы – Кітапхананың балалар бөлімі мүмкіндіктері шектеулі оқырман-балаларға арналған «Солнышко» бағдарламасы аясында «Самал» орталығымен белсенді серіктестікте жұмыс істейді. Іс-шараларды өткізу кезінде әдебиеттерді насихаттаудың белсенді түрлері қолданылады.

Санатова Балғын Жолдыбайқызы – 1987 ж.т. Облыстық кітапханада 2007 ж. жұмыс істейді. Жаяу Мұса ат. Ақсу колледжінің кітапхана бөлімін (2007) бітірді.

ПМПИ сырттай оқиды. 2007-2008 жж. – оқу залының кітапханашысы, 2008-2011 жж. – әдіскер, 2011 ж. – кітапханалық процестерді автоматтандыру бөлімінің кітапханашысы. «Павлодар Ертіс Өңірі» ЭК құруына қатысады, өлкетану құжаттарды сандық форматқа көшіруімен айналысады, облыс ОКЖ-не IT – технологияларын енгізуге әдістемелік материалдар дайындайды. «Павлодар Ертіс өңірінің электронды әдеби картасы» жобасының құрастырушылардың бірі.

Сандық форматқа көшіру – Баспа құжаттарды электронды жүйеге конверсиялау. Сандық көшірме сканер арқылы жасалып, CD-ROM-ға жазылады. Осы түрде оқырмандарға беріледі. Бұл бағытта облыстық кітапхана алғаш рет өзінің жұмысын 2006 ж. бастады. «Шекарада кездесулер» ресей-қазақстандық жоба шеңберінде 300-ден аса өлкетану кітаптар мен 500-ден аса мақалалар сандық форматқа көшірілді. Сонымен қатар, сирек кездесетін кітаптардың 100 данасының е-көшірмелері бар.

«Сарыарқа самалы» – Қазақ тіліндегі облыстық қоғамдық-саяси газет 1929 ж. жарық көреді. Облыстық кітапхананың ақпараттық серіктесі. Басылым беттерінде үнемі кітапхана қызметі туралы материалдар жарық көреді.

Сәрсекеева Роза Ғабденқызы (1965-1993) – Облыстық кітапха-

нада 1988-1993 жж. – жұмыс істеген. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1985), АММИ кітапхана факультетін бітірген. 1985-1988 жж. – С. Торайғыров ат. облыстық балалар кітапханасының кітапханашысы, 1988-1993 жж. – облыстық кітапхананың балалар бөлімінің аға кітапханашысы. Еңбеккорлықпен, балаларға деген сүйіспеншілікпен ерекшеленетін. Әріптестер мен оқырмандар арасында сыйлы да беделді болып саналатын.

Семинар – Біліктілікті жоғарылату үшін орындалатын топтық жұмыс, кітапхананың белсенді пайдаланатын жұмыс түрі. Кітапханалық қауымдастықтағы резонансқа ие болған семинарлар: «Жаңа ақпараттық қоғамның-жаңа кітапханасы. Үлгілік ауыл кітапханасы» (2003 ж.), «Кітапханалар – қоғамның дамуы мен еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің ресурстық орталығы» «Ауыл кітапханасы 2004-2006 жж.» арналған бағдарламаның нәтижесі» (2006 ж.), «Кітапхана – жергілікті қоғамдастыққа қол жеткізу орталығы ретінде» Ақсу ОКЖ-нің Қызылжар үлгілі кітапханасының базасы негізінде (2006 ж.), Астана қ. ҚРҰАК-ның мамандары, РИА «Инфомаркет», «Байланыс өндірісі» ЖШС-ның қатысуымен өткен «Павлодар аумағындағы ақпараттық кеңістіктегі кітапхана сайты» семинары (2007 ж.), «Кітапхана – қоғамдағы толеранттылықтың қалып-

тасуы» (2007 ж.), «Балалардың оқуы – қазіргі жағдайы және болашағы» (2008 ж.), «Облыс кітапханаларының деректер базасы қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологиялардың әсерлі жүзеге асатын факторы ретінде» (2008 ж.), «Ауылдық үлгілі кітапханаларының электронды ресурстары» Павлодар ауданы Набережное ауылының үлгілі кітапханасының базасы негізінде (2009 ж.), «Жаңа онжылдық – кітапханалар дамуының жаңа болашағы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Ақтоғай ауданы ОАК базасында (2010 ж.). «Павлодар облысы кітапханалары: жаңашыл даму үлгісі» (2010 ж., Астана қ., ҚР ҰАК).

Семинар-тренинг – Қызметкерлерді оқытудың интеграцияланған түрі, онда семинардың дәстүрлі түрімен қатар кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату элементтері және мәселелік оқытудың әдісі ретіндегі тренинг элементтері біріктірілген. Кітапхана тәжірибесінде кітапханаға жаңа технологияларды енгізу бойынша, қазіргі басқару принциптеріне (стратегиялық жоспарлау мен жобалау, қызметкерлерді басқару) үйрету бойынша семинар-тренингтер кең қолданысқа ие.

«Семья-надежнейшее благо» – ОӘФК балалар бөлімінің бағдарла-

масы. Бағдарлама ұраны: «Берік отбасы – мықты Қазақстан». Бағдарлама мақсаты: қазіргі отбасындағы кітап мәртебесін жоғарылату. Негізгі бағыттары: кітап арқылы әкелік және аналық ұрпақтардың байланысын және отбасылық дәстүрді нығайту; кітапхананың отбасылық оқу орталығы ретінде дамуы. Серіктестер: «Рауан» жасөспірімдік орталығы, Қолында кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар мүгедек әйелдер қоғамы. Бағдарламада: «Баланы кітап сүйуге баулы», «Қарапайым емес ақиқат» ертеңгілігі, «Жайлаудағы ақындық экспедиция» ойыны; ойын бағдарламалары: «Менің оқырман отбасым», «Мені тап», «Ең әдебиетшіл әке» байқауы, «Ата-аналар сауаттылығының мектебі».

Сервер – Жұмыс станцияларының барлық деректерін өзінде жинақтайтын және барлық желіні тұтастай басқаратын компьютер. Сервер автоматты тәртіпте жұмыс жасайды, мәліметтерді концентрациялаудың және желіні басқару функцияларын іске асырады. Сервер – желідегі ең үлкен және қуатты компьютер. Облыстық кітапхананың сервері кітапханалық үрдістерді автоматтандыру бөлімінде орналасқан.

«Сирек кітаптар» – ДБ 2009 ж. жүргізіледі. Облыстық кітапхана топтамасынан 500-ге жуық сирек және құнды басылымдардың б.ж. бар.

Сирек және құнды кітаптар – Облыстық кітапханасының сирек және құнды басылымдар қорын құрайтын кітаптары ерекше тарихи-мәдени және мемориалды мәнге ие. Сирек және ерекше құнды кітаптар қоры 1,3 мың баспа шығармалары еңгізілген. басылымдар: XIX ғ. аяғы мен XX ғ. (Қараңыз «Сирек кітаптар каталогы»).

Сирек кітаптар каталогы – Сирек және бағалы кітаптар каталогын құру бойынша жұмыс 1991 ж. басталды. Қазіргі уақытта каталогта 1,3 мың данадан аса қазақ және орыс тілдерінде басылымдар берілген. 2006 ж. «Облыстық кітапхана коллекциясынан» атты бес коллекциядан тұратын кітапша шықты: XIX ғ. соңы мен XX ғ. ортасындағы басылымдар; Қазақ тіліндегі баспасөз, Қазақстан туралы кітаптар; Факсимилді және репринтті басылымдар; Миниатюрлық кітаптар; Қолтаңбалы кітаптар.

«Соғыс. Кітап. Ұрпақ» патриоттық апталығы – Ұлы Жеңіс күніне арналып жыл сайын өтеді. Патриоттық тақырыпқа байланысты шараларды кіргізеді: «Батырлар жолымен, немесе соғыс ардагерлері арқашан есімізде» кітап көрмесі, «Прикоснись душою к подвигу» ерлік сабағы, «Есть в памяти мгновения войны» қызықты әңгіме сағаты, «Знай своих защитников» ашық сабақ және т.б.

«Соколкин Эрнест Дмитриевич» библиографиялық көрсеткіш –

Қараңыз «Облыс өлкетанушылары» сериясы.

«Сорос-Қазақстан» қоры – Сорос-Қазақстан қорының қызметі көптеген ғылыми экономикалық, мәдени өмірдің аймақтарын қамтиды. соның ішінде көпшілік кітапханалардағы кітапханалық автоматтандыру үрдістеріне, халыққа кітапханалық-ақпараттық қызметтерді кеңейтуге жәрдемдеседі. Облыстық кітапхана республикамызда алғашқылардың бірі болып жобаларды жасау бойынша гранттарды иеленуге сұраныс беруді бастады. 1997-1999 жж. кітапханаға «Сорос-Қазақстан» қорының және «Ашық қоғам» институтының гранттары бөлінді, олар «Ғаламтор. Электронды пошта», «Аймақтың үлгілі кітапханасы», «Жанашыр» жобаларын жүзеге асыруға бағытталды. Гранттар кітапханадағы компьютерлік парктің, локалді жүйенің, пайдаланушылардың Ғаламтор желісіне қол жеткізуінің, ЭК және Web-сайттың негізін қалады. Сорос-Қазақстан грантына А.С. Пушкин атындағы Омбы ҚҒК-на, Омбы қ. муниципалды кітапханалардың орталықтандырылған жүйесіне іссапар жүзеге асты.

«СӨС» – Клуб 2010 ж. «Жанашыр» жобасының аясында ашылды. Мақсаты: зейнеткерлердің денсаулығын шынықтыру жолдарын үйрету, денсаулыққа байланысты газеттер, журналдар бет-

теріндегі мақалалармен таныстыру. Отырыстар ай сайын әр түрлі тақырыптарда өткізіледі: «Психологическое мышление и здоровье», «Очищение организма», «Мед и медолечение», «Культура эмоций», «Тренировка иммунитета» және т.б. Серіктестері: СӨС қалыптастыру орталығы, «Көмек» фитоорталығы, «Наринэ» компаниясының өкілдері және т.б.

Статистикалық есеп пен бақылау секторы – Оқырмандардың тіркелуі мен есепке алуын жүзеге асыратын кітапхананың құрылымдық бөлімшесі. Сектор қызметкерлері оқырман билетін хаттайды, пайдалану ережесімен және кітапхана ресурстарымен таныстырады, қызмет көрсетудің статистикалық есебін жүргізеді, оқу жайларына кіргенде және шығар кезде бақылау жүргізеді.

Стратегиялық жоспарлау – Кітапхананың мақсатты жаңашыл дамуы. Стратегиялық жоспарлау кітапхананың ұзақ мерзімді дамуын қамтиды.

«Сценарийлер» – ДБ 2009 ж. жүргізіледі. Көпшілік іс-шаралардың сценарийлері, даярламалар топтастырылған.

Сыйлау – Кітапханаға жеке тұлғалардың, мекемелердің немесе басқа кітапханалардың құжаттарды ақысыз беруі. Сыйлық облыстық кітапхана қорын толықтыратын қосымша көз. Мысалы, 2011 ж. сыйлыққа 800 дана алынды.

Съезд – Қоғамдық топтардың немесе халық топтары өкілдерінің жиналысы. Қазақстандағы кітапхана қызметкерлерінің I съезі 1960 ж. Алматы қ. өтті. «XXI ғасыр кітапханалары» атты кітапханашылардың Алматы қ. өткен II съезіне 1998 ж. директор М.А. Жиенбаева, ғылыми-әдістемелік бөлім меңгерушісі Н.И. Бондаренко қатысты.

Сергеева Тамара Семеновна – 1936 ж.т. Облыстық кітапханада 1988-2006 жж. жұмыс істеген. Бухгалтерлік мектеп бітірген (1969). 1988 ж. облыстық кітапхананың әкімшілік-шаруашылық жұмысы бойынша директор орынбасары. Кітапхананың техникалық қызметтерінің жұмысын қамтамасыз етті, кітапхананың ғимаратын ұстауда жауапкершілікпен қарады Ерең еңбекқорлығымен ерекшеленетін. Кітапхана қызметкерлер арасында сыйлы болатын. Облыстық кітапхананың грамоталарымен марапатталған.

Серимова Маргарита Шайзадақызы – 1970 ж.т. Облыстық кітапханада 2011 ж. жұмыс істейді. Новосібір облыстық мәдениет училищесінің кітапхана бөлімін (1991) бітірген. 1991-1992 жж. – «Электросигнал» АҚ кітапханасының абонемент бөлімінің меңгерушісі 1992-1996 жж. – мәдени-спорт орталығының кітапханашысы, 1996-1998 жж. – «СПЭЛ» ЖАҚ кітапханашысы (Новосібір қ.), 1998-

2009 жж. – Успен ауданының Ольгинка, Тимирязевка орта мектептерінің кітапханашысы, 2011 ж. облыстық кітапхананың ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы. «Мақалалар» ДБ, «Наш очаг», «Фиалочка» клубтарының жұмысын жүргізеді.

Скульская Татьяна Юрьевна – 1985 ж.т. Облыстық кітапханада 2008 ж. жұмыс істейді. ПМПИ-дің филология факультетін (2008) бітірді. Челябинск мемлекеттік мәдениет және өнер академиясының магистранты. 2008 ж. абонент бөлімінің кітапханашысы. Жасөспірімдер кафедрасының жұмысын ұйымдастырады. «Айтолқын» клубының жұмысын жүргізіп, оқырман қыздардың арасында салауатты өмір салтын насихаттайды. Оқитын жастардың оқу қызығушыларын жақсы біледі, жасөспірім оқырмандардың сұраныстарын қалыптастырады. «Қаладағы демалыс» жазғы жобасының іске асырушылардың бірі, «Жанашыр» бағдарламасының белсенді қатысушысы. Бөлім қорын ретроконверсияла, өлкетану басылымдарын сандық форматқа көшіруге қатысады. Кітапхананың кәсіподақ комитетінің мүшесі.

Смағұлова Гүлжанат Талғатқызы – 1982 ж.т. Облыстық кітапханада 2011 ж. жұмыс істейді. ҚазМҚУ (2003), ПМПИ-нің тарих факультетін (2006) бітірді. 2003-

2007 жж. – Ақтоғай аудандық сотының бас маманы, 2007-2011 жж. – Комитет Басқармасының құқық статистикасы және арнайы есептер маманы. 2011 ж. – облыстық кітапхананың библиографы. «Мақалалар» ДБ, «Павлодар Ертіс Өңірі» толық мәтінді ДБ жүргізеді. «Әділет» орталығының пайдаланушыларын құқықтық сұрақтары бойынша кеңестер береді.

Смағұлова Сауле Қайроллақызы – 1956 ж.т. Облыстық кітапханада 1978 ж. жұмыс істейді. Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтының кітапхана факультетін (1978) бітірді. 1973-1974 жж. – Павлодар ауданының Пресновка ауылдық кітапхананың кітапханашысы, 1978-1988 жж. – облыстық кітапхана әдіскері, 1988-1997 жж. – кітап өңдеу бөлімінің кітапханашысы, 1997-2005 жж. – әдіскер, 2005 ж. кітап сақтау бөлімінің кітапханашысы. Облыс кітапханаларында қазақ тіліндегі әдебиеттерді насихаттауды ұйымдастыру мәселерімен айналысқан, облыстық кеңестерде, семинарларда осы сұрақтар бойынша баяндамалар жасады. Қазақ тілінде 10-ға жуық басылымдарды дайындады: «Қ. Ыдырысовқа 75 жыл», «М. Әлімбаевқа 80 жыл», «Өлеңмен өріп өмірін», «С. Дөнентаевқа 110 жыл». Кітап сақтау бөлімінде қазақ тіліндегі қорды сақтауға жауапты, бөлім қорын жақсы біледі. «Сирек кітаптар» ДБ толықтырады, ретро-

конверсияда қатысады. Облыс мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталарымен марапатталды.

Сүлеева Ғайнилжамал Зейноллақызы – 1954 ж.т. Облыстық кітапханада 2008 ж. жұмыс істейді. Қарағанды политехникалық институтын (1977) бітірді. 1981-1991 жж. – Екібастұз ауданы Ақкөл ауылдық кітапханасының кітапханашысы, 1991-1993 жж. – «Қазақ тілі» облыстық қоғамының аудармашысы, 1993-2001 жж. – Екібастұз қаласының ОҚК кітапханашысы, 2001-2003 жж. – Екібастұз қаласының № 33 орта мектебінің кітапханашысы, 2003-2008 жж. – П. Васильев ат. ОҚК кітапханашысы, 2008-2010 жж. – облыстық кітапхананың қазақ әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы, 2010 ж. бөлім меңгерушісі. Мемлекеттік тілді, қазақ жазушылары мен ақындардың шығармашылығын насихаттау барысында шаралар өткізеді, «Тіл өнері» халық университетінің жұмысын жүргізеді. «Мақалалар» ДБ қазақ тілінде б.ж. еңгізеді. Павлодар, Екібастұз қ. мәдениет бөлімдерінің грамоталарымен, облыстық кітапхананың алғыс хаттарымен марапатталды.

Сүлейменова Әсел Жомартқызы – 1986 ж.т. Облыстық кітапханада 2008 ж. жұмыс істейді. С. Торайғыров атындағы ПМУ университетінің кітапхана факультетін (2008) бітірді. 2008 ж. – П. Ва-

сильев ат. ОҚК әдіскері, 2008 ж. қараша айынан облыстық кітапхананың мерзімді басылымдар оқу залының кітапханашысы. Оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандырады, ақпараттық мәдениетті меңгерулеріне көмек көрсетеді. Жаңа технологияларды, қазақ-орыс тілдерінде жетік біліп кітапханалық тәжірибесінде белсенді іске асырады. Жалпы кітапханалық шараларға қатысады. Қазақ әдебиетін, қазақ әдебиетінің классиктер шығармашылығын жақсы біледі, мемлекеттік тілді насихаттауда көп жұмыс істейді. Астана қ. өткен Жас кітапханашылар слетының қатысушысы. Облыстық кітапхананың, қалалық кітапхананың алғыс хаттарымен марапатталды.

Т

Тақырыптық жоспар – Баспаның тақырыптық жоспары: кітап басылымына библиографиялық сипаттама, аңдатпа, жарыққа шыққан шығарылымы, таралымы. Басылымының түрі және аудиториясы көрсетіледі, құжаттарды іріктеу кезеңінде кітапхана қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетеді. Қазіргі уақытта қорды толықтыру кезінде баспалардың прайс-парақшалары қолданылады.

Тақырыптық кеш – Белгілі бір тақырыпқа арналған көпшілік шаралар, бір кештің аясында нақты

бағдарлама бойынша құрылады. Облыстық кітапханада жыл сайын екі тілде 200-ден аса шара өтеді.

Толық мәтінді ДБ – Құжаттардың толық мәтінді деректер базасы. Толық мәтінді «Павлодар Ертіс Өңірі» ДБ көрсетілген (Қараңыз «Павлодар Ертіс Өңірі» ДБ).

Торайғыров Сұлтанмахмұт (1893-1920) – Қазақтың көрнекті демократ ақыны. С. Торайғыровтың шығармашылығы азаттықты аңсау Ақынның болашақ әдеби мұраға ұмтылуы адамгершілік, Отанға деген сүйіспеншілік идеясын оятады. Ақындық шығармашылығы, өмірге құштарлығы адамның адамгершілік идеясын көрсетеді. 1996 ж. облыстық кітапханаға С. Торайғыров есімі берілді. Үш облыстық кітапхана біріккенге дейін (1988 ж.) облыстық балалар кітапханасы Торайғыров есімімен аталды.

Тренинг – Қараңыз «Семинар-тренинг».

Тумашев А. – Павлодарлық көпес. 1948 ж. кітапханаға Луначарский көшесіндегі бұрынғы көпес Тумашевтың үйі берілді, XIX ғ. соңында салынған. 1954 ж. – оқу залының жанынан қайта құрылыс жүрді. Қазір бұл ғимаратта облыстық кітапхананың балалар бөлімі орналасқан.

Түркі тілдес халықтарының жазбалары апталығы – 2010 ж. сәуір айынан бастап жыл сайын Павлодар облысының тілдерді дамыту

жөніндегі басқарманың көмегімен, Павлодар облысының Қазақстан халқының ассамблеясы этномәдени бірлестіктің қатысуымен өткізіледі. Шараның мақсаты – мәдени кеністікте түркі тілдерінің бірлігін насихаттау. Түркі халықтарының жазу апталығына қатысушылар: білім және мәдениет өкілдері, мұражай мен кітапхана мамандары, студенттер, оқушылар.

Тұсау кесер – Жаңа кітаптар, газеттер, мерзімді басылымдар, бейнебағдарламалар, кітапханалық көрмелер, стендтар және т.б. ақпараттық өнімдер көрсетіледі. Облыстық кітапхана жаңа кітаптарға, жергілікті ақындар мен жазушылардың, суретшілердің, фотографтардың жұмыстарына, көрсеткіштерге, күнтізбелерге, әдістемелік құралдарға, электронды басылымдарға тұсау кесерлер өткізеді

«Тіл өнері» халық университеті – 1997 ж. қазақ әдебиеттер бөлімінің жанынан ашылды. Міндеттері: оқу мәдениетіне тәрбиелеу, тілді үйретуге ат салысу, қажетті әдебиеттерді іріктеуге көмектесу, оқуға деген қызығушылықты арттыру. Университеттің серіктестері: тілдерді дамыту жөніндегі облыстық басқарма, «Қазақ тілі» облыстық қоғамы, қаланың ЖОО, «Шаһар», «Ертісдидары», «Ұстаздар газеті» қалалық газеттері. Университетте жыл сайын облыста

ғы тілтанушылар мен әдебиеттанушылар лекциялар жүргізеді, тіл мәселесі жөнінде дөңгелек үстелдер, танымал ақын-жазушыларға арналған әдеби кештер, жергілікті авторлардың кітаптарына тұсау кесерлер, аудармашылар арасында, өзге ұлт өкілдері жастарының арасында қазақ, орыс, ағылшын тілдері біліміне байланысты қалалық және облыстық байқаулар өткізіледі.

«Тілтаным» ресурстық орталық – «Тілтаным» қазақ тілін үйрену мен дамыту ресурстық орталығы 2006 ж. ашылды. Серіктестері: облыстық тілдерді дамыту басқармасы, «Қазақ тілі» облыстық қоғамы. Орталықтың міндеттері: мемлекеттік тілде іс жүргізуді үйренуге және оны енгізуге қосымша жағдай жасау. «Тілтаным» жобасының аясында қазақ тілін үйрену жөніндегі оқыту бағдарламасы бар – 15 АЖО; электронды сөздіктер, анықтама-лықтар, мемлекеттік тілде іс жүргізу құжаттары. Ресурстық орталық азаматтардың ақпараттық технология арқылы тіл үйрену мүмкіндіктерін кеңейтті. «Тілдер үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру аясында Орталықта ағылшын тілін үйренуге, орыс тілін дамытуға мүмкіндік жасалған.

«Тілдер үштұғырлығы» мәдени жобасы – Қараңыз «Тілтаным» Ресурстық орталығы».

Тілегенова Сауле Назарбайқызы (1969-2011) – Облыстық кітапханада 1993-2011 жж. жұміс істеді. Қазақ

мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтының кітапхана факультетін бітірген (1993). 1993-1994 жж. – ауыл шаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы, 2001-2007 жж. – библиограф, 2007-2010 жж. – ауылшаруашылық және техникалық әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі. Ауыл шаруашылық мамандарына кітапханалық қызмет көрсету жұмысымен айналысқан, ақпарат күндерін, мамандар күндерін өткізген. «Наш очаг», «Фиалочка» клубтарының жұмысын жүргізді. Б.ж еңгізумен, ДБ толықтырумен айналысты, кітапханада өткізілетін барлық шараларда белсенді қатысты. Кітапхана оқырмандары және әріптестері білімпаз, өз жұмысының білгірі, мейірімді кітапханашы ретінде есте қалды. Әріптестер арасында сыйлы да беделді болып саналатын. Облыстық кітапхананың грамотасымен марапатталған.

Трухачева Галина Алексеевна – 1958 ж.т. Облыстық кітапханада 1992 ж. жұмыс істейді. Павлодар есептік-экономикалық техникумды (1979) бітірді. 1979-1992 жж. – облыс мәдениет басқармасының аға бухгалтері, 1992 ж. – облыстық кітапхананың бас бухгалтері. Үздік маман, жоғары деңгейлі кәсіби маман, бухгалтерлік ісін өте жақсы біледі. Бухгалтерлік есепті және бақылауды уақытында және жедел жүргізеді. Облыстық кітапхананың қаржылық сұрақтарын шешуде, бюджет

жетті жоспарлауда белсенді қатысады. Облыс ОКЖ-нің бухгалтерлеріне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді. Облыс мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

У

Уездік кітапхана – 1896 ж. облыстық кітапхана уездік болды. Сол жылдары уездік кітапхананың қоры 5475 дана кітап пен журналдан құралды. Қалалық бюджет тапшылығынан кітапхананың жаңа кітаптарға деген сұранысын қамтамасыз ете алмады. Бірақ, «оқу-тәрбие жұмысы» бойынша мақала шығындарына, жыл сайын мерзімді басылымдарға 100 сом бөлінді. 1925 ж. басында Павлодар уездінде 92 мәдени ошақ жұмыс істеді, оның ішінде уездік орталық кітапхана; 6 аудандық кітапхана, 64 оқу үйі, 1 кинотеатр, 3 клуб, 16 халықтық үй, 1 театр бар. Сол жылдың соңында ликбез пункттері, қызыл бұрыштар, жылжымалы кітапханалар және басқаларды қосқанда мәдени-саяси – ағарту мекемелері 300-ге тарта болды. Оқу үйлерін ұйымдастыру кең тарап, олардың саны 114-ке дейін өсті. Оқу үйі стационарлы, көшпелі және жартылай көшпелі болып бөлінді. Облыстық оқу үйі уездік кітапханадан алынатын 30-40 данадан жылжымалы жинақтарды кең қолданды. Уездік кітапхананың ұсынысы бойынша әр басылымға

пікірлер жиналып, соның есебі бойынша жылжымалы кітапханалар әдебиеттермен толықтырылды.

Ү

Үйлестіру жұмыстары – «Үйлестіру» термині (латын сөзінен алғанда «бірге» және «реттеу») дегенді білдіреді. Басқарудың барлық процестерінің ажырамас бөлігі, бір ғана кітапхананың ғана емес, тәуелсіз кітапханалар жүйесінің қызметін жоғары деңгейде қамтамасыз етеді. Облыстық кітапханада қолданылған кітапханалық үйлестіру әдістерінің бірі: жұмыс жоспары, кітапханалар арасындағы әр түрлі үйлестіруші келісімдерді жасау, қажетті материалдармен, құжаттармен алмасу, кітапхана өкілдерінің конференцияларға, жиналыстарға үйлестіру органдарымен бірге жұмыстарына қатысу.

Үлгілік кітапхана – Қазіргі ақпаратты-мәдени көпфункционалды және ағартушы орталық. Үлгілі ауылдық кітапхана – бұл жаңартылған кітапхана компьютерлік техникамен жабдықталған, Ғаламторына қосылған және телефондандырылған. Бірінші үлгілі ауылдық кітапхана Павлодар обласында 2003 ж. пайда болды, ауылдық жерде Орлов ка ауылдық кітапханасы (Шарбақты ауданы) құрастырылып, жақсы дамыған. 2011 ж. 1 қаңтарына Павлодар облысында үлгілік кітапханалар 118, ауылдық жерлерде – 72.

Ф

Факсимильды және репринтты басылым – Кітапхана қорында факсимильды және репринтты басылымдардан сирек және бағалы кітаптардың 100 дана жуығы бар. Коллекциясында – полиграфиялық өнерлердің біртумасы, ежелгі орыс манускриптары, әлем өнерінің ескерткіштері, XIX ғ. орыс әдебиетіндегі факсимильды мен репринтты басылымдары енді.

Фактографиялық анықтама – Сұранысқа жауап беру (нақты мезгілді беру, саны, цитаталары, құбылысы, жағдайы, концепцияның шығуы, термин түсініктемесі және т.б.) Фактографиялық анықтама фактының сұранысын береді, бұл фактылар қайда бар екенін білдіреді. Жыл сайын кітапхана 50-ден аса фактографиялық анықтама жасайды.

Фактографиялық картотека – 1988 ж. жүргізіледі. АББ бөлімі жүргізді. Мазмұнына: уақиғалар, түсініктемелер, мезгілдер, қызықты адамдар туралы хабарлар, Гиннес кітабының рекордтары туралы кітап, статистикалық деректер кіреді. Барлық ақпарат мерзімді басылымдарынан алынған. 4,0 мың фактылар бар.

Фандрейзинг – Бұл кітапхананың қаражатын бюджетсіз қатыстыру.

Фатфуллина М.О. – 1943-1947 жж. кітапхана директоры болған.

«Фиалочка» клубы – Клуб 1999 ж. ауыл шаруашылығы мен техникалық әдебиет бөлімінде ұйымдас-тырылды. Бөлме гүлдерінің сүйо-шілерін біріктіреді, көбінесе уза-барлық фиалкаларды. Клуб төра-айымы – О.Г. Матвеева. Кездесулер ай сайын өтіп тұрады. Жыл сайын гүлдерді сату көрмесі «Весенний калейдоскоп» (2009); «Цветочная феерия» (2010), «Цветочные фанта-зии» (2011) өткізіліп отырады.

Флэш-моб – Алдын-ала жоспарлан-ған бұқаралық акция, жалпы адам-дар тобымен қоғамдық орындарда жиналады, алдын-ала сөйлесіп жа-салатын қозғалыс, және содан соң таралады. Флэш-мобтар «Бір ел– бір кітап» акциясында кітапханамен белсенді өткізілді. Ең үлкен флэш-моб 2008 ж. М. Әуезов «Қилы за-ман» атты романы бойынша ұйым-дастырылды.

Форум – (лат.) – бұқаралық, жина-лыс, съезд. Шаралар, кітапхананың қоғамдық форумы Қазақстанның Кітапханалық астанасында жыл сайын өтеді.

Фотокөрме – Кітапханада өтетін «Айна» көркем галереясының шара-сы. Негізгі мақсаты: жас және та-нымал фотографтардың шығарма-шылығымен танысу. Галереяның пайда болуынан бастап: көрмеде Б.З. Краснянский, Е.С. Завсигалова, А. Пархоменко, В. Бугаев, А. Шар, Г. Сергеев, Т. Гришина, Л. Перерва, А. Мусихина, А. Шевченко, «Ближ-

ний круг» және «Квадрат Высоцкого» шығармашылық топтарының жұмыстары көрсетілді.

Фисенко Мария Михайловна – 1934 ж.т. Облыстық кітапханада 1988-1991 жж. жұмыс істеді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын (1956) бітірді. Еңбек жолын Шарбақты ауданындағы Галкино ауылының балалар кітапханасында бастады. 1970-1988 жж. – С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапханасының кітапханашысы, библиографы, бас библиографы, 1988-1989 жж. – облыстық кітапхана балалар бөлімінің меңгерушісі. Анықтамалық-библиографиялық аппаратын ұйымдастыру, балалар арасында кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау жұмыстарымен айналысқан. Кәсіподақ комитетінің төрайымы болған. Еңбек ардагері. Оқырмандар және әріптестер арасында құрметті және беделді болып саналатын. «За освоение целинных и залежных земель» медалімен, құрмет грамоталарымен марапатталған.

Фридлин Евгений Анатольевич – 1974 ж.т. Облыстық кітапханада 1993 жылдан жұмыс істейді. «Графикалық дизайн» маманы бойынша Павлодар көркемсурет колледжін бітірген (2000). 1989-1990 жж. – қалалық киножүйесі бейнесалонының суретші-шрифтілеушісі, 1990-1993 жж. – «Колос» кинотеатрының суретшісі, 1993 жылдан – облыс-

тық кітапхананың суретшісі, аға суретшісі. ҚР суретшілер одағының мүшесі. «Жаңа есімдер» конкурсының лауреаты (1999). 2000 жылы Павлодар облысы әкімінің грантымен марапатталған. «Шабьт-2003» (Астана) халықаралық творчестволық жастар фестивалінің А. Исмаилов атындағы атаулы премиясымен марапатталған. Павлодар облыстық көркемсурет музейінде жылсайын өтетін М*АРТ жастар жобасының (2000-2006), 2003 ж. Баянауылда өткен халықаралық пленэрдің қатысушысы, АРТ-АВГУСТ 2006» (Павлодар) жас суретшілер пленэрінің тәлімгері және қатысушысы. «АРТ-Вильнюс» (2009) көрме-жәрмеңкесінің, қазақстандық суретшілерінің топталған көрмесінің (Кельн, 2009) қатысушысы. Жұмыстары Павлодарда, Алматыда, Семейде, Вильнюсте және Қазақстан, Ресей, Германия, Франция, Польша, Италия, США-да жеке-меншік коллекцияларында сақталған. Жеке көрмелері Павлодар, Алматы, Кельн, Дортмунд, Каунас, Клайпеда, Вильнюс, Келме (Литва) қалаларында өтті.

Ұ

Химатова Любовь Алиевна – 1952 ж.т. Облыстық кітапханада 1978-2010 жж. жұмыс істеді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумын, әл-Фараби ат. Шымкент педагогикалық мәдениет институтының

кітапхана факультетін бітірген (сырттай, 1983). Мәскеу, Алматы қ. мәдениет қызметкерлерінің деңгейін көтеру институттарында стажировка өткен. 1972-1978 жж. – Ертіс ОАК оқу залының меңгерушісі, 1978-2005 жж. – облыстық кітапхананың бас әдіскер-толықтырушысы, 2005-2010 жж. – кітап сақтау бөлімінің меңгерушісі. Облыс кітапханаларына кітап толықтыру мәселесі бойынша әдістемелік көмек көрсетті. «Инновации в библиотеке: стимулы и препятствия», «Изучение информационных запросов читателей зала научных работников», т.б. әлеуметтану зерттеулеріне қатысты. Оқырмандардың ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыру әдебиетті насихаттау, қорды сақтау бойынша үлкен жұмыс жүргізген. «Кітапхана» и «Кітапхана әлемі» журналдарында мақалалар жариялаған. «Сирек кітаптар» ДБ толықтыру, сирек және бағалы кітаптар каталогын шығару, кітап сақтау бөлімінің кітап қорын ретроконверсиялау, өлкетану басылымдарды цифрлеу жұмысында қатысқан. Облыс мәдениет басқармасының, облыс кітапхананың грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталған.

Хроника культурной жизни Павлодарской области – Дайджест түрінде 1980-ші ж. аяғында шыға бастады. 1990-шы ж. «Культурная жизнь Павлодарской области» атты

бюллетень түрінде шықты. «Факты библиотечной жизни Павлодарской области» атты экспресс-ақпарат бюллетені түрінде шықты. Қазір – Мәдениет саласының мәселелері жөнінде БАҚ-ғы жариялымдарының мониторингі.

Ц

Цифрлеу – Қараңыз «Сандық форматқа көшіру».

Цифрлі көрсеткіштер – Кітапхананың қызметін сипаттайтын цифрлі көрсеткіштер. Жыл сайын кітапхана 32,0 мың оқырмандарға қызмет көрсетеді, келім саны – 200,0 мыңнан астам, кітап беру саны – 1,0 млн. жуық құрайды.

Ч

Чернеева Галина Валентиновна (1963-2005) – Облыстық кітапханада 1988-2005 жж. жұмыс істеген. Ермак мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімін (1986) бітірген. 1986-1988 жж. – Ш. Уәлиханов атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы, 1988-2005 жж. – облыстық кітапхананың абонемент бөлімінің кітапханашысы, бас кітапханашысы. Облыстық кітапхананың абонемент бөлімінде жасөспірімдер кафедрасы жұмысын ұйымдастырған. Туған өлкенің тарихын сүйетіндерді жи-

нап жасөспірімдерге арналған «Өлкетану» клубын ашты. Кітапхана оқырмандары және келушілер есінде білімді, кәсіби маман, мейірімді кітапханашы, өз ісін білгірі болып сақталды. Әріптестер арасында сыйлы және беделді болып саналған. Облыстық кітапхананың грамоталарымен марапатталған.

Ш

Шайкенова Назым Ғизатқызы – 1951 ж.т. Облыстық кітапханада 1975 ж. жұмыс істейді. Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтының кітапхана факультетін бітірді. (1974). 1974-1975 жж. – Семей қаласының балалар кітапханасының кітапханашысы, 1975-1993 жж. – библиограф, аға библиограф, бас библиограф, 1993-2010 жж. – қазақ әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі, 2010 жылдан қазақ әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы. Облыстық кітапхананың дамуына көп үлес қосқан, кітапхананың қазақ тіліндегі кітап қорын толықтырумен айналысқан, БАҚ-да насихаттау жұмысын жүргізген. Н.Ғ. Шайкенованың өлкетануды насихаттауда, «Тіл өнері» халық университетін ұйымдастыруда көп еңбегі сіңген. Сонымен қатар жаңа кітаптардың тұсау кесерлері, ақын-жазушылардың, актерлер мен суретшілердің шығармашылық кештері, ғалымдардың, қоғам және мемлекет қайраткер-

лердің мерейтойлық кездесу кештерін ұйымдастырып өткізген. «Павлодар өңірінің ақын-жазушылары» (1984), «Павлодар облысында аталып өтілетін және еске алынатын күндер» (1976-1992), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (2003) және т.б. библиографиялық көрсеткіштердің құрастырушысы. Кітапхана мәселелеріне арналған көптеген республикалық, облыстық семинарлардың қатысушысы. 1991 жылдан «Қазақ тілі» қоғамының басқармасының мүшесі, «Тіл өнері» халық университетінің ұйымдастырушысы болып саналады. Мемлекеттік тілдің белсенді насихаттаушысы, мемлекеттік тіл даму Президенттік қорының арнайы сертификатының иегері (2009). Енбек ардагері (1990), ҚР Мәдениет министрлігінің мәдениет, ақпарат, қоғамдық келісім Министрлігі мәдениет комитетінің Павлодар облысы әкімінің, қалалық маслихатының, облыс мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталары мен мадақтау қағаздарымен марапатталған. Есімі 2008 жылы ҚРҰАК сайтындағы «Кто есть кто в библиотеках Казахстана» ДБ, «Известные женщины Павлодарского Прииртышья» кітабына енгізілген.

Шакаримова Дәмеш Әлсайтқызы – 1958 ж.т. Облыстық кітапханада 1988-2006 жж. жұмыс істеді. Абай ат. Семей кітапханалық техникумды (1977), Н. Крупская ат. Ленинград мемлекеттік мәдениет

институтының кітапхана факультетін (1982) бітірген. 1982-1988 жж. – облыстық балалар кітапханасының библиографы, кітап толықтыру бөлімінің м.а., аға кітапханашысы, 1988-1993 жж. – облыстық кітапхананың АББ меңгерушісі, 1993-2006 гг. – әдіскер. Жоғары деңгейлі әдістемелік ұсыныстарды құрастырған. Облыс кітапханаларына консалтингтік қызметтер көрсеткен, С. Торайғыров ат. облыстық кітапхананың алғашқы сайты құрастырған. Кітапхананың 100 жылдығына кітапхананың шын тарихын және оның дамуын көрсеткен «Облыстық кітапханаға – 100 жыл» атты жолсілтеме дайындаған. Кітапханалық жұмысындағы әртүрлі аспектілері жайындағы ақпараттарды мерзімді басылымдар беттерінде тұрақты жариялаған. Орыс ақындардың творчествосы бойынша дайындаған әдістемелік ұсыныстары ресейлік кітапханалық сайыстарында жүлдегер болған. 1995 ж. «Үздік кітапханашы» атағын алған. Қызметіне жаңартушылық көзқарас үшін ҚР мәдениет министрлігінің, облыс мәдениет басқармасының, облыстық кітапхананың грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

Шаманина (Васильченко) Любовь Захаровна (1922-2011) – Облыстық кітапханада 1961-1965 жж. жұмыс істеген. В. Воровской ат. Павлодар педагогикалық училищесін,

